

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.Е. Өтепова, А.Е. Кәрімова

**ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАРЛАУДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

Павлодар
2019

ӘОК 340 (075)
КБК 67.3я7
О 82

Баспаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кенесінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігінде ұсынылған (Хаттама №2, 17.05.2019 ж.)

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті Ғылыми кеңесінің 2018 ж. 02.07-дегі №7 хаттамасымен ұсынылды.

Рецензенттер:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор – **Н.У. Шаяхметов**
Тарих ғылымдарының докторы, профессор – **Л.Қ. Жүсіпова**
PhD доктор – **А.М. Садықова**

О 82 **Өтепова Г.Е., Кәрімова А.Е. Қазақстанды отарлаудың құқықтық негіздері:** Оқу құралы. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – 211 б.

Оқу құралында патша өкіметінің Қазақстан жерінде Ресей империясының заңнамалық негізінде жүргізілген отарлау саясатының мәні көрсетілген, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тарихын зерделеу үшін заңнамалық құжаттардың мазмұны және рөлі айқындалған. Дәлелдеу базасы ретінде кең ауқымды заңнамалық дереккөздері пайдаланған, олардың кейбіреулері алғаш рет жарияланып отыр.

Оқу құралдың материалдарын тарих, мемлекет және құқық, деректану мәселелерімен, әсіресе, XVIII ғ. – XX ғ. басы бойынша Қазақстан тарихын Ресей империясының заңнамалық актілері арқылы танып-білу мен зерттеу үшін студенттер, магистранттар және басқа да мамандар пайдалануы мүмкін.

ISBN 978-601-267-182-7

© Г.Е. Өтепова, А.Е. Кәрімова, 2019.
© Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019.

Кіріспе

Бүгінгі таңда тарих ғылымында жаңа теоретикалық-концептуалды тәсілдерді қалыптастыру жүргізілуде, себебі, Қазақстанның жаңа заман кезеңі бойынша олардың қолданылуы қазақ өлкесінде жүргізілген отарлау саясатының тарихын ашып-көрсетуде көптеген мүмкіндіктер аша түседі. Ғалымдардың тарихи деректерге бет бұрыс жасауы кездейсоқ құбылыс емес, себебі деректер арқылы тарихи болмысты эмоциясыз, бүркелемеусіз қалпына келтіруге мүмкін. Күні кешеге дейін деректерді зерттеу жүйесіз, үзінді сипатта болса, енді болмыстың өзі, оларды жүйелі және кешенді қолдануды талап етеді. Заңнамалық актілер шынайы тарихи болмысты қалпына келтіруге негізгі дәлел болып табылады, солар арқылы мемлекеттің жүргізген ресми саясатының мәнін ашып көрсетуге мүмкіндік туады.

Заңнамалық құжаттар Ресей империясына қосылған халықтарға қатысты патша өкіметінің мақсатты қызметінің өнімі болып табылады, олар орыс және қазақ қоғамының дамуы нәтижесінде өмірдегі белгілі тарихи жағдайлардың салдарынан туындады. Заңнамалық деректердің шығуының объективтілігін анықтау барысында олардың тарихи болмыспен байланысын көреміз және нақты қай жағдайда пайда болған себебін түсінуге мүмкіндік аламыз. Заңнамалық деректердің шығу объективтілігін анықтау барысында, олардың шынайы бір тарихи жағдайға байланысты пайда болғанын, шығу себептерін және қолданысын көреміз. Тарихымыздың бүкіл негізгі кезеңдері заңнамалық материалдар беттерінде көрініс тапқан: Қазақстанның Ресейге қосылуы, қосылғанда бастапқы кезеңдегі патша өкіметінің саясаты, әртүрлі әкімшілдік-территориялық реформаларының іске асырылуы, сот, салық жүйелерінің өзгерілуі, жер мәселесі, ресми биліктің қазақ ақсүйектеріне және шаруаларына деген көзқарасы, табиғи байлықтарды зерттеу және игеру, ақша-тауар қарым-қатынастарды дамыту және тағы басқалары. Патша өкіметінің саясаты өз жерлерін кеңейту, жаңа отарларды жаулап алу, сату нарығы және осыған байланысты Ресей мемлекетінің саяси бағыт-бағдары XVIII-XX ғғ. басындағы Қазақстан жеріндегі патшалық заңнамалар актілерін қабылдауға, енгізуге және жүзеге асыруға ықпал етті.

Жалпы, патша өкіметінің идеологиясы XVIII-XX ғғ. басындағы заңнамада айқын көрінісін тапты: заң алдында ешқандай теңдік болған жоқ. Абсолютизм кезеңінің құқығы үшін құжаттар сословиелік принципке негізделіп құрылуы заңды ақиқат болып табылды, яғни, бір жағынан, үстем таптардың сословиелік артықшылықтарынан құрылғандықтан, екінші жағынан, қарапайым халық пен бұратана халыққа

бағытталған шектеулерден тұрды. Жалпы, жаңа заман кезеңінің Ресей империясының заңнамалық деректеріне тән: олардың сан жағынан көбеюі; XIX ғ. ортасына қарай жеке бір құжаттың мазмұнының қарапайымдалынуы; заңнамалық актілердің әртүрлі түрлерінің көбеюі; қалыптасу кезінде басып шығарылуды және көбейтуін көздеуі, құжаттардың жақсы сақталуына ықпал етті. Абсолютизім кезіндегі заңнамалық құжаттардың басты ерекшелігі монархиялық топтың, яғни, жалпы үстемдік ететін таптардың мүддесін қорғау болып табылады.

Заңдар Ресей қоғамындағы барлық қоғамдық қатынастар түрін реттеп отырған, және жаулап алынған халықтарға байланысты белгілі бір саясатты қабылдауда маңызы зор болатын. Бірінші орында Ресей мемлекетінің пайдасы мен мүддесі, кейін билеуші топтардың жеке мүдделері тұрған. Қазақстанды қосып алуда, Ресейдің негізгі көздегені, жаңа алынған жерлерден пайда көру болатын. Бастысы, ол тек барлық мемлекеттік қызметтің негізгі бағыттарын айқындап қана қоймай, ұсақ мәселелерге де ден қойып отырған. Қазақстан жеріне қатысты түйткіл мәселелерді қарастыратын құжаттарды зерделеген сәтте патша өкіметі заң арқылы қазақ қоғамының барлық тұрмыс-тіршілігін қаншалықты бақылап-реттеуге тырысқаны таңғалдыратын жайт. Патша өкіметі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін бақылап қана қоймай, қазақтардың жеке өміріне қол сұғып, олардың қарапайым құқықтары мен еркіндігіне нұқсан келтірді.

Осы кезеңнің заңдылығының басты ерекшелігі, ол билеуші таптардың пайдасына басып шығарылды, яғни Ресей мемлекетінің, бірақ әрқашанда халықтың мүддесін көздейді деген сипатқа ие болатын. Заңда немесе белгілі бір баптарында ерекше тәсілмен тұжырымдау арқылы патша өкіметі құжаттың шынайы мәнін бүркемелеп, бір тезисті басқамен ауыстыруға тырысқан. Ол үшін заңның жеке баптары, ережелері бұлыңғыр, қарама-қайшы түсініктерге толы болып басылып шығарылатын. Аталмыш кезең патша заңнамаларының ерекшеліктерінің бірі, болжамды мақсаттармен заңның шынайы мазмұнының алшақтығы болып табылады. Барлық уақытта патша өкіметі заңнамалық актілерде халыққа деген қамқорлықты көрсетуге бағып тырысты, яғни, өз қоластындағы бодандықта болған халыққа жылы қабақ танытты.

Жаңа заман кезіндегі жарлықтардың көбінде заңды бұлжытпай орындауға көп көңіл бөлінген, және заңның кері күші жоқ екені туралы айтылған. Бұл ереже өзге елдерге қатысы болған жағдайда, қосып алған жерлердегі табиғи қазба байлықтарына қатысты болғанда, жер мәселелерін шешу және басқа да империяның қызығушылығын және пайдасын көздеген жағдайларда бұлжытпай орындалды. Қазақтың жерлеріне қатысы бар қабылданған құжаттарда қазақ халқының

камын жегендей кейіп танытқан, ал жалпы көздеген түпкі мақсаттары билік топтарының мүддесін қорғаумен шектеліп отырған.

Әрбір кез келген заңнамалық құжат заң дәрежесін алғанға дейін ұзақ жолдан өткен. Сондықтанда, ресми түрде санкциялаған заңнамалар кейде жергілікті жағдаймен сәйкес келмеген, керісінше, жергілікті салт-дәстүрмен және шарифат заңдарымен қарама-қайшылық теке-тіреске түскен жағдайлар орын алғаны мәлім. Сол себептен, Қазақстанға қатысы бар заңнамалардың мазмұны мен мәніне жергілікті әкімшілік және губернаторлардың әсері зор болған. Солардың айтуымен, яғни, ұсыныстар, баяндамалар, хаттар деп аталатын бүркемелі құжаттар негізінде «өлкедегі істердің шынайы» келбеті қалыптасып, кейін соның негізінде сол немесе басқа да заңдар қабылданып, бүкіл бір халықтың тағдыры шешіліп отырған. Патша өкіметінің ресми басылымдарында жария етілген заңнамалық құжаттардың мәтіндерін сараптай отырып, олардағы бүкіл ақпараттың самодержавиелік заманның рухына сәйкестігін және қалыптасқан таптың қорғанысына бағытталғанын, билеуші топтардың мүддесін алға тартып, ал езгінің астында қалған қазақ халқының құқықтарына қысым жасалғанын атап кеткеніміз жөн.

Ресей империясының заңнамалық актілерін сараптау негізінде Қазақстан тарихын зерделеуде олардың маңыздылығын, ерекшеліктерін анықтап, көрсетуге мүмкін етті. Әрине, қалыптасқан монархиялық таптың мүддесін қорғап және құқықтарын алға тартқан заңнамалық отарлау сипатта болғаны сөзсіз, себебі, ол адамның мүддесіне қарсы, антигуманды бағытта әзірленген құжаттар екені бірден көзге түседі. Қазақ қоғамының бүкіл тұрмыс-тіршілігін реттейтін заңдар, шын мәнінде қазақ халқын бодан етіп, тежелеуге, пайда көзі ретінде ғана қарастырғаны бұлжытпас дәйек екені сөзсіз. Аталмыш кезең бойынша Қазақстан тарихының кез келген сұрақтары заңнамалық деректерде көрініс тапқан. XVIII ғ. – XX ғ. басындағы Ресей империясының заңнамалық актілері Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделеуге таптырмас құнды дерек болып табылады. Қазақстанды отарлау тарихы бойынша бүкіл заңнамалық деректерді дерекнамалық талдау арқылы XVIII ғ. – XX ғ. басындағы мемлекетіміздің аумағында орын алған барлық оқиғалар мен фактілерге толыққанды сипаттама беруге мүмкін етеді.

Зерттеу барысында заңнамалық база кез-келген эмоцияларға орын бермейді, тек тарихи фактілерге сүйенуге ықпал етеді. Заңнамалық құжаттар жергілікті билік органдар туралы барынша толық ақпаратты алуға, олардың орталық мекемелермен байланысын, әкімшілік, сот, салық жүйесінің және басқа да сұрақтар бойынша сипаттама бере

алады. Заңнамалық материалдар патша өкіметінің аграрлық мәселелерге қатысты саясатын көруге, яғни, қазақ жерлерін құқықтық тұрғыдан біртіндеп жаулап алу қалай іске асырылғаны туралы, қазақ халқының рухани құлдық негіздерін ашып көрсетеді. Заңнама материалдары патша өкіметі саясатының дамуын, оның шынайы жоспарын түсінуге көмектеседі. Заңнамалық материалдарды зерделеу және сараптау өлкені отарлау қандай тәсілмен, не үшін жүзеге асырылғандығын көрсетеді, қазақ халқының бодандықтағы шынайы жағдайын аша түседі. Олар басқа да деректермен біріктіріліп қарастырылғанда, мемлекетіміздің өткендегі тарихына қатысты мәселелерді, сұрақтарды кешенді түрде зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді.

Аталмыш оқу құралында мол деректік база негізінде Қазақстан жерінде патша өкіметінің отарлау саясаты айқын көрсетілген. Мемлекетіміз Ресей империясы құрамында болған кезіндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық даму тарихына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін заңнамалық құжаттардың рөлі және маңызының зор екендігіне баса назар аударылған. Құралды жазу барысында патша өкіметінің әртүрлі ресми мерзімді басылымдарда жарық көрген заңнамалық актілер материалдары, Ресей және Қазақстанның тарихи мұрағаттарында сақталған құжаттарда, аталмыш мәселе бойынша зерттеу жүргізген Ресей және Қазақстандық ғалымдардың монографиялары мен еңбектеріндегі деректік материалдары пайдаланылды.

1-БӨЛІМ. ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Заңнамалық актілерді зерделеудің дереккөздер базасы қазіргі ғылыми және тарихи зерттеулермен ұсынылған, оның ішінде монография, мақала, жарияланымдар, тақырып бойынша диссертациялық зерттеулер болып табылады. Оқу құралын жазу барысында Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының мұрағат материалдары, сондай-ақ Ресей империясының заңдарының толық жинағына енгізілген заңнамалық актілері, Ресей империясының заңдар жинағы, Орынбор әскери губернаторы жария еткен Екатерина II және Павел I шығарған жарғылары, Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының материалдары, И.И. Крафттың еңбектері, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы мерзімді басылымдары пайдаланылды.

Заңнамалық актілерді зерттеу барысында деректердің негізгі көзі ретінде мұрағаттық материалдар негіз болды. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында келесі қорлар пайдаланылды: №4 – Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы, №6 – Орынбор генерал-губернаторының кеңсесі, №345 – Сібір қырғыздарының облыстық басқармасы, №338 – Омбы облыстық басқармасы, №374 – Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы, №64 – Дала генерал-губернаторының кеңсесі, №369 – Ақмола облыстық басқармасы, №370 – Орал облыстық басқармасы, №44 – Жетісу облыстық басқармасы, №85 – Маңғыстау приставствосының басқармасы, №25 – Торғай облыстық басқармасы, №370 – Орал облыстық басқармасы, №374 – Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы, №15 – Семей облыстық басқармасы. Аталмыш қорларда Қазақстанның әртүрлі облыстарындағы басқару құрылымы туралы, әртүрлі кезеңге жататын патша үкіметінің қаулылары, ережелердің жобалары мен материалдары, комиссия отырыстарының хаттамалары, нұсқаулықтар, мемлекеттік қызметкерлердің хат алмасуы, уездердің құрылуына қатысты жобалар, нотариалдық кеңселердің, аймақтық сметаларға қатысты және т.б. көптеген материалдар қамтылған. Атап айтқанда, аталған қорлардан 1824-1825 жж., 1829-1831 жж., 1854-1856 жж., 1857 ж., 1858 ж., 1861-1864 жж., 1865 ж., 1866 ж., 1867 ж., 1868 ж., 1870 ж., 1883-84 жж., 1905-1909 жж., 1911-1916 жж. жататын патшалық үкіметтің қаулылары қолданылды.

Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында келесі қорлармен жұмыс жүргізілді: №1433 – Сырдария шебінің бас қолбасшысының басқармасы, №1435 – Сырдария облысының әскери штабы, №1436 –

Жетісу облысының әскери штабы, №1441 – Жеке Орынбор корпусы, №1449 – Батыс-Сібір әскерінің штабы, №16 – Әскери коллегия кеңсесінің шетелдік экспедициясы, №1396 – Түркістан әскери округінің штабы. Аталмыш мұрағатта негізінен құпия сипатқа ие болған, Қазақ мемлекетінің әскери отарлануына байланысты көптеген өңделмеген материалдар сақталған. Атап айтқанда, бұл Қазақстан жерінде әскери бекіністер салу туралы, әскери министрмен және бекіністер салу мәселесіне және жаңа аумақтарды игеруге қатысты мекемемен хат алмасу, Азия департаментімен әртүрлі хат алмасу, Әскери қоныстардың Департаментімен және Сібір казак шебінің әскерінің Әскери басқармасымен, әскери губернаторлармен хат алмасу туралы құжаттар. Бұл қорларда әскери бөлімшелерге қатысты бұйрықтар, рапорттар мен хабарламалар, ұсыныстар мен жазбалар, ақпар мен хабарламалар, Қырғыз даласының, Сырдария, Жетісу шебінің әскери құрылымы туралы ережелер жобалары, Билеуші Сенаттың жарлықтары және т.б. мәліметтер сақталған. Атап айтқанда, бұл мұрағатта Қырғыз даласының және Сырдария облысының әскери құрылымы туралы ережесінің жобасы, жеке Орынбор корпусын басқару туралы ережесі анықталған болатын. Бұл мұрағаттық материалдар Қазақстанның әскери отарлану мәселелерін зерделеу және одан әрі зерттеу үшін өте құнды болып табылады.

Қазақстан тарихына қатысты көптеген материалдар Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат қорларында сақталған, олар бізге белгілі бір заңнамалық құжатты қабылдау тәртібін қадағалауға және түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыс барысында осы мұрағаттың келесі қорлары пайдаланылды: №1265 – I Сібір комитеті, №1265 – II Сібір комитеті, №1291 – Ішкі істер министрлігі, №1374 – Сенаттың генерал-прокуроры, №1263 – Министрлер комитеті, №1152, 1153, 1149 – Мемлекеттік кеңестің істері, №1341 – Сенаттың 1-ші департаменті, №1405 – Әділет министрлігі, №1281 – Министрлер кеңесі. Бұл қорларда зерттеу кезеңінің әртүрлі мәселелері бойынша патша үкіметінің заңнамалық актілері және олардың жобалары, Министрлер комитетінің, Министрлер кеңесінің, Сібір комитетінің журналдары бар. Атап айтқанда, жерді бөліп беру және қазақтардан жерді тартып алу, қазақтардың қалмақтармен және басқа да халықтармен қарым-қатынасы жайлы, ресейлік бодандықты қабылдау туралы құжаттар, қазақтарды жазалау үшін әскери топтарды жіберу, салықты енгізу және ұлғайту, сыртқы округтерді ашу, қазақтар арасындағы толқулар туралы, жергілікті халықтың арасында орыс тілі өрісін кеңейту және шоқындыру туралы, мектептер, шіркеулер ашуға қатысты жобалар, сондай-ақ әртүрлі жазбалар, циркулярлар, рапорттар, патша шенеуніктерінің көптеген патша

әкімшілігінің мекемелеріне жасалған есептері туралы құжаттар сақталған. Яғни, аталмыш құжаттар, заңнамалық акт заңды күшіне ену үшін ұзақ және күрделі жолдан өтетінің көрсетеді.

Омбы облысының мемлекеттік мұрағатының қорларында, №9 – Жалпы Омбы округтік басқармасы, №3 – Батыс Сібірдің бас басқармасы, Қазақстан тарихына қатысты патша үкіметтің әртүрлі қаулылары қамтылған. Осы мұрағаттан Билеуші Сенаттың 1821-1824 жж., 1827-1828 жж., 1830-1831 жж., 1835 ж., 1838 ж., 1841 ж., 1847-1849 жж., 1851-1853 жж., 1862-1866 жж. қамтитын жарлықтар қолданылды.

Ресей империясының көптеген заңнамалық актілері, әсіресе құпия сипатқа ие болғандары, тек мұрағаттарда ғана табылды. Жалпы алғанда, зерттеу тақырыбымыз бойынша аталған мұрағаттық қорлардан барлығы 146 заңнамалық құжаттар алынды.

Келесі деректер топтамасы патша үкіметінің ресми түрде жариялаған заңнамалық материалдары болып табылады. Атап айтқанда, ТМД елдерінің барлық кітапханаларында бытыраңқы кездесетін Ресей империясының Толық заңдар жинағының барлық үш жарияланымдарының материалдары қолданылды. Мысалы, ҚР Ғылым академиясының кітапханасында бірінші басылымның 16 томы, екінші басылымның 23 және 29 томдары ғана сақталған, ҚР Ұлттық кітапханасында бірінші басылымның бірнеше томы, екінші басылымның 7, 9, 11, 14, 17, 19, 29, 32, 34, 37, 44, 47, 48, 49, 55 томдары, үшінші басылымның бірнеше томы. Тек, Ресейдің Мемлекеттік кітапханасында, Мәскеудегі Мемлекеттік тарихи-көпшілік кітапханасында, сондай-ақ, Санкт-Петербургтегі Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатындағы кітапханада РИ ТЗЖ көптеген томдары сақталған, бірақ, әртүрлі басылымдардан. РИ ТЗЖ жұмыс жасау барысында үлкен көмек Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы тарапынан көрсетілді, яғни, мұнда РИ ТЗЖ және РИ Заңдар жинағының бірсыпыра томдардың данасы сақталған екен. Толық заңдар жинағында 1649 жылдан бастап 1914 жылға дейін қоса алғанда заңнамалық құжаттар қамтылған, әрбір томында Қазақстан туралы материалдар кездеседі. Дегенмен, соңғы уақытқа дейін бұл басылым негізінен Ресей тарихын зерттеудің дерегі ретінде қарастырылған. Қазақстан тарихына қатысты бірінші құжат 1714 жылды көрсетеді, ал соңғысы – 1914 жылға тиесілі. Бүгінгі таңда авторлар РИ ТЗЖ-да жалпы екі мыңнан астам заңнамалық құжаттарды анықтады. Бұл зерттеуде казактарға қатысты заңдар ескерілген жоқ, өйткені мұндай құжаттар өте көп, олар жеке зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылуы әбден мүмкін.

Бұл жұмыстың дерегі ретінде Ресей империясы заңдарының жинағы (1906 ж. басылым) болды, оның электронды нұсқасын С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханасының қызметкерлері ұсынған. Электронды нұсқа ЮНЕСКО-ның тапсырысы бойынша жасалған және тек осы кітапханада қол жетімді. Заңдар жинағының баспа басылымымен жұмыс жасау қиындыққа түседі, себебі, бірде-бір кітапханада бұл жинақтың толық жиынтығы жоқ, бөлек томдары бар, бірақ олар әртүрлі басылымдарға жатады. Жинақтың 16 томының он томында Қазақстан туралы материалдар бар, яғни, бұл құжаттардың 60 пайызын құрайды, онда қазақ қоғамының өмірін реттейтін әкімшілік басқарудан бастап, ара шаруашылығын дамыту жайлы, су шаруашылығы құрылыстарын орнату, жылқы ұрлауға тыйым салу жайлы және т.б. мәліметтер кездеседі. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығында Ресей империясының заңдар жинағының бейресми басылымдары табылып, қолданылды, әсіресе, 1913 жылғы А.А. Добровольскийдің редакциялауымен және 1912 жылғы И.Д. Мордухай-Болтовскойдың редакциялауымен. А.С. Пушкин атындағы Омбы мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасында 1892 жылғы Г. Савичевтың редакциясымен шыққан Ресей империясының заңдар жинағының бейресми басылымы табылды.

Келесі дереккөздер тобын XIX ғасырдағы мұрағаттық материалдар негізінде жарияланған орыс зерттеушілерінің еңбектері құрайды. Қазақ қоғамының құрылымы мен тұрмысына қатысты мақалалар мен жазбалардың жинағы болып табылатын И. Крафттың «Из Киргизской старины» атты жұмысы дерек көзі ретінде пайдаланылды. Жұмыстың бірінші бөлімінде авторлармен Торғай облыстық басқармасының мұрағаттарынан табылған Екатерина II-нің белгісіз жарлықтары жарияланды. Осыған байланысты ол «Торғай облыстық басқармасының Мұрағат істерінде өткен жүзжылдықта Ресей державасына қосылған Орынбор өлкесіне қатысты көптеген қызықты құжаттар сақталғанын» жазады. Мысалы, Екатерина II атаулы Жарлығы, 1863 жылғы 8 сәуірде граф Воронцовқа «Қырғыз-қайсақтардың шетел көпестеріне жасаған қысымдары жайлы»; 1863 жылғы 2 тамыздағы Сыртқы істер алқасының атаулы Жарлығы «Қырғыз ханына өз малымен Жайық арқылы өтуге рұқсат етілуі туралы»; 1765 жылғы 9 наурыздағы Орынбор генерал-губернаторына атаулы Жарлығы «Илецк тұзы туралы»; 1765 жылғы 11 сәуірдегі Орынбор губернаторына атаулы Жарлығы «Қырғыз даласындағы асыл тастарды барлау және іздеу туралы»; 1765 жылдың 25 қарашасындағы князь Путятинге атаулы Жарлығы «Сіздің губернияңызда пошта жүру туралы»; 1766 жылғы 11 қыркүйектегі князь Путятинге атаулы Жарлығы «Былғары фабрикаларын көбейту

туралы, шикі терілерді шетелге шығаруға тыйым салу туралы»; 1770 жылғы 28 ақпандағы Орынбор губернаторы Рейнсдорпқа атаулы Жарлығы «Орынбор губерниясындағы бос жатқан жерлерді сипаттау және өлшеу туралы» және басқалар. Бұл заңнамалық материалдар Ресей империясының толық заңдар жинағында жарияланбады, сондықтан зерттеушіге үлкен қызығушылық тудырады. Жалпы, бұл жұмыста авторлар Екатерина II басқару кезеңіндегі біздің мемлекетіміздің тарихына қатысты 25-ке жуық заңнамалық дереккөздерін келтіреді.

И. Крафттың «Сборник узаконений о киргизах Степных областей» деген атпен шыққан тағы бір зерттеуі XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың соңына дейін Қазақстан аумағына қатысты заңнамалық құжаттарды жүйелеудің алғашқы талпыныстарының бірі болып табылады. Бұл жинақ: «Қырғыздардың орыс бодандығын қабылдауы» қысқаша тарихи очерк; «Дала облыстарын басқару туралы ереже» 1898 ж. бойынша түсініктеме және толықтырулармен; 1731-1896 жылдар аралығындағы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарының қазақтарына қатысты грамоталардың, жарлықтардың, ең жоғары Ережелердің мәнін қысқаша баяндай отырып, заңнамалық құжаттардың хронологиялық тізбесін қамтиды. Заңнамалық материалдарының көрсеткіші зерттеушіге жарияланбаған, танымал емес құжаттарды анықтауға және Қазақстан тарихы бойынша бар заңнамалық материалдарды жүйелеуге көмектеседі. Бұдан басқа, бұл жұмыста мынандай мәтіндер келтіріледі: «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ережелер; «Дала облыстарында басқару құрылысы туралы және Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің кейбір баптарын өзгерту туралы» Мемлекеттік Кеңестің пікірі; «Түркістан өлкесін басқару туралы» ережелер.

Жұмысты жазу кезінде дереккөз ретінде «Орынбор ғылыми мұрағаттық экспедициясының еңбектерінде» жарияланған Екатерина II және Павел I әскери губернаторларына құпия жарлықтары қолданылды. Бұл басылым патша заңнамалық құжаттарының тізімін құпия жарлықтармен толықтыруға мүмкіндік берді, олар РИ ТЗЖ-ға енгізілмеген. Жалпы алғанда бұл 17 құжатты құрады.

Жұмысты жазу барысында тарихи дереккөздердің келесі тобы ретінде отандық тарихшылар жинақтаған заңнамалық материалдарды қолдандық. Атап айтқанда: «Материалы по политической истории Казахстана» атты еңбектің 57 құжаты пайдаланылды, «Казахско-русские отношения в XVI - XVIII в.» атты жинағынан – 27 құжат, «Казахско-русские отношения в XVIII-XX в.» – 18, «История Казахстана (XVIII - начала XX в.)» атты құжаттар жинағынан – 12, «Из истории казахов» – 44, «История Букеевского ханства» – 11 құжат, «Казахстан

в составе России», «Революционное движение в Казахстане» және «Революция 1905-07 гг. в Казахстане» атты жұмыстардан 2 құжаттан, басқа дереккөздерден 1 құжаттан пайдаланылды.

Ұлттық кітапхананың сирек қорында сақталатын ережелер жобаларын, жазбаларды, ұсынымдарды, нұсқаулықтарды, патша өкіметінің басқару әкімшілігінің мемлекеттік шенеуніктерінің жеке жинақтарын арнайы дереккөздер тобына жатқызуға болады. Олардың арасында атап өткен жөн: «Жетісу және Сыр-Дария облыстарын басқару туралы ереже жобасы» (1867 ж.), «Дала облыстарын басқару туралы ереже жобасы» (1898 ж.), «Губерниялардағы және Азиялық Ресей облыстарындағы қоныс аудару ісі және жер құрылысы жөніндегі заңдар жинағы» (1909 ж.), «Түркістан өлкесінің, дала және Закаспий облыстарының сот реформасы туралы» (1899 ж.), «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже» (1911 ж.), «Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстарында шаруа басшылары туралы ереже» (1902 ж.), «Дала жағдайын қайта қарау үшін Жетісу облысының әскери губернаторы құрған комиссияның қорытынды отырысының журналы» (1891 ж.), «Дала генерал-губернаторлықтың басқару туралы ереженің жобасына ескертулер» (1885 ж.), «Қырғыздардың заңды әдет-ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдар» (1886 ж.), «Дала генерал-губернаторлығы құрамында Жетісу облысының басқару құрылымы туралы жазба» (1884 ж.), «Түркістан генерал-губернаторы И.М. Страловскийдің Түркістан облысын басқаруды өзгерту жайлы жазба хат» (1909 ж.), «Торғай облысының болыстық басқарушыларына, ауылдық старшиналарына және ауылдық съездеріне нұсқау» (1894 ж.), «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» (1893 ж.), «Түркістан өлкесінің ревизиясы бойынша есеп» (1910 ж.) және т.б. Осы сирек қорда Қазақстан тарихының жекелеген проблемаларын, атап айтқанда, қандай да бір заңнамалық құжаттарды қабылдау, талқылау және бекіту тарихы бойынша одан әрі зерттеу кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдың жеткілікті көлемі бар екенін атап өткіміз келеді.

Дереккөздердің дербес тобын революцияға дейінгі мерзімді баспасөз материалдары құрайды, онда заңдардың мәтіндері жарияланған, сондай-ақ белгілі бір заң жобалары бойынша қоғамның түрлі топтары өкілдерінің пікірлері, ұсыныстары айтылған мақалалар бар. Бұл «Русский вестник», «Сибирский сборник», «Туркестанские ведомости», «Киргизская степная газета», «Оренбургские губернские ведомости», «Семиреченские областные ведомости», «Акмолинские ведомости» атты газеттер. Революцияға дейінгі мерзімді басылымдар қазіргі уақытта өте сирек және құнды даналар болып табылады. Сондықтан олар негізінен ұлттық кітапхананың сирек қорында микро-

фильмдер түрінде, сондай-ақ ҚР ОММ жанындағы құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығында сақталады.

Жалпы атап кетуіміз тиіс, Қазақстан тарихы бойынша Ресей империясының заңнамалық дереккөздерін зерделеудің негізгі көздері РИ ТЗЖ-ның барлық үш басылымы және мұрағаттық материалдар болып табылады. Сонымен қатар, РИ ТЗЖ-ның материалдары бұған дейін фрагментті пайдаланылғанын атап өткен жөн, негізінен бұл қазақстандық басылымдарда жарияланған белгілі заңнамалық реформаларға қатысты.

Бақылау сұрақтары:

1. Заңнамалық материалдарды зерделеу бойынша қандай негізгі дереккөздерді атауға болады?

2. Неге И. Крафттың жұмыстары Қазақстан тарихы бойынша заңнамалық материалдарды зерделеудің дереккөздеріне жатады?

3. Патша үкіметінің қандай ресми басылымдарын атай аласыз?

4. Неге мұрағат қорлары заңнамалық материалдарды зерделеуде негізгі дереккөздері болып табылады?

5. Заңнамалық құжаттарды зерделеу бойынша мерзімді басылымдар дереккөз бола ала ма? Неліктен?

2-БӨЛІМ.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ОБЪЕКТИВТІЛІГІ

Әрбір тарихи дерек белгілі жағдайларда қалыптасып, уақыттың өнімі болып табылады және осы жағдайлардан тыс түсіну және түсіндіру мүмкін емес. Оның пайда болуы нақты тарихи себептерге байланысты және оның өз нақты мақсаты бар. Дерек көзінің пайда болуын түсіну үшін тарихи дәуірді, қоршаған ортаны, оның туындаған жағдайларын егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді. Бұл шындық, әсіресе, заңнамалық актілерге қолданылады, өйткені олар өзгерген мән-жайлар нәтижесінде билеуші топтардың қоғамдағы ресми әрекеттерін көрсетеді. Заңнама актілерді ашып түсіндіру барысында олардың көздеген мүдделерін, оларды құрастырған мекемелер мен тұлғаларды анықтау, оларды басып шығару барысында көзделген мақсаттарын міндетті түрде есепке алу керек. «Шынайылық жағдайында туындаған кез келген тарихи дерек бұл шынайылықпен тығыз байланыста, оны тарихи ортадан тыс элемент ретінде қарастыруға болмайды. Бірақ бұл байланыстар әсіресе заңнамалық актілерге қатысты анық көрінеді, мұнда шындықпен өзара байланыстың екі жағы анықталады: заңның пайда болу бастамалары мен оны жүзеге асыру нысаны. Патша бекіткен құқықтық нормалар заңның пайда болу мен бар болуын зерттеу үшін қызықты материал болып табылады [1, б.11].

Басқарушы топтардың мақсатты жұмысының материалдық өнімі ретінде заңнамалық дереккөзі орыс және қазақ қоғамының дамуының белгілі бір тарихи жағдайларымен, патшалық үкіметтің бұратана халықтарға қатысты қойған мақсаттары мен міндеттеріне сай өмірге келді. Ресей империясының XVIII ғ. – және XX ғасырдың басындағы белгілі бір тарихи жағдайға байланысты заңнамалық актілері осы шындықта саяси, мәдени, экономикалық, әлеуметтік, экономикалық жағдайға сәйкес анықталды және орнатылды.

Қазақстан тарихы XVIII ғасырдың ортасынан бастап Ресей мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты болды. Ал орыс-қазақ және қазақ-орыс қатынастарының дамуы одан да ұзақ тарихы бар. Әрине, мұндай жағдай біздің мемлекетіміздің бүкіл тарихына белгілі бір із қалдырды, кеңес кезеңіндегі оның даму ерекшеліктерін анықтады және қазіргі кезеңде өзі туралы білуге мүмкіндік береді.

XVIII ғасырдың бірінші онжылдығы Қазақстан тарихында ерекше ауыр болды. Орта Азияға барған Ресей елшісі ауғандар, хиуалықтар, парсылар, қазақтар, қырғыздар, қалмақтар арасында тұрақты соғыстар болып тұрғанын хабарлады. Ш. Уәлиханов бұл туралы былай деп

жазды: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ халқының өмірінде үрейлі уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар әр жақтан ойран салды, мал-мүлкін ұрлап, тұтқындарын тұтас отбасыларымен бірге алып кетеді» [2, б. 111]. Барлық жағынан жаулармен, ең алдымен, жоңғарлардан басылған қазақ мемлекеті бұл жағдайда одақтастар іздеуге мәжбүр болды. Осы кезеңде Қазақстан мен Ресей арасындағы елшіліктердің жиі алмасуы кездейсоқтық болған емес. Қазақстан Ресейдің шығысындағы сыртқы саяси бағытында стратегиялық маңызға ие болды. «Ресей ерте ме, кеш пе осы көшпелілерді Орталық Азияға сауда және саяси ықпал ету жолын ашу үшін бағындыру керек еді» [3, б. 20]. Ресей мемлекеті осы бағытта өз мемлекеттік шекараларын кеңейтуге қызығушылық танытты. Қазақстан – бұл тек қана мақсат емес, сонымен қатар Ресейдің шығыс саясатының жүзеге асырылу құралы болды.

Ресей империясының Қазақстанға қатысты экономикалық және әскери-саяси мүдделері бар екені бастапқы сәттен байқалатын болды. Орыс-қазақ қарым-қатынастарын дамытуда Ресей өз мүдделерін қорғап келді. Бұл келесі себептерге байланысты болды: 1) Орталық Азия елдерімен саяси және сауда-экономикалық байланыстарды орнату қажет болды (Қазақстан осыған байланысты аталған мемлекеттер мен Ресей арасындағы байланыс ретінде қаралды); 2) Ресей Каспий теңізінің жағалауындағы өз позицияларын нығайтуға ұмтылды және сол арқылы су жолдарын бақылайды (Ресей осы аймақта Англиямен бәсекелеседі және Қазақстанды аймақтағы тұрақтылыққа қол жеткізуге тырысып, өз жағына тартады); 3) Қазақстанның жерлері арқылы саудасаттық керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болды; 4) XVIII ғасырдың басында жоңғар шабуылдары Ресейдің шығыс шекаралары қауіпсіздігі өткір мәселесіне айналды; 5) Қазақстан жері империяны өнеркәсіп саланы дамытып, сату нарығы және арзан жұмыс күшінің көзі, жаңа табиғи ресурстардың көзі ретінде тартты.

Сонымен қатар, Ресейдің шығыс саясатындағы қазақстандық бағыттың маңыздылығы ресейлік қоғамның империяның ерекшелігіне негізделген халықаралық аренада өз мемлекетінің рөлін қайта қарастыруға деген талпынысымен нығайтылды. «Ресейдің империялық сана сезімінің негізі Рим империясы мен Византияның мұрагерлі екендігіне сенімді болғандықтан басқа халықтардың тағдырына араласу құқығы бар деп есептеген. Ортағасырлық ресми доктринамен толықтай келісілгендей, мемлекет билігі және билеуші монархтың даңқы оның бақылауындағы аумақтың өлшемімен және субъектілердің санымен анықталады және соңғы сатып алу – ұрыс алаңындағы жеңістің табиғи нәтижесі немесе дипломатиялық күрестің күрделі комбинациясы» [4,

б. 108-109]. Осы теорияның негізінде Ресей үкіметі барлық аумақтарды кеңейтуге тырысып, бүкіл әлемге өзінің саяси, экономикалық және әскери мүдделерін көрсететін ірі мегаполис бола отырып, жаңа отарларды қосылу арқылы өзінің халықаралық беделін арттыруға тырысты.

Л. Костенко өз жұмысында орыстардың Азияда ұстанған саясатына айқын және нақты баға берді, оның мәнін ашып көрсетті: «Зерделеу барысында Ресейдің азиялық құрлықта, яғни, алып Амур аймағынан бастап шамалы иеліктеріге дейін жаулап алу тарихынан көргеніміз, шабуылдың алғы-шарттары ретінде әрдайым және барлық жерде бұрын-соңды болмаған әдіс-тәсілдер, тәртіпсіздік, паракорлық, алауыздық пен шиеленіс тудыратын саясатты қолданғаны мәлім. Алдымен, жергілікті тұрғындармен сауда қарым-қатынас орнатылады; содан, болмашы түсініспеушіліктерді пайдалана отырып, соғысқа итермелейді; егер аталмыш себептер болмаған жағдайда, эмиссарлар арқылы жергілікті билеуші топтарға сыйлықтар ұсынады және арақ-шараппен тойдырып, амалсыз шараға жеткізеді, яғни, өз шарттарына көндіреді. Соғысқа, шабуылға негізгі себеп табу оңай болмаған еді, және орыстардың орасан империясы өздерінің қару-жарақ күшімен ғана емес, ең бастысы олардың азиялық саясаткерлерінің айлакерлік іс-әрекеттері арқасында жасалғаны мәлім. Орыстар, жоғарыда аталған қабілеттерінің арқасында, азиялық халықтардың хал-жағдайымен жақсы таныс болды, Британдық және басқа еуропалықтарға қарағанда, олар көршілес азиялық мемлекеттерде не болып жатқанын, жалпы барлық жағдайды жақсы білген. Өздерінің эмиссарларының қырағылығына байланысты және елшілерінің ынтасының арқасында петерборлық кабинет көрші елдегі ең жасырын оқиғалар туралы, жергілікті үкіметтің өзінен-ақ, жан-жақты көп нәрсені біліп отырды. Азияның әртүрлі аймақтарымен жете таныс болған мүшелерінің мәліметтерінен пайда көріп отырған Петерборгтегі арнайы қоғамынан бөлек, Ресей тыңшы ретінде орысша тәрбие алған қырғыз, бурят, черкес немесе моңғолды пайдаланды» [5, б. 2-3].

Осылайша, Ресей XVIII ғасырдың басынан бастап Қазақстан аумағын отарлау және жаулап алу үшін белсенді түрде дайындала бастады. Өз заманында I Петр Ресей бодандығына өткізу туралы ықыласын білдірді «ежелден білетін және сол заманда белгісіз қырғыз-қайсақ ордасы... Орда бодандыққа өтпейінше, шығындарға қарамастан тырысып, тым болмаса миллионға дейін шыдау, түбінде бір бет қағазбен Ресей империясының бодандығына кіру тиіс. Басқаша айтқанда бүкіл Азия елдері мен жерлері қақпа және кілт, Ресей империясының құрамына өту елімізге пайдалы» [3, б. 20].

Дегенмен, сол кезде Ресейдегі халықаралық жағдай жаңа жерлерді басып алуға көмектескен жоқ, ал әскерлер елдің ішкі бөлігіне жыл-

жыту үшін жеткіліксіз болды. Тарихи оқиғалардың одан әрі дамуы Қазақстан үшін пайдасыз болды. Тарих соңында біздің мемлекет тәуелсіздігімізді жоғалтып, Ресей империясының отаршыл шетіне айналуға мәжбүр болды.

Әбілқайыр ханның Анна Иоанновнаға Ресей бодандығын қабылдау туралы өтінішімен Қазақстандағы саяси жағдай күрт өзгерді және біздің мемлекетіміздің тарихындағы жаңа кезеңнің басы болды. Бұл тарихи фактілер бірқатар заңнамалық құжаттардың пайда болуына әкелді: Қырғыз-Қайсақ ордасының ақсақалдарына Әбілқайыр хан мен бүкіл әскерге берілген «Ресей азаматтығына қабылдау туралы» сый грамотасы [6]; қырғыз-қайсақ ханы Әбілқайырға «үлкен ордасын, сондай-ақ Арал ханын Ресейлік бодандығына өткізгені үшін,» үшін мақтау қағазы [7]; мемлекеттік кеңесші Иван Кириловтың жобасы бойынша ең жоғары қарар «Башқұрт азаматтары үшін және жаңадан бодандыққа келген қырғыз-қайсақ және қарақалпақ халқы үшін Ор өзенінің сағасында қаланы салу,...» [8]; Ор өзенінің сағасында қала салуға жіберілген статтық кеңесші Иван Кириловтың инструкциясы «Қала құрамы мен тұрғындары үшін жақын орналасқан елдерге қатысты қаулы» [9]; «Кіші жүз ханы Әбілқайырға, Орта жүз ханы Сәмекеге, Орта жүз және Ұлы жүздің батырларына үш грамота және бүкіл ордаға» [10, б. 14-15]; құпия кеңесші Татишевке атаулы «Ресейдің қырғыз-қайсақтармен сауда жасауды тарату туралы» [11]; Ұлы жүз ханы Жолбарысқа жоғары грамота «Үлкен орданың орыс бодандығына өтуі» [12, б. 7].

Қосылудың алғашқы күндерінен бастап патша үкіметі басты міндет қойып, Қазақстанның бүкіл аумағын дәйекті аннексиялауға және бағындыруға бағыт жасады. Кеңес дәуірінде Ресейге қосылу Ресейді қазақтарды жоңғарлардың құлдығынан құтқарды деген ұстанымда болған, бірақ тарихи фактілер басқаша көзқарасты көрсетеді. Ресей жоңғарларға қарсы соғыста болсын, Ақтабан шұбырынды кезінде болсын, кейінгі оқиғаларда да Қазақстанға көмектеспей күтіптосу позициясын ұстанды.

Қазақ мемлекеті Ресейдің оңтүстігіндегі табиғи шекара болды, ол жаулардың шабуылын тоқтатты. Сол кезде қазақ-қалмақ пен қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын реттеу мәселесі өткір болды, олардың арасында Ресей шекарасына тікелей жақын орналасқан жайылымдар үшін күрес болды. Сондықтан, Әбілқайыр ханды Ресей бодандығына қабылдаудың басты шарты – башқұрттар, қалмақтармен және ресейлік шекараны қорғайтын басқа да субъектілермен бейбітшілікті орнату және қазақтармен шекара қызметін жүзеге асыру. XVIII ғасырдың барлық дерлік құжаттары шекаралас жерлердегі қазақтардың басқын-

шылығы, қалмақтар, башқұрттар, қазақтар арасындағы қақтығыстарды реттеу туралы мәселені көтерді. Осы тарихи оқиғаларға байланысты патша билігінің автократиясының бірқатар заңнамалық актілері соғысушы тараптар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге тырысады. Осыған орай: «Қырғыз-қайсақтар мен қарақалпақтардың байқаусыз келуі мен шабуылы жайлы байқаулар» [17]; «Қырғыздардың шабуылынан сақтану туралы»; «Қырғыздар мен қарақалпақтарға шабуылдардың тоқталуы туралы Жайыққа жіберілген хат» [12, б. 4]; «Қырғыз-қайсақтар, қарақалпақтар мен қалмақтар тарапынан шабуылдардың тоқтатылуы туралы» [12, б. 4]; «Қырғыз-қайсақтар мен қарақалпақтардың тонаушылығын тоқтату турылы» [18, б. 5]; «Қырғыздар мен қалмақтардың татуласуы туралы» [12, б. 5] және т.б. құжаттарда айтылған. Осы заңнамалық құжаттардың пайда болуына көптеген дайындық материалдары келді. Мысалы, «Қырғыз-қайсақтардың қалмақтарға шабуылы» ісі [19], «Кіші Қырғыз ордадағы оқиғалар туралы ақпарат» [20], Министрлер комитетінің журналдарында «Хиулықтар мен қырғыздардың ішкі соғысы туралы» [21] және т.б.

1734 жылы жаңадан қосылған жерді қамтамасыз ету үшін арнайы Қырғыз-Қайсақ экспедициясы құрылды, содан кейін Орынбор болып өзгертілді, оны басқарған Сенаттың бас хатшысы И.К. Кириллов. 1737 жылы Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып ауыстырылды. Өз жұмысында А. Макшеев былай деп жазды: «Орынбор комиссиясына тапсырма – қырғыз-қайсақтардың азаматтығын нығайту. Ол үшін Кирилловке Кіші және Орта орда хандарына, Ұлы орданың басшыларына және Қарақалпақ ханнына хаттар жіберуге нұсқау берілді, оларды өздері және Ұлы және Орта ордасы атынан ант беруді талап етуге шақырды; қырғыз-қайсақтарды қолда ұстау үшін жағдайға байланысты сыйлықтар беру, немесе үрейде ұстау» [22, б. 103].

И. Кириловке берілген тапсырмаға сәйкес, ішкі сауда, барлау және аймақтың табиғи ресурстарын пайдалану мүмкіндігін дамыту қажеттілігі туралы айтылды. Атап айтқанда, құжатта: «Сырдария маңындағы тауға иелік ететін қырғыз-қайсақ және қарақалпақтар бар, олар қорғасын деп атайды, қорғасын алып, оқ-дәрілерді құйып алады, бірақ олар күмістің қорғасынмен бірге жүретінін білмейді, кем дегенде, күміс болмады, қорғасын пайдасы жеткілікті, себебі ол қымбат болмайды; орыстар Аралда кемелерді жүзуге жіберген жағдайда, бірнеше жүздеген мың пұт тұзды шығаруға қауқарлы болады ... Ішкі саудаға келетін болсақ, Ор өзені мен Арал маңындағы жаңа қалада көп ұзамай, көмір саудагерлерінің Ташкенттен, Түркістаннан және Ходжандтан орыс өнімдерін Бухараға сатып алуға байланысты, олар жаңадан айналады Бұхарлар, хивандар, үндістер, армяндар және басқа

да адамдар, егер олар тек лайықты артықшылықтарға ие болса ғана, әртүрлі қалалар мен жерлерден өмір сүру үшін саудагерлерден келеді және мүмкін, еуропалық шетелдіктер кетеді» [8]. Тағы бір құжатта ресейлік биліктің келешекте Қазақстанның табиғи ресурстарын пайдалануға деген ниеті туралы жазылған: «Алайда, металдар мен минералдарға байланысты, жақын жерлерде, башқұрт және қырғыз-қазақтарда табуға болады, бұл біздің мүдделерімізге қызығушылық туғызады. Адамдарға белгілі бір жасырын және жасырын емес, қайтадан іздестіріліп, жарияланып, бүкіл кендер мен минералдар сынға алынуы керек қалада зертхана жасау үшін, сондай-ақ үлгілердің қалауы бойынша адамдарға сүйіспеншілік пен марапат болғаны себеп болды мойындау керек ... Алтын, замартас, сұрамсақ бар екендігі белгілі, алыс жерлердегі кендер мен минералдар бұл жерлерде жақында кірмейді және қандай да бір түрін бермейді, бірақ ең алдымен сенімді адамдар керуенінде барлық жаңалықтарды жинау керек, сол жерлерді алудың ыңғайлы жолдары болады, бізге жазыңыз, бірақ алдын-ала дұрыс дайындалыңыз және қауіпсіз дайындыққа қол жеткізіңіз ... және саудаға ыңғайлы болу үшін сіз Қырғыз-қайсақтағы біздің жағынан Арал теңізіне пирстер жасауыңыз керек және сіздің кемелеріңізді қару-жарақпен алуыңыз керек және бұл теңіз шынымен иелік етеді...» [9].

Біртіндеп дала жеріне әрі қарай жылжу мен оны басып алуы үшін әскери тірек ретінде көзделген әскери бекіністер салу жалғасты. 40-50 жылдары. XVIII ғасырда Кіші жүздің аумағында келесі бекіністер салынды: Воздвиженная, Рассыльная, Ильинская, Таналыкская, Уразымская, Кизильская, Магнитная, Каракульская, Прутоярская, Нижнеозерная, Перегибенская, Усть-Уйская, Елшанская, Красногорская, Губерлинская, Новосергиевская, Горькая, Иртышская, Кольвановская, Ишимская, Орская және т.б. Осы саясаттың арқасында, Жайық сағасынан Өскемен бекінісіне дейінгі 3,5 мың верстке созылған негізінен казактар тұратын елді мекендер мен бекеттердің қатты желісі қалыптасты [23, б. 100]. Казактардың жергілікті тұрғындарға деген көзқарасы Сібір хабаршысы жарияланған мақалада айқын көрінеді. Онда былай делінген: «Ертіс шебінде бекіністер салу кезінде, әсіресе, тұзды көлдің маңында біріншісі салынған Ямышевская, қырғыздар бірнеше рет ресейліктерге шабуыл жасады; Алайда оларға әрдайым тойтарыс берілді. Ақырында олар Сібірдегі Ресей шекараларын толығымен босатып, Ертіс өзенінің сырт жағына шығып кетуі керек еді; бұл жерден тұрғындарға қырғыздар жасаған тонаушылық пен тыйым салынды. Бұл тыйымдарға қарамастан, кейде жылқы табынымен олар шекараға жақындап, абайсыздықтан тұрғындардың шөптерін өртеп жібереді, қоймалардағы тұрғындардың нандарын улап жіберетін, бұл

әдеттегідей қолайсыз ауа райы және қысқы уақытта жасалатын, себебі іздерін жасыруға тырысатын; бірақ ресейлік тараптан жіберілген әскери командалар дереу оларды сабырландырып, далаға қуып жіберді, ал ұрлық пен тонау үшін оларды дене жазасына тартты, нәтижесінде олар тынышталып Ертіс шебіне сирек жақындалатын болды» [24, б. 96-97]. Болашақта бекіністің құрылысы жалғасты, ең жақсы жерлерді таңдап, қазақтарды далалы аймаққа ығыстыра бастады. Бұдан басқа, Қазақстан аумағында үш казак әскері құрылды: Сібір, Орынбор және Орал, олар жермен және ерекше артықшылықтармен қамтамасыз етілді. Бұл фактілер патшалық үкімет басынан бастап топырақ пен әскери күштерді Қазақстан аумағын одан әрі жаулап алу үшін дайындағанын көрсетеді.

Бекіністер мен қорғаныс әскери желілерін салумен қатар, патша қарсылас күштерін әлсіретудің ұзаққа созылған тәсілін қолданады және жүргізеді – бұл аймақтың әртүрлі халықтарының арасында жеккөрушілікті тудырады және туғызады. «Ресейлік протекторатын қазақтардың формалды мойындауы Ресейге аймақтағы әскери-саяси жаулап алуларына құқықтық негіз берді. Қазақстандағы шоғырландырудың ең жақсы тәсілі ретінде колониалдық билік екі шараны қарастырды: Ресей-Қазақстан шекарасындағы бекіністерден әскери гарнизондармен күшейтілген шептерді салу және осы халықтардың кез-келген орыс антиресейлік әрекеттерін басу үшін қазақ-башқұрт-қалмақ қайшылықтарды қолдану» [25, б. 99]. Бұл идея сол уақытта патша қабылдайтын заңдарда айқын дәлелденген. Жоғарғы резолюцияда мемлекеттік кеңесші Иван Кирилов: «Бұрынғы уақыттан бастап қалмақтар мен башқұрттар Патша Мәртебелісінің бодандығын қабылдады, ал қазір үшінші халық-қырғыз-қайсақтар келді, олардың арасында көптеген келіспеушілік бар, келешекте бұл алауыздықты қолдап отыру керек, өткен жылы қалмақтар өздерінің хандарына қарсы көтеріліс жасаған кезде, өз қызметін орындаған Әбілхайыр хан өз әскерін Қалмақтардың бас билеушісі болып табылатын және Жайық пен Эмбі өзендері бойымен көшіп қонып жүрген Джоржи Назаровқа қарсы жіберіп, оларды талқандады. Сол уақыттан бері қалмақтар қырғыз-қайсақтарға өштері бар, ал егер қырғыз-қайсақтар наразылық көрсететін болса, оларға қарсы қалмақ пен башқұрттарды жіберу керек, олар осылайша бір-бірін тыныштатып, тіпті ресейлік әскерді жұмсау қажет емес» [8].

Патша үкіметі өзінің жаулап алу саясатында тек қарулы күштер мен отаршылдық әкімшілік аппараттарына ғана емес, қазақ феодалдық ақсүйектеріне де сүйенді. Қосылудың алғашқы кезеңінде патша үкіметі ресейлік әкімшілігімен ынтымақтасу үшін елеулі және ықпалды қазақтарды тарту идеясын қалыптастырды. Қазақ патшалығын өз

тараптарына тарту үшін, царизм қазақ қоғамында «бөлініп, жеңіп алу» қағидаты бойынша әрекет ететін өзінің артықшылықты позициясын мойындады. Әсіресе бұл саясат оккупацияланған аумақтардағы өздерінің саяси, экономикалық, әкімшілік және сот жүйесін енгізу және тарату үшін өз позицияларын нығайту үшін маңызды болды. Патшалық автократияның бұл саясаты тиісті заң актілерін әзірлеу мен қабылдаудың қажетті шарты болды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы басталғаннан кейін пайда болған алғашқы заңнамалық құжаттардың бірінде: «...Олардың шынайы бағыныштылығына, кейде қорқып, кейде біздің императорлық мейірімділікпен, егер олардың біреуі өздерінің уәдесін көтерместен қорыққандарын көріп, қызметке қатысты қызғаныштар болса, олар қандай қызмет көрсететін болса, марапаттайды» [9]. 1736 жылғы 11 ақпандағы жарлықта сондай-ақ дворяндарды қолдаудың барлық түрлерін ұсыну қажет екендігі туралы айтылады: «Егер осы жерлерден болашақта жазда Орынбордағы керуендермен немесе тұрғын үймен саудагерлер болады деп ойласаңыз, осындай адамдарға ие болғыңыз келіп, олардың пікірінше, ауылға алып кетуіңізге және оларға әртүрлі сүйіспеншілік пен рахат сыйлаңыз» [26].

Қосылудың бастапқы кезеңінде патшалық үкіметі өз тараптарына қазақтың ақсүйектерін тарту үшін бағалы сыйлықтар жасады, белгілі бір ақшалай қаражат бөлді, олармен келіссөздер жүргізді, тіпті оларды қаланың тапсырысымен құрды. 1764 жылы «Сібірлік кірістердің сомасын сібірлік желілерге келген қырғыздар мен басқа саудагерлерге сыйлықтыр» атты Сенат жарлығы шықты [27]. Осы құжатқа сәйкес Семей бекінісінде қазақтармен сауда жасау үшін 2000-нан 3000 рубльге дейін қаржы бөлінді. Сонымен қатар, елеулі қазақтардың көңілін көтеру үшін арнайы сома 1000 рубль болды: «...қырғыз-қайсақ және басқа да ақсүйектерді сіңіргенде, Сібірдің кірістерінен 1000 рубль анықталсын...» [27]. 1762 ж. 21 наурызда «Сұлтан Абылай қалған және ең атақты ақсақалдар үшін үй жай салу, сондай-ақ олардың малдарына сарай, және екі жыл оларға шөп дайындау» туралы шешім қабылданды. 1764 жылы Екатерина II-нің жасырын декретінде қазақтың ақсүйектерін көтермелеу үшін арнайы жылдық сома бөлінді: «Қырғыз-қайсақ шығыстары 6000 рубльге дейін алынады, ал өткен жылы сіз 27 қарашада Орынбор мен Қырғызстандағы Троиц қорғандарында 9140 руб. 90 коп. жұмсағаныңыздай көп жұмсадыңыз ...» [28, б. 27].

Империяның мүдделері қазақ қоғамының қолдауын қажет етті, ал заңнамалық актілер оған құқықтық негізін қалады. 1776 жылы патша өкіметінің қазақ ақсүйектеріне қатысты саясатын растайтын тағы бір

Сенат қаулысы шығарылды: «Тобыл губернаторына кеңсе қаржысынан зиялы қырғыз-қайсақтардың зиялыларына сыйлық үшін беру туралы» [29]. Онда былай деп жазылған «Тобыл губерниясының кеңсесі елге танымал қырғыз-қайсақ пен олардың қожайындарына, олардан қашып кеткен тұтқындар үшін сыйлық ретінде талап етіледі және Ресейдегі шекаралардан осы тұтқындарды жібереді ... азаматтық кірістерден 300 руб. жіберуге және сол шығындарын төлеуге жалғастыруда, қиындық туғызбайды» [29].

Қазақстандағы Ресей позициясын нығайған сайын патшаның жергілікті билік өкілдеріне қатысты саясаты да өзгереді. Бірте-бірте, патша үкіметі пара беру арқылы сатып алу ғана емес, сонымен қатар әкімшілік қызметке қазақ ақсүйектерін тағайындау арқылы өз жағына тарту сияқты әдістерді. Дегенмен, самодержавие саясатының мақсаты мен мәні өзгермеді – ақсүйектер арқылы Қазақстан аумағында өз саясатын бекіту. Қазақ ақсүйектерін қолдау және олармен одақтасу идеясы Қазақстан аумағында орын алған барлық өзгерістерде көрініс табады. «Көшпелі қоғам ресейлік әкімшілік және саяси жүйесінде әлеуметтік қолдау іздеуде қазақтардың әлеуметтік-саяси құрылымының жеке сілтемелер сіңіру үшін, заңнамалық органның оларды берілген қазақ аймақтағы Ресей империясының мақсаттары мен міндеттеріне қатысты жаңа функцияларды орындау үшін әскери және саяси күштерді күшейтілген». Ресейдің Қазақстандағы ұстанымы жақсарған сайын, патша өкіметінің жергілікті ақсүйектерге деген саясаты да жақсарады. Бірте-бірте патша үкіметі пара беріп, пайдалануды үшін ғана емес, қазақ ақсүйектерін әкімшілік қызметке тарту үшін де тырысады. Алайда самодержавие саясатының мақсаты мен мәні өзгеріссіз қалды. Яғни асылдықтың көмегімен қазақ жерінде өз саясатын жүргізу және қолдау көру.

Қазақстан аумағындағы Ресейдің позициялары күшейген сайын, әсіресе Жоңғар хандығының құлдырауынан кейін, қазақ қоғамының өміріне араласып, оның шынайы отарлық сипатын көрсете білді. Өңір басшылығын реформалаудың алғашқы әрекеттері XVIII ғасырдың соңында Орынбор облысының губернаторы О. Игельстром тарапынан орындалған. Бұл реформаның мәні - хан билігі институтын жою және Батыс Қазақстан аумағында Ресей үкіметін біртіндеп енгізу. Бұл патша жоспары Қазақстанды жаулап алудың және бағындырудың жалпы стратегиялық бағытындағы тағы бір тактикалық міндет болды.

1784 жылдың 2 мамырда жүздерді басқарудың жаңа мекемесі туралы II Екатеринаның жарлығы шықты: «Орынбордағы шекарадағы сотты құру туралы Кіші ордадағы тәртіпті қамтамасыз ету туралы» [31, б. 61-63]. Осы құжатқа сәйкес, Орынбор Ресей заңдарының негізінде

әрекет ететін шекаралық сотты ұйымдастыруға ұсынды. «Қырғыз-Қайсақ ордасында үш Расправа құру туралы» атты жарлыққа сәйкес бір жылдан кейін Кіші жүзде расправалар ашылды. Алайда, ұлт-азаттық қозғалысының өсуіне байланысты бұл реформалар жүзеге асырылмады. Ауыр мәселе туындаған басты мәселелердің бірі жер мәселесі болды. Кіші жүздің аумағында ішкі жағына Жайық пен Еділ арасындағы жерлерге өту мәселесі өткір болды: «Саяси тежеу саясатымен және тонаумен қатар ресейлік билік көшпелілердің дәстүрлі экономикалық жүйесін жою үшін барынша тырысты – бұл көші-қон бағыттары күшпен бұзылған кезде Оралдың ішкі жағына қарай көшпелі қозғалысқа толық тыйым салу ретінде көрінді» [4, б. 224]. Ресей өзінің ұстанымдарын нығайтып келе жатқандықтан, Ресей жаңа жерді талап етіп, оны жергілікті тұрғындардан алып, барлық құқықтарына қысым жасайды. Қосылудың алғашқы күнінен бастап заңнамалық актілер қазақтардың жерге қонуға бағытталған құқықтарын бұзуға кірісті.

XIX ғасырдың басында патша үкіметі барлық қажетті жағдайларды дайындап, Орыс басқару жүйесін енгізуге бағытталған Кіші және Орта жүздер аумағында жүйелі түрде әкімшілік-аумақтық реформаларды жүргізеді. Ресей саясаты қазақтармен өзара-қатынасының арқасында XIX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамының ішкі тәртіптеріне Ресей мемлекетінің әкімшілік тәртіптерінің енуіне әкеп соқты. Оның барлығы Ресейдің мақсат мүдделеріне қол жеткізу үшін жасалды [33, б. 21]. XIX ғасырдың басындағы саяси реформалардың мәнін құрайтын көптеген заңнамалық актілердің нәтижесінде Қазақстан өзінің саяси дербестігі мен тәуелсіздігін біртіндеп жоғалтады, Ресейдің күші көбірек сезіле бастады. Толық түрде, Қазақстандағы жаңа басқару жүйесін енгізу туралы заңнамалық актілерді талдау келесі тарауларда талқыланады.

XIX ғасырдың ортасында Оңтүстік Қазақстан аумағы Ресейдің бақылауынан тыс қалды, сондықтан XIX-шы ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі аймақтың аумағына ашық шабуыл мен толық бағындыруды тоқтатты. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс-ағылшын қарым-қатынастарының нашарлауына байланысты патша үкіметі Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азия аумақтарындағы өз ұстанымын белсендірді. Дегенмен, Ресейдің Хиваға қарсы сәтсіз әскери әрекеттері царизмнің осы аумақтарды тез бағындыруы мүмкін емес және дайынсыздығын көрсетті. Ресейді Азия континентінің ішіне алға жылжыту үшін мұқият дайындалу, күштерін нығайту және әскери трамплин жасау қажет болды. Осы мақсатта Сырдария әскери бекінісінің құрылысы басталады. Сырдария желісін салудың негізгі міндеті –

Ресей аумағындағы әскери лауазымдарды нығайту және одан кейін Ресей әскерлерінің елдің оңтүстігіне қарай өтуін бастау. Мұрағаттық құжаттарда: «Сырдария өзенінде әскери бекіністерді салу Орынбор бөлімінің даласында тыныштықты орнату жүйесін аяқтайды және Кіші Қырғыз ордасы Ішкі Бөкей ордасының орындауындағы айырмашылығы болмайды. Ол ақырында хиуалықтардың осы далаға басып кіріп, империяның субъектісі қырғыздардан зекетті алуға және оларды біздің үкіметке қарсы ашуына кедергі келтіреді» [34, п. 23].

Қазақстан аумағына ашық әскери экспансия кезеңі басталды, ол сондай-ақ заң актілерінің беттерінде және мұрағаттық материалдарда да көрініс тапты. Осы мақсатта Ресей өлке аумағына шоғырланған, тұрақты және тұрақты емес әскерлер ұстаған, айтарлықтай қарулы әскери күштер екі құрамаға біріктірілген: Жеке Орынбор корпусы және Жеке Сібір корпусы. Осы кезеңге қатысты көптеген материалдар Ресей мемлекеттік әскери тарихы мұрағатында сақталады. Бұл құжаттар Қазақстан аумағында нығайту және ресейлік әскери күштердің кеңейту туралы нақты материал бар. Мұрағат материалдарында Орыс әскерілерінің Ақмешітті, Түркістанды басып алу операциялары туралы мәліметтері сақталған, онымен қоса қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістерін басу, жерді бөлу, орыс губернияларынан қоныс аударушыларының Жетісуға көшіп келіуі туралы және т.б. мәліметтер кездеседі. Осы қорлардың материалдарына сүйене отырып, ресейлік үкіметтің Қазақстанның Оңтүстік жерін әскери басып алғанын құжаттау және талдау, жергілікті тұрғындарға деген шынайы көзқарас қандай болғаны туралы мәліметтерді талқылауға болады.

Әсіресе, №1441 «Орынбор жеке корпусы» қорын құжаттауды ерекше атап өту қажет. Онда әскери құрылымдардың командирлері Амур мен Сыр өзендерінде бекіністер мен форттерді салу туралы, Сырдария әскери желісін қалыптастыру туралы әскери құрылымдармен хат алмасу туралы есептер енгізілді. №1441 қорының материалдары Сырдария әскери желісін құру және кеңейту мәселесімен тікелей байланысты. Олардың ішінде: «Сырдария өзенінде форт құрылысында әскери мекемелермен хат алмасу» [35, п. 93], «Шу өзеніндегі Сібір бекіністерін Орынбор линиясымен байланыстыру үшін әскери министрімен хат алмасу» [36, п. 83], «Ақ-мешіт бекінісінің құрылысы бойынша әскери мекемелермен хат алмасу» [37, п. 405], «Райым түбегінде құрылысы бойынша әскери институттармен ресейлік тұрғындарды нығайту және реттеу туралы хат» [38, п. 239], «Қырғыз даласы мен Сырдария желісінің әскери құрылымы туралы ереженің жобасы» [39, п. 139]. Олар осы өткендегі оқиғалардың қатысушыларымен тікелей жазылады және көптеген даулы тарихи фактілерге

көрсетеді. Бұл материалдар тарихи дереккөздер болып табылады және Қазақстанды жаулап алудың әскери-отарлы тарихын зерттеу үшін өте маңызды. Кейінірек бұл материалдар Қазақстанның аумағында жүргізіліп жатқан царизм реформалары үшін негіз болды.

1847 жылы Сырдария аймағында әскери күштерді нығайту үшін Райым бекінісі салынды, ол 1851 жылы «Сырдарияның сағасында салынған Райым қорғанысының атауы туралы» жарлығында Арал деп өзгертілді [40]. Орналасқан жерді таңдағанда, ауданның стратегиялық орналасуы ескерілді. Әскери министрдің хатында бұл анық айтылады: «Арал теңізіндегі Сырдария өзенінің маңындағы Райым түбегінде фортификациялаудың артықшылығы туралы, 21 желтоқсандағы №301, Жоғары мәртебеліңіз, орыс қоныстанған қондырғының осы қондырғысындағы құрылғымен бірге сіздердің көңілдеріңді жеткізуге жақсы мүмкіндік болды. 26 желтоқсанда мәртебелі Даладағы үш қорғанысты салуға берілген жоғары рұқсатқа қатысты император, Сырдария, өзенінің Мәртебесі бойынша, Темір өзенінде сайланғаннан гөрі, форттың құрылысы үшін қолайлы деп есептейді, Осы мақсат үшін элементті түпкілікті таңдау, егжей-тегжейлі талқылаңыз» [34, п. 30].

Бекіністер соғыс уақытының талаптарына сәйкес жасалды, олар әскери қызметкерлермен, қазақтарды бағындырған кезде ұстап, кішігірім қарсылықтарын басу үшін ұстады. Бұл туралы Орынбор корпусының командирі өз баяндамасында: «Кіші Қырғыз ордасында бейбітшілікті нығайту мақсатында, 1845 жылғы 2 сәуірдегі №238 Мәртебеліміңіздің қаулысымен бекітілген, Мәртебелі еркі бойынша, Қырғыз даласында екі орта бекініс салынған: Орданың шығыс бөлігінде 426 верст Орск бекінісінен Торғай өзені бойында, екіншісі – Оралдың Орда ортасында, сол бекіністен 406 верст, Ырғыз өзенінде. Осы қорғаныстардың әрқайсысында жыл сайын 400 әскери офицердің гарнизоны тағайындалды, ол көктемгі уақытқа ауыстырылды, әрқайсысы екі қару-жарақ. Осы гарнизондардың кез-келген кезеңінде кез-келген уақытта өрістерді тоқтату және Орда арасында тыныштықты қалпына келтіру үшін далада әрекет етуге дайын» [34, п. 239].

1848 жылы осы аймақта Ресейдің әскери күштерін нығайту үшін Қазалы фортын салу туралы шешім қабылданды. Бас штабтың аға кеңесшісі капитан Макшеевтің баяндамасында былай делінген: «Қазалы фортында Ак-Чик пен Қырғыз аралдарының арасында қорғанысты едәуір нығайтуға болады, егер: а) оларда ұсынылған жоспарда айтылғандай мотоатқыштан форма орнатылатын болса; б) Сыр өзенінен тазартылады және су басады; және с) форттың жағына жататын жағдар майлықпен кесіледі. Аралар арқылы ыңғайлы байланыс жасау үшін, қауіпті жағдайда тез арада алынатын жеңіл көпір көпірлері бар.

Барлық негізгі ғимараттар қорғаныстың ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді...» [35, п. 93]. Әрі қарай форпост құрылысы үшін қажетті шикізаттың қажетті мөлшерлік сметасы келтіріледі.

Жаңа әскери қорғаныстар орыс әскерлерінің Сырдария өзенімен жоғары көтерілуге және Қоқанның «Ақмешіт» бекінісіне жақындауға мүмкіндік берді. 1853 жылы 20 күндік қоршаудан кейін бекіністі орыс әскерлері қолға түсірді. Сол жылы Ақмешіттің бекінісі Форт-Перовский деп өзгертілді [41]. Осылайша, 1853 жылы Сырдария әскери шебін құру аяқталды. Соның ішінде Райымнан бастап Ақмешітке дейінгі аумақтар, орыс әскерлері мен әскери бағыныштылығының одан әрі дамуы үшін әскери көпірге айналды. Мұрағаттық құжаттардың қарапайым тізімі мен олардың қысқаша шолуы патшалық үкімет Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азия аумақтарын әскери басып алуға және мұқият дайындалған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында Ресей Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азия аумағына бағындырған табысты әскери операциялардың нәтижесі болды. Қазақстанды жаулап алу аяқталды. Тарихи қалыптасқан жаңа жағдайлар патша үкіметіне жаңа міндеттер қойды. «Сыртқы кластер факторлары отаршылдық жүйені реформалау мен Ресей империясының құрамына кіретін қазақ халқының жағдайы мен экономикалық және экономикалық статусын өзгерту үшін қосымша ынталандыру болды» [42, б. 40]. Қазіргі уақытта отаршылдық биліктің негізгі міндеті Қазақстанның отарлық жағдайын ресми түрде рәсімдеу, өлкенің түрлі аймақтарындағы басқару жүйесін біріктіру және оны жалпы империялық әкімшілік жүйеге толығымен бейімдеу болатын. Осы мақсатта патша үкіметі өзгерген жаңа тарихи жағдайлармен туындаған бірқатар заңнамалық құжаттарды қабылдады. Нақтырақ айтатын болсақ: «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару» және «Орал, Торғай, Семей облыстарын басқару» туралы уақытша ережелер. Осы ережелер Қазақстанды үш генерал губернаторлыққа, алты облысқа бөліп тастады. Уақытша шаралар ретінде қабылданып, олар Қазақстан аумағында шамамен 20 жыл бойы жұмысын жалғастырды.

XIX ғасырдың соңында патша үкіметі бірқатар әкімшілік және аумақтық реформаларды жүзеге асырды, олар Қазақстанның отарлық жағдайын нығайтты және оны одан әрі басқару формаларын анықтады. Отаршылдық саясатқа құқықтық негіз келтірген царизмнің заңнамалық актілеріне сүйене отырып, қазақ өлкесін және халықты пайдалану жалғасуда. «Метрополия мен отарлар арасындағы қарым-қатынас бұрын-соңды болмаған өзгерістерге ұшырады және отаршылдықты басқару мен үкіметке ұзақ мерзімді реформаларды жүзеге асыруға – 1867-1868 жылдардағы Уақытша регламенттерді заңдастыруға, елеулі

жаңартулар мен толықтырулар қажет болатын бөлімдерге елеулі түзетулер енгізуге жол берді» [4, б.430]. Нәтижесінде, 1886 жылдың 12 маусымында «Түркістан өлкесін басқару туралы» ереже шығарылды, ол негізгі құқықтық акт болып табылды, оған сәйкес Оңтүстік Қазақстан халқы 1917 жылға дейін өмір сүрді.

XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамының өмірінде елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды: тауар-ақша қатынастарының таралуы, өндіруші салалардың дамуы, теміржол құрылысы, қоғамның одан әрі стратификациясы және жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы. Қазақстан бірте-бірте бүкіл Ресейдің экономикалық нарығына кірді, шикізат көзі және Ресейдегі дамып келе жатқан капиталистік өнеркәсіп үшін арзан еңбек көзіе айналды. Осы кезеңде патша үкіметі айналасында болған оқиғаларды жазуға тырысқан көптеген заң актілерін қабылдады. Алайда, тез өзгертін шындық пен уақыт тарихи шындыққа сәйкес келетін жаңа заңнамалық құжаттарды қабылдауды талап етті. 1891 жылы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай өңірлерін басқару туралы» ереже қабылданды, немесе оны Даланы басқару ережесі деп атады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тарихи дереккөздің пайда болу себептері қандай?
2. XVIII ғасырдың басында Қазақстанның аумағында қандай тарихи жағдай болды?
3. Нақты заңнаманы қабылдауға қандай жағдайлар ықпал етті? Мысалдар келтіріңіз.
4. Заңдар билеуші топтардың саясатын көрсететінің қалай дәлелдей аласыз?

Тақырып бойынша заңнамалық деректер:

22 мамыр 1714 ж.

Бухгольцке берілген атаулы жарлық. – Еркет қаласын иемдену және Дария өзені бойынша алтын құмды іздеу туралы.

Төменде бізге Сібір губернаторы, князь Гагарин мырзаның Сібірге жақын Еркет қалмақ қаласындағы Дария өзенінде алтын құмды өндіріп жатқанын хабарлады. Ол үшін: 1. Тобылға барып, жоғарыда аталған губернатор мырзадан 1500 әскери адамды алып, олармен бірге Ямыш көліне қала салу үшін бару керек және келгеннен соң жоғарыда аталған Еркет қаласына жиналған адамдармен баруға келер көктемді қарсы алу үшін қыстау орнатуға болатын жаңа салынған бекіністің

жанында тұру керек 2. Сол жиналған адамдармен келер көктемде Ямыштан Еркекке барар жолда адамдарға қолайлы орындары бар жерлерді нықтап қарастыру керек: өзендер мен ормандарда әскердің азық-түлігін сақтау мен қарым-қатынас үшін бекіністер салу керек және бекіністердің арасы 6 күндік немесе бір апталық болуы керек, әрбір бекініске бірнеше адамнан қалдырып отыру керек. 3. Еркекке жеткенге дейін көп еңбектену керек; және оны нығайту керек; және жергілікті тұрғындардың Дарья өзенінің қай жерінен алтынды өндіріп жатқанына көз жеткізу керек. 4. Сосын Дарья өзенінің басталатын сағасына баруға тырысу керек. 5. Өз еркімен және губернатордың кеңесімен жұмыс істей алатын губернатордың келісімімен инженерлікке, артиллерияға шебер және минералдармен жұмыс істей алатын шведтердің арасынан бірнеше адамды іздеп табу керек. 6. Әрі қарай жергілікті конъюнктура бойынша қызығушылықтарды орындау үшін мейірімді және адал қызмет ету керек.

РИ ЗТЖ – 1. Т.5. № 2811. Б.105-106.

19 ақпан 1731 ж.

Старшина және барлық әскерлерге, Қырғыз-Қайсақ ордасы Әбілқайыр ханға сый грамотасы... – Ресей бодандығын қабылдау туралы.

Құдайдың тез рақымының арқасында, біз, ең көрнекті, ең қуатты, ұлы императрица Анна Иоанновна, Бүкілресейлік және басқа да...

Қырғыз-қайсақ ордасы Әбілқайыр ханға, старшинаға, барлық қайсақ әскеріне біздің мәртебелі императордан мархабат

Төменде біз, ұлы ханшайым, біздің мәртебелі императорымыз, Әбілхайыр ханның сенің елшің Құтлымбет Құмтаевтан, Сейтқұл Құйдантұловтан жазбаларынан сенің барлық иелігіңмен біздің ресейліктердің башқұрттармен өзара келісіммен бодандықта болу ниеттілігінді қарастырдық; Әбілқайыр хан сенің елшілерің бізге сенің қайсақ әскерлерінің келесі тармақтармен бодандықта болатындығын жеткізді: біріншіден, біздің мәртебелі императорымызға башқұрттар сияқты жасақ ретінде адал қызмет етіп, ақыны төлеуге уәде беруге. Екіншіден, бодандарға ресейліктерден жәбір мен талан-тараждың болмауын, Үшіншіден, қайсақтарға қандай-да дұшпан тойтарыс берген жағдайда біздің мәртебелі императорымыз тарапынан қорғануға болатынын және ресейлік боданы болып есептелуге. Төртіншіден, башқұрттардың және ресейлік бодандардың Сіздерден алған тұтқындарын қайтаруға және Сіз ресейліктерден алғандарыңызды қайтаруға және башқұрт

және қалмақтармен өзара ынтымақтаста болуға. – Және біз ұлы ханшайым, біздің мәртебелі императорымыз, сені, қырғыз-қайсақ старшинасы Әбілқайыр хан мен барлық қырғыз-қайсақ әскері арыз қылды, сіздің сұрауыңызбен Сізді жоғарыда талап етілген тармақтар бойынша бодандыққа қабылдауға, сосын, Сіздің ханға тиісті болып, және барлық қайсақ әскерінің ұлы император мен біздің ұрпаққа ұдайы адал болып, біздің мәртебелі император тарапынан жарлық келгенде, біздің басқа ресейлік бодандықтармен, башқұрт және қалмақтармен бірге белгілі бір жерлерге аңшылыққа бірге баруға қызмет етесіздер. Башқұрттарға, яицтік казактарға, қалмақтарға және басқада ресейлік бодандарға ешқандай тойтарыс жасамауға, жапқыншылық жасамауға және жәбір көрсетпеуге, олармен жанжалсыз татулықпен және даусыз өмір сүруге; Астраханнан шыққан ресейлік бодандарға, көпестерге және басқа жерлерден шыққан керуенді адамдарға Сіздердің тұрғын орындарыңыз арқылы басқа жерлерге көшуіне, ешқандай бөгет болмауға, жәбір көрсетпеуге, оларға көшу барысында қауіп төнгенде, көмектесуге және жөндеп түзетуге атсалысу керек. Әбілқайыр хан сенің елшілерің Мәскеуде қарсы алынып, азықтандырылды, саған, Әбілқайыр ханға жіберілгенде, жолына азық-түлікпен қамтамасыз етілді, олар оған ризашылығын білдірді; дегенмен біздің мәртебелі император мархабаты саған Әбілқайыр ханға үміт білдіреді.

Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей,
22-23 б.

9 сәуір 1734 ж.

Қырғыз-қайсақ Әбілқайыр ханға мақтау грамотасы. – Ресей бодандығына оның Үлкен қайсақ ордасын, сондай-ақ аралдық ханды келтіргені үшін.

Төменде, біздің мәңгі бодандықты қабылдау бойынша және 1731 жылы сертті үйрету бойынша, біз жіберген елші Мурза Тевкелевтен кеңінен мынадай мәлімет келіп түсті, біздің полковник Гарберге Хиуа және Бұхараға бара жатқан керуенге сіздің өз дегенін істейтін кейбір қырғыздардың ұрлықпен шабылдауы, бағынышты қызмет пен сертке қарсы көрсетілгендей, сен, Әбілқайыр хан адал бағынышты, біздің резиденцияға өзіңнің ұлың Орәли сұлтанды және шөбере бауырың Нияз сұлтанды және бірнеше сұлтанды өзіңнің бодандығыңды дәлелдеу үшін жібердің; сонымен бірге Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының адал қызметін Қондарби Теляби Сатай батырды, Қангелді батырды

және Бляк батырды және бүкіл орданың басқа да шабарман елшілерін, Аралбай, Арыс батырды шабармандарымен, Талымбет батырды біздің сарайға жібердің, старшина өзінің парағымен бізден, ұлы тақсыр ханымнан біздің Үлкен қайсақ ордасын мәңгі бодандыққа қабылдауымызды сұрады; ал сен Әбілқайыр хан өз парағында олардың бодандығын біздің қабылдағанымызды және аралдық ханның да мәртебелі императордан бодандық сұрап отырғанын мәлімдейсің; Орта орданың бұрынғы қарсы шыққан қырғыз-қайсақтарының біздің бодандықтағы башқұрттарға оқыс шабуыл жасап, қырып-жоюды бастайтынын алдынала мәлімдеген соң сол қарсылыстар өздігінен абыройы бойынша жеңісі мен ойсырауына жетті, ал екінші жағынан башқұрттармен бірге шайқаста Шемяка хан өз антын бұзып, бірақ төтенше жағдайға келмей, башқұрттармен татуласып тарады, сөйтіп Шемяка хан, старшина және әскер қолы бұрынғыша бізге, ұлы тақсыр ханымға, біздің мәртебелі императорға адалдыққа серт берді, және біздің бодандыққа алуын талап ете отырып, былай деді: Әбілқайыр ханның бізге, ұлы императорға адал қызметіне біз ризамыз деді. Ал біздің полковник Гербердің жоғарыда атаған өз білгенімен жүрген қыңырлардың керуенге жасаған ұрлық жасау мақсатындағы шабуылы бізге, ұлы тақсыр ханымға оның таза кінәсін әкелді, ал біз, мәртебелі император, біздің рақымымызбен бізде ерік бар; а сіздің ұлыңыз Орәли сұлтан және бауырыңыз Нияз сұлтан және басқа да старшиналар, жоғарыда аталған Үлкен Орда старшиналары біздің сарайға келіп, біздің императорлық таққа жіберілді және жоғары мәртебелім толық шешімге келіп, біздің Мырза Тевкелев арқылы өзіңе, Әбілқайыр ханға мақтау қағазбен марапатауды апаруды ұйғарды. Сізге, ағаң мен ұлың қайтып келгенге дейін мәлім болу үшін мәртебелі император рақымымен марапат екі қырғыз-қайсақ: Татлымбет батыр мен төлеңгіт Бабет батыр және башқұрт халқына танымал үш адам арқылы жіберілді. Және қырғыз-қайсақ ордасы, Әбілқайыр ханға, старшина мен барлық қырғыз-қайсақ әскеріне, осындай импретаорлық мәртебенің рақымымен, өзінің ант беруі бойынша, қызметіне соғұрлым адалдығын ескеріп, Үлкен және Орта Ордалардың енді бодандыққа келген хандарына, старшиналары мен барлық әскерге, біздің ұлы мәртебелі тақсыр ханымға деген адал қызметін бағалап, оның Үлкен Ордасының бодандыққа қабылдау туралы өтінішін біздің мәртебелі императордың қабылдағанын өзің, Әбілқайыр хан Үлкен Ордаға мәлімдеп жеткізуіңді бекітеді, және олар бізге, мәртебелі императорға, адал боданшылар, біздің осы жазда толық жарлықпен әдейі жіберілетінін білсін. Сонымен қатар 1731 жылы бізге, мәртебелі императорға бағынған бодандықтар, қарақалпақ ханы Қайын хан, старшина және барлық халық өзара келісімде болуы керек, ал қарсы-

ластарды және басқа да дұшпан ордалар өзара келісіммен ымыраға келіп, біздің бодандыққа өтіп, біздің айтқанымызды тыңдаса, біздің императорлық рақымдылыққа ие болады.

Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей, 28-30 б.

18 маусым 1764 ж.

Сенат жарлығы. – Сібір жаққа келуші қырғыздарды және басқа да азиялықтарды сыйлау үшін сібір кірісінен соманы бөлу туралы.

Сыртқы істер кеңесінің пайымдауынша, барлық күдіктер мен қиыншылықтар ескеріле отырып, Сібір жақтағы барлық генералдарға ескертіледі: Сібір жаққа келетін қырғыз-қайсақтарға және басқа да азиялықтарға сый-құрмет көрсету үшін сібір кірісінен 1000 рубльге дейін сома бөлініп, олар ыстық шарапты жергілікті кабактардағы бағамен емес, жергілікті жақтың бастысы болып саналатын командир ретіндегі генерал-поручик үшін белгіленген сомамен сатып алатын болсын, 1000 сомның 400 сомы белгіленіп, қалған 600 сомы командалары бар үш генерал-майордың әрқайсысына 200 рубльден беріліп, соңынан олардан соманың есебі талап етілмесін...

РИ ЗТЖ-1. Т. 16. №12191. Б. 815.

3-БӨЛІМ.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

Заңнамалық актілер санының өсуі, заңнамалық реттеу саласының кеңеюі, заң актілердің түрлер санының көбеюі жаңа уақыттың заңнамалық көздерінің белгілі бір қасиеттерін тудырып қана қоймай, оларды зерттеу барысындағы бірқатар проблемаларды тудырады. Зерттеу үшін сол уақыттың барлық заңнамалық актілерін қамту мүмкін емес, ол үшін олардың ерекшеліктерін, қызмет ету заңдылықтарын және белгілі бір қоғамның дамуындағы қаншалықты маңызды болғандығын анықтау қажет.

XVIII ғасырдың басындағы орыс құқығының дамуы абсолютті монархияның ішкі және сыртқы саясатында көрініс тапқан елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сәйкес болды. Бірте-бірте қоғамда заңнамалық актілерде толық берілген құқықтың маңызы мен рөлі күшейді. Адам дамуының ерте кезеңдеріндегі қарым-қатынасты реттейтін әдеттегі құқық екінші жоспарға кетеді. Жаңа уақыттың ресейлік заңнамасы үшін оның салыстырмалы түрдегі дербес дамуы кезінде басты ерекшелігі – ол дәстүр мен заңның құқық көзі ретіндегі арақатынасының өзгеруі болып табылады. Ресей заңнамасының «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды», «заңда кері күш жоқ» сияқты жаңа принциптері белгіленді.

Бірте-бірте мемлекет басшысы заң шығарушы биліктің жоғарғы иесі ретінде қарастырыла бастады. «Ресейдегі құқық Еуропаның басқа да елдерінде сияқты халықтың санасы мен дәстүрлерін білдірген жоқ, ол самодержавие билеушісінің ерікті туындысы ретінде қарастырылды... Бұл билеушіні заңнан жоғары қойды» [43, б. 213]. Сондықтан, осы кезеңдегі елдегі қоғамдық қатынастары патша бекіткен заңмен реттелді. Заңдар абсолюттік монархия құрылысының қағидаларын қорғауда басты және белсенді рөл атқара бастады. Бұл ереже қосып алынған аумақтарға, яғни, Қазақстан үшін заңдарды әзірлеу және қабылдау барысында өзінің белгілі ізін қалдырды. «Заң, мемлекеттік билік шығарған, жалпыға міндетті норма бола отырып, белгілі бір үстем таптың ерік-жігерінің көрінісі, мемлекеттің таптық саясатының белгілі бір құралы болып табылады» [44, б.320]. Осы кезеңнің заңнамалық көздерінің ерекшеліктерінің бірі заң нақты фактілерді қамтыған жоқ, ол құқық бұзғаны үшін жазаға тартылатын император бекіткен нормаларды қамтыды.

Өткен кезеңмен салыстырғанда жаңа уақыттың заңнамалық көздерінің маңызды қасиеттерінің бірі олардың сан жағынан өсуі болып табылады. Зерттеуші Н.И. Павленконың мәліметтері бойынша XVII ғғ. екінші жартысында Ресейде орта есеппен жылына 36 жарлық, ал XVIII ғасырдың бірінші жартысында орта есеппен жыл сайын 160 жарлық, XVIII ғасырдың екінші жартысында – 198 жарлық шығарылған [45, б. 9]. Заң шығару қызметі І Петр басқарған жылдары, әсіресе, белсенді болды. Оның билігі кезінде кем дегенде 3314 жарлықтар, регламенттер мен жарғылар шығарылды, сонымен бірге патша осы актілердің көпшілігін құрастыруға және редакциялауға өзі қатысты [46, б. 78]. Бұл фактіні Қазақстанға қатысты қабылданған заң актілері растайды, жоғарыда айтылғандай 2000-нан астам құжат анықталған. Егер Қазақстандағы, әсіресе, жекелеген салалар бойынша қатынастарды реттейтін жалпы заңға сәйкес қаралған көптеген мәселелерді қамтитын әртүрлі жарғыларды ескерсек, олардың саны бірнеше есе көп болады.

Осы кезеңге жататын тарихи дереккөздерге тән ерекшеліктерінің бірі заңнама түрлерінің санының өсуі болды. Осы кезеңнің заңнамасында белгілі бір ерекшеліктері болған жоқ. Заң және әкімшілік өкімдердің арасында айырмашылығы болмаған, соңғылары да жарлық түрінде қабылданған. Орыс құқық зерттеушісі Н.М. Коркунов айтып кеткендей, ХУІІІ ғ. заңдары және жоғары деңгейдегі жарлықтар бір бірінен ерекшеленбеді және заңнама үшін ешқандай да белгілі, айырықша формалар болған жоқ [47, б.309]. Жарлықтар, жарғылар, регламенттер, нұсқаулықтар, манифесттер, аманаттар және т.б. заң сипатында болды. Заңнамалық актілердің нақты түрлері әлдеқайда көп болды, бірақ олардың арақатынасы үнемі өзгеріп отырды. Осы кезеңде заңнамалық актілер атауларының ұғымдарын ажырату айқын болған жоқ. Басты бір ереже болды: «патшаның барлық айтқаны – заң», яғни жаңа заңдар шығару құқығы патшаға ғана тиесілі болды. Императорлық билік заңның жалғыз көзі болып саналды. Сенат, алқалар және басқа да үкіметтік мекемелер патшаға баяндамалармен және ұсыныстармен жүгінуге ғана құқығы болды. Бұл ерекшелік қазақ өлкесін басқаруды реттейтін заңнамаларда да көрініс тапты. Қазақстанға қатысты нұсқаулықтар мен грамоталардан бастап, бекітілген пікірлермен, баяндамалармен және т.б. ережелермен аяқталатын заң актілерінің әртүрлі түрлері қабылданды.

Жаңа уақыттың заңнамасы бұрынғы кезеңдерге қарағанда жақсы сақталған, бұл олардың ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Тарихи дереккөздердің жақсы сақталуына әсер еткен себептерінің бірі, көптеген тарихи дереккөздердің өзі жаңа заманда әзірленген және жариялануға дайын болған. Бірде-бір басқа дерек таралымы бойынша

заңнамамен салыстыруға келмейді. I Петрдің билігі кезінде мемлекет аппаратының басқармасы күрделі өзгеріске ұшырайды, соның салдарында, іс жүргізу жүйесінен тыс, арнайы құжаттарды сақтау үшін мұрағат қызметін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл, әрине, тарихи дереккөздердің сақталуына оң әсер етті. Біртіндеп жазбаша ресімдеу және заңды міндетті түрде жариялау, оны кеңінен жариялау және жариялау талаптары пайда болады. 1714 ж. I Петр барлық жарлықтарды «бүкілхалықтық хабарландыру үшін басып шығаруды және барлығына сатуды» қаулы етті. Заңнамалық актілер шіркеулерде және басқа да адамдар көп жиналатын орындарында жарияланды, ең маңызды заңдар белгілі бір уақыт ішінде бірнеше рет оқылды. Сонымен қатар, барлық заңдар міндетті түрде барлық мемлекеттік мекемелерге орындау үшін жіберілді. Осы кезеңнің барлық заңнамалық құжаттарында Заңның соңында міндетті түрде: «Мемлекеттік кеңестің ең жоғары бекітілген пікірі туралы барлық губерниялық, әскери және облыстық басқармаларға, палаталарға: азаматтық және қылмыстық соттарға және оларға тең жерлерге хабарлау туралы жарлықтар жіберу; генерал-губернаторлар, әскери губернаторлар, әскери губернаторлар, басқарушылар мен азаматтық бөлімдер, азаматтық губернаторлар, мәртебелі Үкімет Синодына, Үкімет Сенатының барлық департаменттеріне және жалпы жиналыстарға мәліметтерді, ал юстиция министрлігінің департаментіне анықтамадан көшірмені хабарласын және Үкімет Сенаты жанынан шығарылатын жарлықтар жиналысының 2-ші бөлімшесінде басып шығарсын» [48, б.534] – деп жазылды. РИ ТЗЖ-да орналастырылған құжаттарда бұл сәттер қысқаша баяндау үшін жазылған жоқ. Мұрағаттарда сақталған патшалық жарлықтар жеке мемлекеттік органдар мен басқармалар бойынша басылып, таратылды. Заңнамалық құжаттарды жариялау, тарату олардың біздің заманымызға дейін жеткілікті жақсы күйінде жетуіне ықпал етті. Бұл зерттеушінің жұмысын жеңілдетеді.

Жана уақыттың көптеген жарлықтарында заңның маңыздылығы, оны мүлтіксіз орындау қажеттігі көрсетілген, сондай-ақ заңның кері күші жоқ екендігі туралы айтылды. Бұл жағдай, әсіресе бұратана халықтарға қатысты, қосылған аумақтардың табиғи кеніштерін әзірлеу, жер мәселелерін және империяның мүдделеріне байланысты барлық мәселелерді қарастыру кезінде бұлжытпай орындалған. Абсолюттік монархияның дамуына байланысты, үкіметтің қандай да бір іс-әректінің заңдылығын көрсету үшін заңнамалық актілерде қандай да бір заңға сілтеме көрсетіледі. Осыған байланысты мәтіндерде: «бұрынғы жарлықтарды орындай отырып», «жоғарыда баяндалғандардың негізінде», «бұрынғы ережені қарау бойынша», «заңға тәуелді баптарға

негізделе отырып», «қолданыстағы қаулылардың негізінде» және т.б. сөздер жиі кездеседі.

Заңдар қоғамдағы барлық қоғамдық қатынастарды нақты реттеп, жаулап алған халықтарға қатысты белгілі бір саясатты жүзеге асыруда әрқашан үлкен рөл атқарды. Бірінші орында мемлекеттің мүддесі және пайдасы тұрды, содан кейін билеуші топтардың жеке мүдделері қойылды. Қазақстанды қосып алуда, Ресей бірінші орынға жаңа алынған жерлерден пайда табу туралы мәселесін бірінші орынға қойды. Сондықтан, шикізаттың барлық көздерін әзірлеу және сатып алу үкіметтің қатаң бақылауында болды, барлық заңдарда Ресей қазынасына пайда табу туралы ой басты назарда болды.

Кеніштердің кез-келген өңделуі оның императорлық ұлылығының жеке бақылауында болды. Мысалы, патшалық жарлықта: «Орынбор және Самара генерал-губернаторы және қаржы министрі, Сыртқы істер министрлігінің пікірлерімен келісе отырып, өз тарапынан қазіргі бар ережелерден бас тартып, кіші Ордадағы жеке алтын кәсіпшілік туралы генерал-адъютант Катенин жекеменшік Сібір алтын өнеркәсібі үшін шығарылған қаулыларға қолданылатын ережелерді өндіріс үшін толық бейімделуі туралы хабарлады» деп жазылған [49].

Қосылудың бастапқы кезеңінде барлық заңнамалық құжаттарда табиғи байлықтарды зерттеу және жаңа аумақтарды игеру қажеттігі айтылған. 1734 ж. ең жоғары резолюцияда: «Басты пайдасы бар, бай металдар мен тастарға келсек, ол аталмыш халықта дұрыс пайдаланылмайтыны және менсінбіндігерлігі туралы, сондықтан ең бастысы коммерциядан пайда көруді көздеу қажет» деп жазылған [8]. Ол үшін кез-келген ыңғайлы жағдайда геодезистер, жер өлшегіштер және жердің орналасуын, табиғи байлықтарды, мал санын және т.б. анықтау тапсырмасымен әртүрлі адамдар жіберілді. Мысалы, 1739 жылдың атаулы жарлығында былай жазылған: «Керуенмен бірге географияны жақсы білетін Ғылым Академиясының өкілі қосып жіберілсін» [50], немесе 1754 ж. жарлығында: «Жер бетінде металл мен минерал байлықтарын іздеу, зауыттарды мемлекеттік және жалпы пайда табу үшін құру, және барлық зауыттарды еркін пайдалану; Орынбор губерниясының ұлан-байтақ жерінде әртүрлі рудалармен түрлі тастар өте көп... Әркім өзінің шені мен лауазымына қарамастан барлық жеке меншіктік және бөтен жерлерде металдарды, яғни алтын, күміс, мыс, қалайы, қорғасын, темір іздеу, қазу, балқыту, пісіру және тазалау керек, сондай-ақ минералдарды, яғни селитра, күкірт, купорос, квасцалар және т.б. бояулар үшін қажетті жерлер мен тастарды іздеп табу керек. Жаңа металдар мен минералдарды кім ойлап тапса, зауыттарды құру ниетін білдіргендер, бұл мақсатта тау кендері мен түрлі-түсті тас тапқаннан кейін Мәскеуде Берг-алқаға және Берг-алқасынан құрылған

белгілі бір тау-кен басшылары мен командаларына көрсетіп, кеңес алмасып келешектегі әрекеттері туралы шешім қабылдайды» [51]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында заңнамалық қызмет айтарлықтай әлсіресе де, ол Ресей қоғамындағы қатынастарды реттеуде басты рөлді атқарды. Ең бастысы, ол мемлекет қызметінің барлық негізгі бағыттарын анықтап қана қоймай, өте ұсақ-түйек мазмұнды болды. «Барлық заңдастырулар салыстырмалы ұсақ, ағымдағы тұрақты және жүйелі түрде туындайтын сұраныстарды қанағаттандыруарлық ететін болды», – деп В.И. Ленин атап өтті [52, б. 424]. Осылайша, патша сарайының жақын маңында қаза болғандарды тасып өтуге, астана маңында қояндарды көбейтуге, атпен жылдам жүруге және т.с.с. тыйым салу туралы жарлықтар шыға бастады. Монарх билеген мемлекет қоғам өмірінің барлық аспектілерін реттеуге тырысады, демократия тарапынан кез келген қол сұғушылықтан қорғануға тырысады.

Қазақстан аумағындағы проблемаларды шешуге байланысты мәселелерді қараған кезде патша заңы өмірдің барлық қырларын және қазақстандық қоғамды қаншалықты реттеуге тырысқандығы назар аудартады. Мұндай тұжырым мынадай құжаттарды оқу арқылы жасалды: «Ұлы Қырғыз ордасының приставына мемлекеттік қызметшілерді тағайындау туралы құқығы» [53]; «Сібір қырғыздарының шекара басқармасына ассессорды дала жұмыстарымен күнделікті ақшаға қызмет етуге жіберу жағдайда тағайындау» [54]; «Қырғыз даласында тұрақты аулаларды салуға рұқсат туралы» [55]; «Қырғыз даласынан экспортталатын тұзды сатуға арналған құжаттар бойынша сенім жазуларын белгілеу туралы» [56]; «Ішкі Қырғыз ордасының дәрігерінің жалақы мөлшері туралы» [57]; «Семей слободадағы тұрғын үйлерді тұрғызуға тыйым салуды алып тастау туралы» [58]; «Ішкі Қырғыз ордасында қырғыздар арасынан шешекке қарсы егу қою лауазымды тағайындау туралы» [59] және т.б. Патшалық самодержавие қазақ қоғамы өмірінің барлық негізгі жақтарын реттеп қана қоймай, қазақтардың жеке өміріне немқұрайлы араласып, олардың қарапайым табиғи құқықтарын шектеп отырды.

Осы кезеңдегі заңнаманың басты ерекшелігі – ол үстем таптың мүддесінде және Ресей мемлекетінің пайдасына шығарылды, бірақ халық мүддесінде басылып шыққан ретінде сипатталатын. Сондықтан заңнамалық құжаттарда «мемлекеттік және жалпы пайда», «мемлекеттік құрылым игілігі үшін», «мемлекеттің мүддесі мен пайдасы үшін», «оның императорлық ұлылығы мүдделері үшін» және т.б. сөздер жиі қолданылды. Заң деректерінде нақты шындықты көрсетпейтін сөздер мен ұғымдар жиі қолданылған. Заң немесе бүкіл Заңның жекелеген

баптарын тұжырымдаудың ерекше тәсілдерінің көмегімен патшалық үкімет құжаттың шынайы мәнін жасыруға, бір тезисті басқаларына ауыстыруға ұмтылды. Бұл үшін жекелеген баптар, Заңның ережелері анық емес, екі мағыналы, қарама-қайшы айтылған. Мысалы, 1763 ж. «Білетін адамды Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Маңғышылақ мысы мен сол маңайдағы жерлерді қарап шығу және тізімдеу үшін, сонымен қатар, бекініс негізіне ыңғайлы орын табу үшін жіберу туралы» деген құжатта бір жағынан қазақ халқына қамқорлық жасау арқылы «қырғыз-қайсақтар қысқы уақытта да қамалдан ұн сатып ала алады, ал екінші жағынан, қыста Орынбордан қатты аяз бен қалың қарда ұнды жеткізу ыңғайсыз» деп айтылған. Дәл осы құжатта қазақ халқы туралы былай жазылған: «Варварлық себебінен, қырғыз-қайсақ халқының ұрлығы мен тонаушылығына байланысты, ол арқылы азиялық көпестерге Орынбор қаласына келіп, қайтып оралуға тиіс, ал сол халықта ешқандай да бағынбастан, қандай да бір игі нәрсеге жеткізіле ме?». Бұдан әрі құжатта Каспий теңізінің шығыс жағалауында тағы бір бекіністі тұрғызудың барлық «пайдасы» сипатталады... Сенаттың пайымдауынша, Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Маңғышылақ мысы мен сол жақ бекініс орнына ыңғайлы орынды іздеу үшін, Астрахан губернаторына көктемде теңіз кемесімен білімді және сенімді адамды жіберіп, өзінің қарауына және тиісті нұсқауға сәйкес, сол кездегі жағдайлардың мәліметіне қарай губернатормен қамтамасыз етуге тиіс» [60]. Осы кезеңдегі патша заңнамасының ерекше белгілерінің бірі заңның жалған мақсаттары мен нақты мазмұны арасындағы алшақтықтың болуы. Барлық уақытта патшалық самодержавие заңнамалық актілерде халықтың мүддесі, барлық өз бодандықтарының игілігі туралы қамқорлықты көрсетуге тырысты, «сол халық өзінің ең биік ұлы мәртебелігін сезе отырып, осы империяның бодандығын өз пайдасына мойындады».

Қазақ жеріне қатысты қабылданған барлық құжаттарда қазақ халқына қамқорлық жасау сияқты көрсетілсе де, бірақ шынайы мақсаттары әрқашан үстем таптардың мүдделерін қорғау болды. Өз балаларын құлдыққа сатуға мәжбүр болған қазақ халқына «қамқорлық» көрсете отырып, патша үкіметі арнайы жарлық қабылдады. Бұл жарлықта: «Бұл жағдайлардың жолын кесу, қазақ халқына көмек көрсету және оларды тек ресейлік бодандыққа ғана сатып алу қажет» – делінген. «Орынбор әскери губернаторы мен бізге жеткен басқа да мәліметтерден біз қырғыздардың біздің қолданыстан, Орынбор шегіне жақын және Каспий теңізінен Сібірге дейінгі шекарада кедей жағдаймен келгенін көрдік, қаражат таба алмай, олардың көпшілігі өз балаларын хиуалықтарға құлдыққа сатуға тырысады» – делінген.

«Ру басшылары және сонымен қатар туыстарын қалтырылған адамдардың жағдайын жеңілдету үшін ниет білдіре отырып, біз Орынбор әскери губернаторына оларды мүмкіндігінше мұсылман және тіпті христиан дінінің ауылдарына көшіру туралы қамқорлық жасауды тапсырдық. Осы уақытқа дейін жіберілген теріс пайдаланушылық толық тоқтатылды, және хиуалықтарға құлдыққа адамдарды сатуға мүмкіндік болмады, біз келесі жалпы ережелерді шығардық: 1) барлық ресейлік бодандықтағы қырғыз балаларды сатып алуға және ауыстыруға рұқсат етіледі, себебі 2) сатып алынған және осылайша ауыстырылған қырғыз балалары 25 жасқа толған соң, барлығы босатылуы тиіс; 3) қырғыз балаларын сатып алатын немесе ауыстыратын барлық адамдар Орынбор шекара комиссиясының сатып алуы немесе алып кетуі туралы көрсетуі тиіс» [61, б. 173-174]. Қазақ халқына қатысты «қамқорлық пен мейірімділіктің» шынайы көрінісі осы!

Қазақ халқына қатысты патша билігі тарапынан осындай сияқты «мейірімділігі» патша билігінің барлық заңнамаларында, жер мәселесін шешуде, территориялық құрылымда немесе ханды таңдауда да көрініс табатын. Мысалы, Орта жүздегі жаңа ханды сайлау туралы 1781 жылғы 23 тамыздағы жарлықта оқимыз: «Біз, Ұлы мемлекет, біздің императорлық ұлы мәртебелі, біздің қырғыз-қайсақ халқымыз туралы адалдықпен мейірімді бола отырып, және оны басқаруынсыз қалдырмай, осыдан зиянды зардаптарға және оны бұзуға жағымсыз салдарын болдырмау, сіздерге, сұлтандарға, старшиндарға және бүкіл халыққа, қарапайым және императорлық мәртебесіне лайықты ханды тағайындаңыздар. Осы хан қырғыз-қайсақ халықта өзінің ізгі әрі ақылға қонымды мінезімен тыныштық пен аббаттылықты сақтай алсын» [61, б.104]. Бұл құжаттар патша үкіметінің заңнамасы антигумандық, антиадамгершілік сипатта болғанын көрсетеді.

Жер мәселесін шешуде самодержавие саясаты қазақтарда ата-бабаларының жерін иеленгенін растайтын ешқандай заң құжаттары жоқ екеніне негізделген. Осының негізінде қазақ жерлерін экспроприациялау жүзеге асырылды. Мысалы, патшалық самодержавияның жарлықтарының бірінде келесіні оқи аламыз: «Бұрын казактардан Орал әскерін жалға алған қырғыз-қайсақ, үлкен және кіші өзендердің арасындағы жерді, сондай-ақ бұрынғы иелікке берілген жерді де иемденді, бірақ ешқандай тиесілі бекіністер мен актілерді көрсеткен жоқ... Демек, осы жерлер Үкіметтің меншігі болып табылады және ол осы жер бойынша мемлекеттің ортақ пайдасы үшін кез келген тиімді өкім жасауға құқылы... бірақ осы жерлер граф Безбородко және князь Юсуповтың мұрагерлерінің саяжайларында жатқандықтан және сол жерлерді халыққа беруге құқығы бар адамдардың иелері өз келісімін білдірмегендіктен, ішкі істер министрінің баяндамасында осы аталған

жерлер ең жоғары қарауға ұсынылған және помещиктен өткеннен ғана осы жерлерге тағайындау өтеді...» делінген [62].

Патша үкіметі Қазақстанды отар ретінде қолданып, оның барлық ықтимал ресурстарын пайдалана отырып, өлкені зерттеу, басқару және игеру жөніндегі барлық қаржылық сұрақтарды қазақ халқының мойнына жүктеп қойды. Мысалы, 1860 жылы Министрлер комитеті қырғыздардан жиналатын жылдық түтін салығының мөлшерінен Орынбор қырғыздары облыстық басқармасының шенеуніктеріне бір-жарым мың рубльді төлеу туралы Ішкі істер министріне жазбаша хат түрінде хабардар етті және салықшылардың тарапынан қамқоршылық топтың жүріп-тұруына бұрын анықталған сома алынды. Одан әрі бұл соманың ұлғаю себептері түсіндіріледі: «Ордадағы біздің күшейе түскен әсерімізге байланысты, жергілікті билік органдарының іс-әрекеттерін тексеру үшін далаға арнайы белгіленген мақсатпен шенеуніктерді жиірек жіберу қажеттігі туындайды» [63].

XIX ғ. орыс құқығының тағы бір ерекшелігі – ол басқару органдарының көптеген бюрократиялық аппаратының патша үкіметінің заң шығару қызметіне үлкен ықпалы еді. Заң императордың бекітуіне жеткенге дейін ұзақ үдерістен өтетін. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде ресми түрде рұқсат етілген заңдар әрдайым сәйкес келмегенін, кейде тіпті жергілікті салт-дәстүрлер мен шарифат заңдарына қайшы келгенін ескеру қажет. Сондықтан, Қазақстан үшін әзірленетін заңнаманың мазмұны мен мәніне жергілікті жерлердегі губернаторлар мен жергілікті әкімшіліктің ықпалы зор болғандығын атап өтуіміз тиіс. Губернаторлардың ұсыныстары, хаттары мен баяндамалардың негізінде «Өлкедегі істердің шынайы жағдайын» үкімет біліп отырды және кез келген заңдарды қабылдап, тұтас халықтың тағдыры шешілгені мәлім. Көптеген құжаттарда бұл ой ашық көрсетілді: «Бұның барлығы осы жақтан тәуелділікті қалыптастыру үшін керек, және губернатордың пікірінше қырғыз-қайсақтарды қанағаттандыру үшін бұл түсінікті әрі қарай жалғастыру керек..., бұны губернатор, олардың хандары және сұлтандары хабарлайды, бұл мақсатта губернатор өз құқығын пайдаланып осы сияқты жағдайларды қарастырып, анықтауды талап етеді, тіпті қырғыз-қайсақтарға нанды сату барысында бұрынғыдай тәртіпті ұстанатын болсын» делінген [64]. Жергілікті жерлердегі губернаторларда шектеусіз билік болған, жергілікті жерлердегі барлық мәселелерді өздері шешкен және қандай да бір заң ережелеріне өзгерістерді енгізе алған. Бұл ережелер Ресей заңнамасында айқын көрінісін тапты. Мысалы: «Осы Ережені тез арада орындау кезінде сол жерде кейбір жекелеген талап ететін мән-жайлар кездеседі, саяси түрлері бойынша комитет: Батыс Сібірдің генерал-губернаторына осындағы кездесетін билікке барлық қиындықтарды шешуге жол береді» [65, б. 363]. Немесе

басқа құжатта осылай деп жазылған: «Ерекше дәлелді жағдайларға және жергілікті қажеттілікке қарай, осы ротаға қатысты генерал-губернаторға жобада барлық өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге болады, егерде осы өзгерістер жобаның басты негіздеріне қайшы келмесе және сомалардың белгілі бір мөлшерден артық босатылуын талап етпесе, осы жұмыс роталарын құру кезінде үкімет мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесуі мүмкін» [66]. Сонымен қатар, 1866 жылы «Губернаторлар билігінің кеңістігі мен шектері туралы» атты арнайы жарлық шықты, ол заңнамалық тұрғыда губернаторларға өзіне сеніп тапсырылған аумақта жеке билігін іске асыруды бекітті, яғни, «губерниядағы жоғарғы үкімет билігінің өкілі ретінде, оның атынан заң бойынша азаматтық ведомствоның губерниясындағы барлық әкімшілік мекемелер мен лауазымды тұлғаларды жергілікті қадағалауы шоғырландырылады» деп бекітілді [67, б. 270].

Деректердің санының өсуі, әсіресе, іс жүргізу саласында XIX ғасырға қарай дара құжаттың мазмұнын жеңілдетуге алып келеді. XVIII ғасырдың заңнамалық актілері өте ұзын, мазмұны бойынша шытырма, қандай да бір мәселе бойынша мысалдарымен және өзара байланысы жоқ бірнеше мәселелерден тұратын. Мұндай құжаттарды оқудің өзі қиындыққа түседі, сонымен қатар олардың шынайы мағынасын ұғыну өңай емес. Сондықтан, мұндай құжаттардың мағынасын түсіну үшін оларды жеке бөліктерге бөлу қажет. Мәтіннің дұрыс бөлшектенуіне қарай құқықтық нормалардың және заңнамалық деректердің жалпы мағынасының дұрыс түсінуіне тығыз байланысты. XIX ғасырдың ортасына қарай заңдар қарапайым, қысқа, ұғынықты стиль жағынан да анық бола бастады, оларды баяндаудың жалпы схемалары жасалды. Мысалы, егер XVIII ғасырдың атаулы жарғылары «Қырғыз-қайсақтарға аң аулауға пайдаланатын шатқалды тағайындау туралы; Яицк қалашықтарына Ұлыресейлік губерниялардан келімсектердің қабылданбауы туралы және сауданы казактардың тәртібімен жүргізу туралы; Орынборда отырғызуға жазылмаған шаруаларға сатуға тыйым салу туралы және қырғыздардан жылқыларды шұғаға айырбастау туралы» [68] деп аталса, XIX ғасырдың аяғында жарғының атауы «Түркістан өлкесінде кедендік қадағалау орнату туралы» деп аталған [69], яғни айырмшылық айдан анық көрінеді.

Жалпы алғанда тарихи заңнамалық дереккөздердің барлық ерекшеліктері мен жекелеген қасиеттерінің арасындағы белгілі бір өзара байланыс бар екеніне назар аудару керек. Заңнамалық дереккөздердің сандық өсуі көбінесе жеке алынған бір құжаттың мазмұнын жеңілдетуге себеп болады, бұл өз кезегінде кем дегенде екі нәтижені тудырады: заңнамалық материалдар кешені ішіндегі жасырын ақпарат көлемінің өсуі және әр түрлі дереккөздер санының артуы.

Жалпы патша самодержавиесінің идеологиясы XVIII-XX ғасырдың басындағы заңнамаларда тікелей көрініс таба алды: заң алдында ешқандай теңдік болған жоқ. Абсолюттизм кезеңнің құқығы үшін тән сипат, ол таптық принципінде құрылғаны, яғни бір жағынан үстем таптарға арналған таптық артықшылықтардан және қарапайым, бұратана халықтар үшін сословиелік шектеулерден тұрғаны мәлім. Қазақ жерлерін басқаруға қатысты заңдарды әзірлеу мен талқылауға жергілікті халық қатысқан жоқ. «Қазақстанға қатысты патшалықпен жүргізіліп жатқан барлық әкімшілік, саяси, сот және құқықтық реформалар қазақ халқы өкілдерінің қатысуынсыз жүргізілді» [70, б. 106]. Абсолюттік монархия үстем таптардың және өз құқықтарын қорғады, ал шаруалардың, басқа да таптардың, әсіресе, бұратана халықтардың мүдделері толығымен шектелді және есепке алынбады.

Осылайша, тұтастай алғанда Ресей империясының жаңа заманының заңнамалық дереккөздеріне тән сипат: санының өсуі; XIX ғасырдың ортасына қарай дара құжаттың мазмұнының жеңілдетілуі; заңнамалық актілердің әртүрлілігі, жариялауға және тираждауға мақсатты түрде дайындау, нәтижесінде жақсы сақталуына септігін тигізу. Абсолюттік кезеңнің заңнамалық құжаттары үшін ең бастысы, олардың барлығы монархиялық құрылысты, үстем таптардың мүдделерін қорғауға бағытталғандығы болды. «Бұл уақытта, бір жағынан, жаңа уақыт кезеңінің заңнамасының ерекшеліктері, ол қалыптасудың ұзақ және қарама-қайшылыққа толы жолы, ал екінші жағынан, ресей заңнамасы империяның заңнамасына тән болып және тек XIX ғ. ғана емес, сонымен қатар XX ғ. көп уақыт бойы сақталатын бірқатар сипаттамаларға ие болды» [71, б. 336].

Жалпы, зерттелетін кезеңнің Қазақстанға қатысты Ресей империясының заңнамасы келесі ерекшеліктермен сипатталды:

- заң құжаттары үкіметтің кез келген іс-әрекетін заңды деп растады;
- патша заңнамалығы қазақ халқының саяси, экономикалық, құқықтық және қарапайым құқықтарына қысым жасауға бағытталған;
- патшаның заңдары халыққа қарсы бағытталғанына қарамастан мүлтіксіз орындалды;
- барлық империялық заңдарда бірінші орында Ресей мемлекетінің пайдасы тұрды;
- заңнамалық актілер табиғи байлықтарды зерттеу және Қазақстан аумағын игеру үшін құқықтық базасын құрды;
- Ресей заңнамасы айтарлықтай ұсақ болды, ол қазақ қоғамы өмірінің ең елеусіз мәселелерін де реттеуге тырысты;
- патшалық заңнама құжаттың шынайы мәнін жасырды, бір тезис басқалармен алмастырылды, шынайы мақсаттар әрқашан үстем таптардың және монархиялық құрылыстың мүдделерін қорғады;

– зерттелетін кезеңнің заңнамасы отарлық тәртіпті орнататын ресейлік басқару жүйесін құруға бағытталды;

– патшалық заңнама Қазақстанда жүргізіліп жатқан салық саясатына құқықтық базасын жасап, осылайша патша үкіметіне пайдасын әкелді;

– Қазақстан үшін әзірленетін және қабылданатын заңнаманың мазмұны мен мәніне губернаторлар мен жергілікті әкімшілік үлкен ықпал етті, заң жобаларын әзірлеуге жергілікті халық қатысқан жоқ;

– Қазақстанға қатысты Ресей империясының заңнамасы антигуманды, адамгершілікке қарсы сипатқа ие болды, қазақ қоғамының рухани дамуын жоюға бағытталды.

Осылайша, патшалық самодержавиенің барлық заңнамалық актілері бойынша тікелей немесе жанама Қазақстан туралы отарлық аймақ ретінде, қазақ халқы жоғары өркениетке жат, екінші сортты адамдар, бөтен адамдар деп қорытынды жасауға болады. Жалпы, М. Құл-Мұхаммедтің айтқанындай: «Қазақ даласында реформаларды жүзеге асыру мақсатында қабылданған нормативтік-құқықтық актілер аталған тарихи ақталмайтын антигуманды міндеттерді шешуге бағытталған» отарлық заңнама болды. 60-шы жылдардың соңында басталған саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани реформалар патшалық монархияның құлауына дейін жалғасты және бұл барлық жаңа нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауда көрініс тапты. Өз жиынтығында олар Қазақстан үшін Ресей империясының отарлық заңдарын құрады. Осылайша, 60-жылдардың соңында заңнаманың сапалы жаңа саласы – «Қазақстандағы ресейлік отарлық заңнама қалыптасты» [72, б. 8]. Ресей империясының Қазақстанға қатысты заңнамасына қазақстандық құқықтанушы К.А. Жиренчин де осындай жалпы баға береді. Ол былай деп жазады: «Қазақстандағы әкімшілік-саяси құрылым жалпы ресейлік империялық құқықтың ерекше бөлігін құрайтын метрополияның мемлекеттік органдарының белгіленген немесе санкцияланған нормалармен реттелген. Жалпы, Ресейдің отарларында үстемдігін бекітетін заңды нормалардың жиынтығын белгілеу үшін «отарлық құқық» ерекше терминін қолдануға болады. Ол империялық заңнама мен отаршылдық актілер нормаларынан және өзгертілген жергілікті әдеттегі құқықтан тұрады» [70, б. 106].

Бұл жағдайда патша өкіметінің заңнамасын талдап, зерттей отырып, осы сипаттамамен келіспеуге болады. Ресей заң актілерінің отарлық бағытына қарамастан, оларды зерттемей және талдамай Ресей империясы құрамындағы біздің мемлекетіміздің объективті тарихын қалпына келтіру мүмкін емес. Әсіресе бұл тезис жаулап алған халықтардың, атап айтқанда қазақ халқының тарихын зерттеу үшін маңызды,

өйткені ресми билік осы аумақтарда өз саясатын мақсатты және жоспарлы түрде жүзеге асырды. Бұл ойды орыс құқығының зерттеушісі И.А. Миронова растайды: «Заңнамалық актілер Ресей империясының құрамына кірген орыс емес халықтардың тарихын және патшалықтың ұлттық-отарлық саясатын зерттеу үшін күмәнсіз қызығушылық тудырады. Олар самодержавиенің орыс емес халықтардың ұлттық қанау саясатын, ұлттық мәдениеттің басуын, күштеп орыстандыру саясатын жүргізгенін куәландырады» [73, б. 29].

Империя өз заңдары арқылы қазақ жерінде шетел идеологиясын, мәдениетін, тілін енгізіп, заңдар арқылы орыс ұлтының үстемдігін бекітті. Патшалық самодержавиенің бұл мақсаты бірнеше рет басылымдарда, қазақ территориясын зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің беттерінде жазылған. Атап айтқанда, 1875 жылы басылып шыққан «Еуропа хабаршысында» былай деп жазылған: «Жеңіспен бірге біз біздің азаматтық заңдарымызды әкелеміз, бұл христиан дініне қадам. Ұрлықты, кісі өлтіруді және жалғандықты, араздықты, кек алуды және т.б. тыйым салу және жазалау – біздің заңдарымыз христиан дініне тыйым салынған нәрсені жазалайды. Құлдықты жойып, біз өз заңымызға және дінге мызғымас ескерткіш дайындаудамыз» делінген [74, б. 5]. Осы ойды Ф. Лобyseвичте растайды: «Бұл дала оны дұрыс пайдалану кезінде ғана мемлекет үшін ең бай табыс көзі, ол үшін екі жағдай қажет: қырғыз халқының әл-ауқатын қамтамасыз ету және оны орыстандыру» [75, б. 37]. Жалпы теориялық құқықтық ұғымда заң үстем таптың ерік-жігерінің көрінісі болып табылады, ол мемлекеттік билік шығарған жалпыға міндетті норма болып табылады. Заңдарды қарап, салыстыра, бағалай отырып, олардан пайдалы, объективті және тіпті жасырын ақпарат алуға болады.

Ресей империясының заңнамалық актілері жергілікті басқару органдардың ұйымдастыру және олардың орталық билік органдарымен өзара байланысы бойынша елеулі материалдардан тұрады, сот ісін жүргізуге, өлке аумағындағы әкімшілік бөлініске сипаттама береді, салық жүйесіндегі өзгерістерді ашады, аграрлық және қоныс аудару саясатының мәнін, шенеунік аппаратының қызметін және басқа да мәселелерді анықтайды. Бұл деректер құнды тарихи мәліметтер беріп қана қоймай, олардың даму эволюциясын қадағалауға мүмкіндік береді, олардың қалай дамығанын, жетілдірілгенін және өзгермелі тарихи және жергілікті жағдайларға бейімделгенін көрсетеді. Патшалық самодержавие саясатын және қазақ халқының экономикалық және құқықтық жағдайында болған өзгерістерді заң шығару көздерін кеңінен пайдаланбай зерделеу мүмкін емес. Бұл туралы И.Д. Беляев былай деп жазды: «Дербес қоғам, ол өз бетінше, сырттан келген бөтен

заңдарға бағына алмайды; жат заңдарға бағыну қоғамның құлауының айқын белгісі болып табылады. Заңдар халықтың тарихи өмірінен шығуы тиіс. Заң мен халықтың ішкі тарихи өмірі арасындағы байланыс өте тығыз, халықтың ішкі өмірін зерделемей заңнаманы зерделеу мүмкін емес, ішкі өмірді зерделеу – заңнаманы зерделемей түсінікті бола алмайды» [76, б. 34].

Қоғамның заңдары мен ішкі саяси қызметі өзара тығыз байланысты сондықтан да объективті тарихты қайта құру кезінде үлкен маңызға ие. Дегенмен, заңнамалық құжаттарды зерделеу әлі де тиісті деңгейде емес. Осы мәселеге К. Құсайынұлы назар аударған болатын: «Тіпті тарихшы мамандарға әлі күнге дейін заңнамалық материалдар, заңдардың басып шығаруы, жоғары, орталық және жергілікті мекемелердің ресми іс қағаздарын жүргізу, генерал-губернаторлардың, әскери губернаторлардың және вице-губернаторлардың есептері өте аз белгілі... Әдеби-заңды түрде ресімделген заңнамалық материалдардың өзінің тарихи құндылығы бар. Шынайы факт: тұлғалардың әкімшілік, жоғары, орталық және жергілікті мемлекеттік мекемелердің көзқарастары әрдайым қызықты, олар ресми тарих фактілердің мүлдем жаңа жағын көрсетеді» [77, б. 43].

Ленинград зерттеушісі Б. М. Кочаков «Русский законодательный документ XIX - начала XX века» өз жұмысында, сондай-ақ зерттеу үшін заңнамалық құжаттарды зерделеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Ол заңнамалық материалдарға қатысты тұтынушылық сипат жиі пайдаланылатынына, зерттеулерде олардың талдауы мен одан туындайтын деректанулық сын жоқ екеніне назар аударады. «XIX-XX ғасырдың ресми құжаты жалпы танылған тарихи дерек болып табылады және баяндамаларда, мұрағат материалдарында, монографиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Алайда оған қатысты өзіндік тұтынушылық көзқарас байқалады. Оны пайдалану деректану талдауымен қатар жүргізілмейді. Құжат өз бетімен, оның тарихында, оның күрделі құрамында әлі де арнайы зерттеу жүргізілмегені байқалады. Сонымен қатар, алдын ала іздестіру тәжірибесінде де, тарихи құрулар тәжірибесінде де осындай утилитаризм тарихи үдерістің елеулі сәтсіздікке және тіпті тікелей бұрмалануына әкеп соқтырады» [44, б. 319].

Демек, патша үкіметінің қазақ өлкесіне қатысты саясатын заңнамалық материалдарды тартпай жариялау мүмкін емес. Әлі күнге дейін Ресейдің заңнамалық актілері толық көлемде зерттелмеген, жүйеленбеген болып келеді. Зерттеушілер өз жұмыстарында тек жекелеген дәйексөздерді немесе ішінара заңнамалық материалдарды қолданған. Заңдарды үкіметпен, яғни адамдардың еркі бойынша

шығарылса да, олар кездейсоқ емес. Патша үкіметінің заңдары оның ресми саясатын және олар арқылы Ресей мемлекетінің қоғамдық-экономикалық дамуының объективті заңдылығын бейнелейді. XVIII-XIX ғасырда бүкіл әлемде жаңа отарлар, жаңа өткізу нарықтары мен шикізат үшін күрес процесі жүрді. Ресей ірі капиталистік держава ретінде осы процесстерден тыс тұра алмады. Сондықтан XVIII ғасырдың екінші ширегінде Қазақстанның Ресейге қосылуы заңды құбылыс болды. Бұл ойды А. Баймурзин растайды: «Ресейдің Орта Азияға жылжуын, біз ең алдымен отарлық басып алу ретінде қарастыруымыз керек. Бұл жерде әрине Англияға қарсы тиімді стратегиялық позицияға тұру болды; Қазақстан мен Орта Азияны басып алуы, ықпал ету саласын одан әрі кеңейту үшін жүргізілді» [78, б. 98].

Қосылудың бастапқы кезеңінде Ресейде қазақ өлкесіне ашық бағыну үшін күш болған жоқ, сондықтан икемді саясат, көшкін жасау саясаты, қазақ ақсүйектерін сатып алу қолға алынды. Қазақ жерін біртіндеп басып алу, саяси және экономикалық тәуелсіздікті жою саясаты патша үкіметінің заңнамалық құжаттарында көрініс тапты. Демек, бұл заңнамалық материалдарды зерттеу қазақ халқына қатысты патшалық саясатының отаршылдық мәнін анықтау үшін аса маңызды қажеттілік болып табылады. Осы кезеңнің тарихын кешенді және объективті зерттеу үшін заңнамалық материалдарды Қазақстан мен Ресей аумағында болып жатқан объективті процестермен байланыстырып қарастыру маңызды.

Сперанскийдің пікірінше заңдарды жүйелеу, жіктеу және талдау нәтижесінде ғана мемлекет тарихын тану мүмкін болады «айқындық та, нақтылық та болады, өйткені заңдар мемлекеттің ішкі өмірін бейнелейді, олар оның адамгершілік және саяси күштерінің пайда болуын, дамуын және өзгерістерін көрсетеді» [79, б. 156]

Заңнамалық актілер болып жатқан оқиғалардың барлығын объективті көрінісін бейнелеуге және оның дамуындағы тарихи үрдісті көрсетуге көмектеседі. Заңнамалық актінің қабылдануы, бекітілуі күрделі жолмен сипатталады, сондықтан одан әрі зерттеуді талап ететін бір қатар материалдарды зерттеуге тура келеді. Патша үкіметінің ресми мемлекеттік органдарының заңды қабылдау кезеңінде кейінге қалдырылған материалдарын ерекше маңызы (мұнда әртүрлі жобалар, жазбалар, баяндамалар, отырыстардың хаттамалары және т.б.) бар. «Сонымен қатар, заңнамалық акт ресми құжаттардың үлкен массасының кілті ретінде тағы да аса маңызды. Мұрағат материалының көптеген категориялар үшін заңнамалық акт өзегі болып табылады. Заңнамалық актіні зерттеп, бізді қызықтыратын мәселе бойынша басқа хаттарды зерттей аламыз. Бұл – жаңа деректану және заңнамалық актіні талдау қажеттілігінің артық негіздемесі» [44, б. 321].

Қазақ ағартушылары өз халқының тарихын тарихи деректер негізінде зерттеуге қажет екендігіне үлкен назар аударды. Өлкедегі жаңа прогрессивті өзгерістердің жақтаушысы белгілі қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов елде қазақ халқының жағдайын жақсартып, оның гүлденуіне бағытталған заңнамалық реформалар қажет деп есептеді. Сондықтан ол халықтың ауыр жағдайын орнықтырған саяси реформаларға қарсы шығады. Ол былай деп жазады: «Халықтық реформа мәселесі сияқты маңыздылығы жоғары мәселе жоқ. Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың қоғамдық пайдасын көздегеніне күмәніміз жоқ, бірақ қоғамдық даму үшін пайдалы және зиянды деген ұғымдар әр түрлі ғасырларда әр түрлі болды және енді біздің арамыздағы көптеген гипотезаларді, олар өткен аңыздар бойынша сенімге қабылданады, бірақ ғылымда олардың қателігі мен дәрменсіздігін анық дәлелденді. Біздің заманымызда халық үшін ең маңызды және жақын экономикалық, әлеуметтік реформалар болып саналады, ал саяси реформалар қажетті экономикалық нысандарды жүргізу үшін құрал ретінде ғана қажет, өйткені әрбір адам дара және барлық адамзаттың ұжымдық түпкі мақсаты – өзінің материалдық әл-ауқатын жақсарту және бұл прогрессті құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, адам тұрмысының жақсаруына ықпал ететін реформалар ғана пайдалы және қоғамдық қажеттіліктер мен құралдар белгілі болған кезде әр түрлі жағдайларға ұшырамай, осы мақсатқа қол жеткізуге үшін сапалы реформалар қажет» [80, б. 319].

Қазақ интеллигенциясының көшбасшылары А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, Б. Қаратаев, Қ. Тоғысов және т.б. өз мақалаларында сыни көзқараспен патшалық самодержавие заңнамасын талдауға алған, себебі ол тек жаулап алған халықтардың ғана емес, өз халқының да құқықтарына нұқсан келтірген деп есептеген. «XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы өзінің саяси қызметінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауды басты деп санады. Олар өз халқына тәуелділіктен және отарлық құлдықтан азат етуге, әрбір адамның және әрбір халықтың өзінің жеке бостандығына құқылы және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен жеңістеріне еркін қол жеткізу сияқты жалпы адамзаттық құндылықтар үшін күресуге ұмтылды» [4, б. 724]. Патшалық заңнаманы сынға алып, олар заңдарды зерттеу қажеттігіне назар аударуға тырысты, өйткені заңдарды білу арқылы патша самодержавиесімен күрес стратегиясы мен тактикасын жасауға болады деп сенген. Қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері жергілікті мерзімді баспасөз беттерінде, ресми органдар мен басқа да құралдарды пайдалана отырып, құқықтық мәселелерді бірнеше рет көтерді,

көптеген жылдар бойы қазақ халқының құқықтарын өрескел бұзған және нұқсан келтірген қолданыстағы заңнаманы сынға алды.

Бұл туралы А. Бөкейханов былай деп жазды: «Жерін әкелерінің қанымен келген мұра ретінде санаған қырғыздар, орыс бодандығын қабылдау кезінде мемлекет жеке меншікке қол сұғуға мүмкіндік береді деп ойлаған жоқ; сонымен қатар, орыс үкіметі ешқандай дәлелсіз, тек ғана күш арқылы барлық қырғыз далалары мемлекет меншігі деп жариялайтын заңдар шығарды, соның нәтижесінде қырғыз даласына қоныс аудару қозғалысы құрылды және жердің ең жақсы учаскелері қоныс аударушыларға көшті, ал нашарлары — қырғыздарға қалды...» [81, б. 76].

Олардың көпшілігінің жоғары заңгерлік білімі болды, сондықтан Қазақстанның саяси және экономикалық дамуы мәселелерін білді, отарлық саясаттың мәнін жақсы түсінді, осы саясатты негіздеген және ақтаған патшалықтың заңнамалық базасының жетілмегендігіне назар аударды. Мысалы, Қ. Тоғысов «Ташкент, 11 желтоқсан» мақаласында қазақ халқының құқықтарын, заңдары мен мүдделерін білетін және қорғайтын көшпелі халықтың Думада бір де бір өкілі жоқ деген ойда оқырмандардың назарын аударды, соның нәтижесінде жетілмеген заңдар қабылданады, ал Ресейде бөтен адамдар құлдық жағдайында болады: «Халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білмейтін, осы өлкелер мен жағдайларда бірде бір күн өмір сүрмеген адамдар заңдарды қалай шығара алады?» [82].

Көптеген кеңестік және қазақстандық зерттеушілер зерттелетін кезеңдегі Ресей мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеу үшін заңнамалық дереккөздердің маңызды мәнін лайықты бағалады. С.Д. Асфендияров, М. Тынышпаев, Е. Бекмаханов, Г.С. Сапарғалиев, С.К. Жақыпбек, С.З. Зиманов сияқты қазақ ғалымдары заңнамалық құжаттарды зерттеу қажеттілігі туралы мәселені бірнеше рет көтеріп, өздері ғылыми айналымға заңнаманың көптеген көздерін енгізді. Атап айтқанда, М. Тынышпаев қазақ даласын басқару ерекше Ресей заңдары бойынша жүзеге асырылатынына назар аударды: «Қырғыз даласы ерекше мәдени, әлеуметтік-саяси және қоғамдық-экономикалық жағдайларда және ерекше заң ережелерінің негізінде басқарылады... Әкімшілік өкімдермен және қолданыстағы заң ережелермен қырғыздың басшылықтың рұқсатынсыз қозғала алмайтындығына қол жеткізілді. Қырғыздардың қарапайым адам құқықтары жоққа шығарылады; халықтың өмірі мен ар-ожданын әкімшілік толығымен басқарады» [83, б. 20-23]. Демек, патшалық заңнаманы айтпауға болмайды, оның отаршылдық мәні мен бағытын көрсету үшін оны зерттеу, жариялау және одан әрі ғылыми зерттеулерде қолдану керек.

Заңнамалық материалдардың мәнін, оларды зерттеу және жариялау қажеттілігі туралы Қ. Құсайынұлының зерттеулеріне бірнеше рет назар аударады. Атап айтқанда, ол былай деп жазады: «Бізге жеткен, негізінен мұрағаттық құжаттар Қазақстандағы патшалықтың отарлық саясатының мазмұнын ашады. Ресми құжаттарда қазақтар отарлау объектісі ретінде әрекет етеді...» [77, б. 41-43]. Деректану негізін кеңейту және заңнамалық көздердегі ақпаратты өңдеу және талдау әдістерін жетілдіру одан әрі тарихи зерттеулер үшін баға жетпес мәнге ие.

Осылайша, Ресей империясының заңнамалық актілерін талдау олардың ерекшеліктерін, Қазақстан тарихын тереңірек зерттеу үшін маңызын анықтауға және көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл монархиялық құрылыстың құқықтары мен негіздерін қорғайтын отаршылдық заңнама болды деген қорытынды жасауға болады және антиадамшылдық бағыттағы, қазақ халқының қанауына және бәсеңдетілуіне, оны пайдалануға және осының есебінен барынша пайда алуға бағытталды. Тауар-ақша қатынастарын дамуы, «тереңдікке» капитализмін таралуы, басқару аппаратын жетілдіру, метрополияның өзінде қанауын күшейту, Қазақстан аумағында әртүрлі заңнамалық құжаттар түрінде көрініс тапты және олардың пайда болуына және мазмұнның ерекшеліктеріне тікелей әсер етті. Осы кезеңдегі Қазақстан тарихының заң деректерінде көрініс таппаған бір де бір маңызды мәселе жоқ.

Демек, XVIII-XX ғасырдың басындағы Ресей империясының заңнамалық актілері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тарихын зерттеу бойынша құнды дереккөзі болып табылады. Қазақстанның отарлау тарихы бойынша барлық заңнамалық дереккөздердің деректанулық талдауы XVIII-XX ғасырдың басында біздің мемлекетіміздің аумағында болған барлық оқиғалар мен фактілерге толық объективті сипаттама беруге мүмкіндік береді.

Заң актілері жергілікті билік органдары, олардың орталық мекемелермен өзара байланысы туралы неғұрлым толық ақпарат алуға, әкімшілік, сот, салық жүйесіне және басқа да мәселелерге сипаттама береді, заңнамалық материалдар аграрлық мәселедегі патшалықтың саясатын, қазақ жерлерін құқықтық басып алу кезең-кезеңімен қалай жүріп жатқанын, қазақ халқының рухани жағынан тәуелділігін ашуға мүмкіндік береді. Заңнама материалдары патша үкіметінің даму саясатын қадағалауға мүмкіндік береді, оның шынайы жоспарларын түсінуге көмектеседі. Заң шығару материалдарын зерттеу мен талдау өлкені отарландыру қандай құралдармен, не үшін жүзеге асырылғанын көрсетеді, қазақ халқының тәуелділігін шынайы ауқымын ашады.

Демек, Қазақстан тарихын объективті зерттеу үшін заңнамалық материалдардың даусыз маңызы бар, олардың жүйелі талдауынсыз

патша самодержавиесінің жүргізген отаршылдық саясатының мәнін ашу мүмкін емес.

Басқа дереккөздермен бірге олар біздің мемлекетіміздің өткен тарихына қатысты мәселелер кешенін, мазалайтын сұрақтарды зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында былай делінген: «Біздің ұлттық тарихымызды бағалау, әрине, зерттеушілердің ыңғайлылығы мен әдіснамалық пайымдаулары үшін бұрынғы схемаға негізделеді, бірақ барлық механизмдердің айырмашылықтары мен тарихи жағдайлардың ескере отырып, отарлаудың барлық кезеңінің бірлігін түсіну қазақ этникалығының тағдырында көп нәрсе түсіндірілуі тиіс. Өйткені, «Жадының тарихи іздері» секілді мағыналық әлем бейнесінің мінез-құлқына, бағалауына әсер етеді және оның ішінде қазақ дүниетанымына ерекше мән береді» [84, б. 16].

Бақылау сұрақтары:

1. Жаңа уақыттың заңнамалық көздерінің ерекшеліктері қандай?
2. Патша үкіметінің заңдары отарлық сипатта болды деген пікір дұрыс па? Өз жауабыңызды негіздеңіз.
3. Қазақ интеллигенциясының өкілдері заң құжаттарын зерделеудің қажеттілігі мен маңыздылығы туралы не айтты?
4. Қандай зерттеушілер заң шығару көздерін зерттеу мен анықтаудың маңыздылығын ашты?
5. Заң шығару көздерін анықтау, зерделеу және зерттеу үшін не қажет?
6. Қазақстан тарихын зерттеу үшін Ресей империясының заңнамалық актілерінің рөлі қандай?

Тақырып бойынша заңнамалық деректер:

19 қыркүйек 1763 ж.

Генерал-поручик Шпрингерге берілген нұсқаулықтан көшірме... – Ертіс өзені бойынша Зайсан көлінен кіруге кедергі келтіретін қарсылас кемелер және Бұқара және Үндістанмен жасалатын сауда-саттық үшін Ертіс өзеніне құйылатын Бұқтырма өзенінің қолайлы жеріне бекіністің іргесін салу туралы.

Осы уақытқа дейін игілікті мақсатқа қатысы бар барлық істерді қарастыра келе, Өскемен бекінісінен 86 шақырым төмен жерге Ертіс өзеніне құятын Бұқтырма өзенінің сағасына бекіністі орнату керектігі,

сонымен Зайсан көлінен Ертіс өзені бойынша кедергі келтіретін кемелердің кіруіне тыйым салуға, әрі қытай тарапынан қорғануға болатындығы және оның тез арада салыну қажеттілігі анықталды.

1761 жылы Бұқтырма өзенін суреттеп шығу үшін елшілер арқылы шабарман офицерлер тағайындалып, сол жерде басқа бекіністің салыну керектігі, өзеннің осындағы жағына немесе жағаның басқа жағына немесе Ертіс өзенінің жоғары жағына бірнеше бекіністің салынуы сіздің қарастыруыңызға жатады, тек Ертіс өзені арқылы кедергі келтіретін кемелер туралы мақсат шын мәнінде орындалса болғаны және болашақта уақыт өте келе жергілікті тұрғындардың кеңеюіне қайшылық тудырмаса, олардың өз қалаған жерінде өмір сүруіне қолайлы болып негізделуі керек.

Төменде аталмыш бекініс ең шеткі болғандықтан, атты және жаяу әскерлерден тұратын гарнизонды асырауы керек, ал тәртіпсіз команданың бөлімі тек ғана азиялық халықтардың ең жақсы құрметіне ие және оларға тосқауыл болып: содан кейін жоспардың шешімі мен осы жағдайды ескере отырып, мәселені тек сіз қалай көресіз, солай ойластырғаныңыз жөн. Мұнда кейбір азиялық аймақтардан келген ыңғайлы ретінде сол жердегі азиялықтармен келіссөздер жүргізуге күш салу керек. Неліктен гарнизонға да, ал командир мен пәтерлерді лайықты салу керек, ал онда шіркеу болуы керек. Содан кейін жоспардың шешімі мен осы жағдайды ескере отырып, мәселені тек сіз қалай көргеніңізді ойластырғаныңыз жөн. Мұнда кейбір азиялық аймақтардан келген ыңғайлы ретінде сол жердегі азиялықтармен келіссөздер жүргізуге күш салу керек. Неліктен гарнизонға да, ал командир мен пәтерлерді лайықты салу керек, ал онда шіркеу болуы керек.

Бұл бекіністің негізінде Өскемен мен Өскемен арасындағы қарым-қатынас екі коммуникацияның арасындағы ең ыңғайлы, сондықтан да сол қорғандардан бастап, солардың ішінен және соларға дейінгі аралықты жоғарылату үшін қажет болады. бірақ дәл сол жерде дәл осындай күмән болу керек, бұл жерде сіздің қалауыңыз бір қалыпты.

Бұл бекіністің негізінде Өскемен мен Өскемен арасындағы қарым-қатынас екі коммуникацияның арасындағы ең ыңғайлы жағдайға айналуы керек, сол себептен де бұл қорғандардан, ал екеуі де соларға дейін, соларға дейін кетуге болады; бірақ дәл сол жерде дәл осындай күмән болуы керек, бұл жерде сіздің қалауыңыз бір қалыпты.

РМЕАМ. Қ.24. Т.1. I.40. П.1-9.

30 қаңтар 1770 ж.

Сенаттық жарлықтан көшірме. – Оренбург губернаторының рұқсатынсыз Жайық өзенінен кен өндіру туралы тыйым салу туралы.

Бұдан былай, Жайық өзенінен кен өндіретін басқа да зауытшыларға ... орынборлық губернатордан рұқсат алмай-ақ, тез уақыт аралығында бұл бағытта кенді тауып өндіру үшін рұқсат етіледі, өз адамдарыңызды жібермей, оларға қай жерден кенді өндіріп алуды хабарлап, және кімнің өндіргісі келетінін сұрау керек.

РИ ЗТЖ-1. Т.19. № 13408. Б.10-11.

12 шілде 1860 ж.

Министрлер комитетінің жоғары бекітілген ережесі. – Ішкі Қырғыз ордасының ақушерінің (кіндік шешесінің) жалақысы туралы.

Орынбор және Самара генерал-губернаторының өтінімхаты бойынша мемлекеттік мүлік министрлігінің басшысы 19 наурыз 1840 жылы (13272) ең жоғары жарлығымен Ішкі Қырғыз ордасының ақушеріне (кіндік шешесіне) жыл сайын 57 рубль 14 тиын еңбекақысын, жылу және жарықпен қамтамасыз етілген пәтермен, 300 рубльдік марапаттаумен және 100 рубльдік пәтермен, барлығы 400 рубльді орданың шаруашылық қорынан жыл сайын бөле отырып, ажыратылуы тиіс, – деп көрсетті.

РИ ЗТЖ-2. Т.35. № 36010. Б.899.

14 шілде 1867 ж.

Министрлер комитетінің жоғары бекітілген ережесінен көшірме. – Орынбор қырғыздары басқармасының ведомоствосында тұратын әскери шенділерден өндірілген пәтер ақшасына қатысты қаулыны түсіндіру туралы.

1857 жылы 27 тамызда (32231) Министрлер комитетінің аса маңызды жарлығында айқындалған: мерзімді әскери қызметтегі орынборлық қырғыздарды облыстық басқару ведомоствосында тұратын, лауазымда жоқ барлық офицерлерге пәтер ақшасын орынборлық қырғыздардың үй алымдарынан тағайындау.

Артынша Министрлер кабинетінің 1858 жылғы 2 желтоқсандағы орынборлық қырғыздардың Облыстық басқармасында қызметте тұрған офицерлеріне арналған (33991) аса маңызды бекітілген ережесі бойынша 1858 жылғы 1 қаңтардан бастап үй алымы сомасынан бірдей жағдайда Облыстық басқармадан әскери-құрлық ведомстволарының шендеріне екі есе пәтер еңбекақысын өндіруге қатысты 1858 жылы 23 наурыздағы (32902) әскери министрдің бұйрығында мәлімделген аса маңызды бұйрықты тарату.

РИ ЗТЖ-2. Т.42. № 44851. Б.1167.

14 шілде 1867 ж.

Министрлер комитетінің жоғары бекітілген ережесінен көшірме. – Орынбор қырғыздары басқармасының ведомствосында тұратын әскери шенділерден өндірілген пәтер ақшасына қатысты қаулыны түсіндіру туралы.

1857 жылы 27 тамызда (32231) Министрлер комитетінің аса маңызды жарлығында айқындалған: мерзімді әскери қызметтегі орынборлық қырғыздарды облыстық басқару ведомствосында тұратын, лауазымда жоқ барлық офицерлерге пәтер ақшасын орынборлық қырғыздардың үй алымдарынан тағайындау.

Артынша Министрлер кабинетінің 1858 жылғы 2 желтоқсандағы орынборлық қырғыздардың Облыстық басқармасында қызметте тұрған офицерлеріне арналған (33991) аса маңызды бекітілген ережесі бойынша 1858 жылғы 1 қаңтардан бастап үй алымы сомасынан бірдей жағдайда Облыстық басқармадан әскери-құрлық ведомстволарының шендеріне екі есе пәтер еңбекақысын өндіруге қатысты 1858 жылы 23 наурыздағы (32902) әскери министрдің бұйрығында мәлімделген аса маңызды бұйрықты тарату.

РИ ЗТЖ-2. Т.42. № 44851. Б.1167.

4-БӨЛІМ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫҚ НЕГІЗДЕР

Е. Бекмахановтың пікірі бойынша, патшалықтың отарлау саясаты, жүйелі түрде үш негізгі бағыт бойынша іске асырылып отырды: әскери, экономикалық және саяси. XVIII ғасырда алғашқы екі бағыт басым болды, себебі Ресей ол кезде Қазақстанды толықтай бағындыратын күшке әлі ие бола алмады. XVIII ғасырдың соңында хандық билікті таратуға бағытталған алғашқы әрекеттер нәтижесіз болды. Тек XIX ғасырдың басында ғана, Қазақстанның саяси дербестігін жоюға бағытталған, алғашқы әкімшілік-аумақтық шараларды жүргізу үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты. Қазақстанды әкімшілік басқаруды түбегейлі өзгертуге бағытталған заңдастырулардың барлығы, оның түпкілікті қосылуына байланысты, XIX ғасырда қабылданды.

Қазақстанның қосылуының алғашқы күндерінен бастап, патшалық үкімет, қазақ жерлерін әрі қарай бірыңғай ресейлік басқаруға келтіру жайлы бағытта жұмыс атқаруға тырысты. Осындай бағытта мысалы, 1744 жылғы 15 наурызда «Орынбор губерниясын құру және оның ведомствосына Уфа провинциясын бағындыру» жайлы атаулы жарлық бойынша Орынбор губерниясы құрылып, оның құрамына жақында ғана бодандыққа қабылданған қазақтарда кірді. «Ұлы мәртебелі патша... Орынбор губерниясы құрамында болуға, және Орынбор губерниясы деп аталуға, және онда құпия кеңесші Неплюевке губернатор болуға, және сол губернияда сол Орынбор комиссиясына, қайта салынған және салынып жатқан бекіністерге, және оларға бекітілген тұрақты және тұрақты емес әскерге және басқада қоныстанған адамдарға жарлықпен рұқсат етілген, және барлық іс-әрекеттермен және тиісті салық жинауға жауапты болуға рұқсат берді; сол губернаторға қырғыз халқы және сондағы шекаралық шаруалар тапсырылсын, себебі осы кезден бастап олар Орынбор комиссиясының құрамында». 1781 ж. кезекті атаулы жарлыққа сәйкес Уфа наместниктілігі құрылып, оның құрамына Орынбор облысы өзінің төрт уездімен бірге кірді: Орынбор, Жоғарғы Орал, Бузулуц және Сергеев, ал Орал және Гурьев қалалары Астрахан губерниясының құрамына енді [86].

Хандық билікті жоюға бағытталған алғашқы әрекеттер XVIII ғасырдың екінші жартысында, С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың қызған шағында орын алды. «Қырғыздардың даласын алдымен үш бөлікке бөліп, онда қалалар салып, лайықты жерлерде басты әулеттерге мешіттер, мектептер және керуен сарайлар салу аса маңыз-

ды және пайдалы; және сіздер бұған неғұрлым тез кіріссеніздер, бізге соғұрлым жағымды болады. Нұралы ханды Орынборға келуге көндіруге барынша күш салу қажет; ал кейін сыпайылықпен және өнегелікпен оны Уфаға алып, сол жердегі шаруалар қалпына келгенше өзінің қауіпсіздігін сылтау етіп сонда ұстап қалу қажет. Келесі нұсқауларды жағдайға байланысты береміз. «Жаңа ханды таңдауды, біз қазіргі ханның билігі тәрізді тиімсіз деп санаймыз; сондықтан біз қырғыздарға билікте қысым көрсетуге тырысқандай күдік туғызбас үшін, барынша оларды бөлу қажет, әділ билік болу үшін олардың басты әулеттерінен шыққан ақсүйектерден тұратын билікті сайлауына кеңес беру, ал егер хан сайлауға рұқсат сұрай бастаса, қазіргі ханның тірі кезінде жанасын сайлау дұрыс еместігіне сендіру, ал уақыт өте келе оны ұйымдастыруға болады» [31, б. 66-67].

Бірақ та XVIII ғасырда қазақ даласын басқарудағы өзгерістер өте мұқият түрде жүргізілді, басқарудың жаңа жүйесін енгізіу біртіндеп жалғастыру және жаңа енгізілімдерден қазақтарды қорқытып алмас үшін, жағдайдың барлық мән-жайлары ескерілді. Патшалық биліктің алғашқы заңнамалық актілерінен бастап, Ресей империясының амандығымен пайдасы жайлы ойлар айтылатынын байқауға болады, бұл өз кезегінде осыдан кейінгі басқада заңмаларға тән белгі болып табылады: «Қалалардағы жұмыс бейқам жүруі үшін және қастандық ұрлық кезінде қорғаныс болып, ұры тезірек табылуы үшін, далада тұрғызылып жатқан қалаларды ең алдымен айналдыра қазып, үйінді топырақпен бекітуге тырысу қажет. Бірақ соның өзінде, осындай жабайы халықтарды мазаламас үшін аса сақтылықпен қадағалау қажет; сондықтан оларға олардың қауіпсіздігі үшін осындай қалалардың қажеттілігімен пайдасы жайлы айтып сендіріп, одан әрі қалалар немесе бекіністерді тұрғызу қажет, тұрғызу барысында аса абайлықпен әрекет етіңіз, сізге тапсырылған өлкенің бейбітшілігі және біздің қызметіміздің игілігі үшін барынша икемділік танытыңыз» [31, б. 68].

XIX ғасырдың басында империя, шекаралық қазақтарды тікелей басқаруды ұйымдастыру жөніндегі шараларын жалғастырды. Алайда, патшалық басқару жүйесін біржола және толыққанды енгізу үшін, Ресейдің күші әліде жеткіліксіз болды, сондықтан бұл саясат аса сақтықпен жүргізілді, тіпті кейбір жағдайда Ресей тарапынан көнүлерде орын алып отырды. Атап айтқанда 1800 жылғы 14 наурызда «Орта қырғыз ордасы сұлтандармен олардың барлық халқына қысым және жәбір көрсетпеу» құжатында келесі үзіндіні оқуға болады: «Сізге (Орынбор әскери губернаторы Бахметьев) бұйырамыз: сізге тапсырылған губернияға бағынатын ресейліктер және башқұрларға қысым және жәбір көрсетілмесін, олардың тарапынан ешқандайда

шағымдар болмасын, Кіші орданың қырғыз-қайсақтары тарапынан кейде орын алатын дөрекілігі үшін ешкімді де текке жазаламас үшін, оларға барлығы да жылы шыраймен қарасын деп бұйырыңыз, осы ережелерді бұзған айыптыларды әділдікпен жазалаңыз» [87, б. 65-66]. Қазақтардың Оралдан жаппай асып өтуі, Ресейдің Батыс Қазақстандағы өз ықпалын арттыруға ұмтылысы, патшалық билікке деген Бөкей сұлтанның адалдығы, 1801 жылы 11 наурызда «Қырғыз халқына Орал және Еділ арасында көшіп-қонуға және қолайлы болу үшін орманды жерлерде қоныстар тұрғызуға рұқсат беру туралы» атты атаулы жарлыққа қол қоюға әкеліп соқты, осы құжатқа сәйкес Еділ және Орал арасында Ішкі орда құрылды. Бұйрықта: «Қырғыз-Қайсақ Кіші ордасының хандық кеңес төрағасы, Нұралының ұлы Бөкей сұлтанды құшақ жая қарсы алып, оған қалаған жерінде көшіп-қонуына рұқсат етемін, және менің ризашылығым ретінде, менің суретім салынған алтын медаль тағайындаймын, оны қара лентада, мойынында тақсын» [88]. Ішкі орда тұрғындары бастапқыда астрахан генерал-губернаторына бағынған. Тек 1808 ж. «Дала қырғыздарының Оралдың ішкі жағына өтуі және Бөкей сұлтанның Кіші ордасының қырғыз-қайсақтарының Орынбор шекаралық комиссиясына бағынуы» [61, б. 175-177], жайлы жарлық шықты. Жарлық бойынша осы аумақты басқару Орынбор шекаралық комиссиясына берілді.

Өңірдегі ресейлік билік жүйесін енгізуге және саяси тәуелсіздікті жоюға бастама болған, Қазақстандағы ірі реформалардың бірі, XIX ғасырдың 20-жылдары жүргізілді. Бұл реформаның негізгі әзірлеушісі, 1819 ж. Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалған М. Сперанский болатын. Сібірдегі революцияға дейінгі авторлардың бірінің жазуы бойынша, сол кезде «халық әділетсіздікпен алым салықтан жапа шеккен». Сондықтан М. Сперанский Сібірге қарапайым губернатор ретінде емес, ревизор ретінде кең өкілеттілікке ие болып, тәртіп орнату мақсатымен аттанды. Осыған байланысты патша М. Сперанскийге хатында: «Соңғы кездері маған Сібір өңірін басқару жайлы өте жағымсыз жаңалықтар келуде... Сондықтан мен сізге генерал-губернатор атағын беруді жөн санап, сізге Сібір губернияларын тексеруді тапсырамын». Одан әрмен: «Сол жерде өңірді басқару жөнінде жоспар құрып, оны қағаз бетіне көшіріп, сапарыңыз аяқталған сәтте оны маған Петербургке әкеліп көрсетіп және мемлекет үшін маңызы өте зор осы өңірдегі шынайы жағдай жайлы маған хабарлаңыз, ал мен өз кезегімде бұл өңірдің болашақтағы әл-ауқатын арттыру жөнінде тиісті шаралар қолданамын» – деп жазған [51, б. 146].

М. Сперанский Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалғаннан кейін, оған осы өлкеде ревизия жасау тапсырылған болатын.

Оған «Сібір губернияларын тексеру, билігін асыра пайдаланушыларды әшкерелеу, қажетті адамдарды заңды сотқа тапсыру» міндеті жүктелді. М. Сперанскийдің ревизиясы, жергілікті бастықтармен Сібір әкімшілігінің билікті асыра пайдаланушылықпен бассыздықтың сорақы көрінісін әшкереледі. Сібір комитетіне берген есебінде М. Сперанский тергеу кезінде анықталған негізгі өзекті мәселе «барлық түрдегі – парақорлық» деп жазған. Тәртіпсіздікпен бассыздықтың негізгі себебі ретінде, өңірде тиесілі билікпен заңнаманың болмауы деп санаған. «Заң жоқ жерде – барлығын жеке билік басқарады» – деп айтқан. Екі жыл бойы М. Сперанский Сібірдің генерал-губернаторы болып қызмет атқарды, әкімшілік бассыздықпен күрес және өңірдің жағдайын көтеру жолында көлемді жұмыс атқарып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Дереккөздердің айтуы бойынша, М. Сперанскийдің өкімімен ұрлықпен парақорлық үшін екі губернатор, 48 шенеунік сотқа берілді, ал қылмысқа қатысты барлық адамдардың саны 681 болған. Сонымен қатар парақорлыққа қатысы бар қылмыскерлерден 22.847.000 рубль көлемінде ақша алынды [90, б.139].

Әлбетте, қазіргі құрылым арқасында орныққан барлық заңсыздықтарды ол толықтай жоя алмады, бірақ осы құрылымның неғұрлым қауіпті өскіндеріне балта шабуды өзінің парызы ретінде санаған. Билік қолдаған Сібірдегі М. Сперанскийдің іс-әрекеттеріне негізгі екі бағыт тән 1) осы өлкеде кең етек жайған және мемлекеттің мүдделеріне қауіп төндіріп отырған әкімшілік билікті асыра пайдаланушылықты жою әрекеті және 2) осы облысқа қоныстанған халықтарды империяға белсенді араластыру мақсатында басқаруды қайта ұйымдастыру.

Сібірдегі қысқа мерзімді жұмысы кезінде М. Сперанский, 3000 баптан тұратын, соның ішінде «Сібір қырғыздары жайлы» жарғы кірген, заң үкімдерінің он жобасын құрды [77, б. 55]. М. Сперанскийдің реформалар жобасын қарастыру мақсатында «Сібірлік атты арнайы комитет» құрылды. 1822 ж. Сперанскийдің барлық заң жобалары толықтай дерлік ешқандай өзгеріссіз қабылданды. Осыдан біраз уақыт бұрын «Сібір губерниясын екі негізгі басқарма – Батыс және Шығысқа бөлу туралы» патша бұйрығына сәйкес, Сібір екіге бөлінді: Батыс, орталығы Тобольск (Тобыл) және Шығыс, орталығы Иркутск (Ертіс) [91, п. 43]. Осының нәтижесінде Ресей құрамында болған қазақтардың орта жүзінің аумағы Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енді.

М. Сперанский реформаны жүзеге асырмас бұрын, берілген аймақты мұқият зерттеп тану керек деп санаған. Сондықтан жобамен жұмыс барысында ол өзі Омбы бекінісі, Семей маңындағы көшпенді қазақтарды аралып шығып, қазақ ақсүйектерімен кездесіп және

барлық көрген, естігенін егжей-тегжейлі жазып отырған. Жарғының жобасымен жұмыс барысында Сперанский орыс қауымының көптеген алдыңғы қатарлы адамдарын, және қазақтың Орта жүзінің жастарын тартқан. Жарғының жобасын құруға болашақ декабрист Г.С. Батюшков белсенді араласты. «Сібір қырғыздары туралы» жарғының жобасы РМТМ қорларында сақталған [92, п. 1-53]. «Ресейдің қазақтармен қарым-қатынасындағы басқарушы саясатының даму үрдісі, ХІХ ғасырдың 20 жж. Ресей мемлекетінің әкімшілік тәртіптерін қазақ қауымының ішкі құрылымына ендірілуі және заңды түрде бекітілуі, қазақ және жалпы азия өңірлеріндегі ресейлік биліктің мақсаттары мен мүдделерін нәтижелі іске асыру үшін объективті түрде қажетті болғанына», – Б.М. Абдрахманова ерекше көңіл аудартады [33, б. 21].

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» жарлық, хандық билікті жоюға және Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне жол салды, сонымен қатар Орта жүз аумағында жаңа әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізді. Жарлықтың кіріспесінде оның негізгі мазмұны берілген: «Қырғыздар жайлы бұл ерекше жарлық келесі бөлімдерден тұрады: біріншіден, олардың басқармасының міндеттеріне толық түсінік беру; екіншіден, қырғыздарды басқада бұратана халықтардан ажырататын ерекше қаулылылар; үшіншіден берілген жарлықты іске асыру үшін енгізу тәртібі» [31, б. 93].

Жарлыққа сәйкес сібір қазақтарының аумағы генерал-губернатордың қол астында болған Омбы облысына қарады. Дәсүрлі руларға бөліну жүйесі жаңа жүйеге ауысты: сібір қазақтарының облысы округтарға бөлінді, Ресей аумағында орналасқан – ішкі округтар, және шекаралық шептен тыс жатқан – сыртқы округтар. Округтар өз кезегінде болыстарға бөлінді, болыстар ауылдарға. Округтарды округтік приказдар басқарды, ал оларды қағаз жүзінде аға сұлтан билеген. Округты басқару келесідей жүргізілген: «Ауылды ақсақалдар, болысты сұлтандар басқарған. Ауылдармен болыстардағы соттық іс қарауда, билер деп аталатын сыйлы қырғыздар өздерінің маңызын және атағын сақтап қалды. Бүкіл округты басқару үшін болыстар аға сұлтанды сайлаған. Әрбір округта Округтік приказ құрылған. Аға сұлтан төрағалық еткен приказдың құрамында, облыстық басшы таңдайтын екі ресейлік бақылаушы және таңдау бойынша сыйлы қырғыздар ішінен екі бақылаушы болған. Округтік приказ полицейлік және соттық билікке ие» [31, б. 94]. Осылайша жарлық бойынша патшалық биліктің адалдығы ретінде көзге көрінетін сайлау жүйесі енгізілген. Алайда сайланған үміткерлерді қызметіне Омбылық облыстық басқарма бекітетін, сондықтан сайлау нәтижелері толықтай патшалық биліктің қолында болды.

Жарлық 319 баптан және 10 бөлімнен тұрды: 1 бөлім «Бөлу», бұл бөлімде жүздердің аумағын округтерге бөлу қарастырылған; 2 бөлім «Басқару», мұнда округтердегі билікті ұйымдастыру қарастырылған; 3 бөлім «Полицейлік мандат», округтік приказдың күзіретін, округты басқарудың ең жоғарғы органы ретінде анықтайды; 4 бөлім «Шаруашылық мандат», бұл жерде аға сұлтандармен округтік приказ мүшелеріне жалақы төлеу, қазынадан бөлінген ақшаны жұмсау және жергілікті халықтан жиналатын салық түрлері мәселелері қарастырылған; 5 бөлім «Соттық мандат» – қазақ даласындағы сот жүргізу ісі мәселелерін қарастырады; 6 бөлім «Ерекше қаулылар» – халықты ағарту, денсаулық сақтау, карантиндік қызмет, шіркеуді басқару, рухани мәселелер және қайырымдылық сұрақтарын қарастырады; 7 бөлім «Жауапкершілік», өлкенің аумағында орын алуы мүмкін тәртіпсіздіктер және даулар үшін жергілікті әкімшіліктің жауапкершілігі сипатталады; 8 бөлім «Облыстық басқармаға ерекше мандат» – тұрғын халыққа қатысты облыстық бастықтың ерекше міндеттеріне арналған; 9 бөлім «Қырғыздардың ерекше құқықтары және дәстүрлері» – қазақтардың Ресейдің құзырындағы азаматтары екені жайлы; 10 бөлім «Берілген жарлықты іске асыру тәртібі» аталған ережелер жалпыланып оларды іске асыру тәртібі көрсетілген [31, б. 93-109].

Жарлықты біртіндеп енгізу жоспарланған, әсіресе «өздері қамқоршылықты өтініп сұрап келген болыстардан бастап», ал кейін басқада болыстарға енгізу. Сонымен қатар жарлықта жазылған: «болыстарға қамқорлық жасау арқылы, қырғыз-қайсақтарға оның пайдалығын сендіріп, сол жерлердегі тәртіпті сақтау» [31, б. 107]. Енгізіліп жатқан өзгерістерге қазақтар тарапынан наразылық болмас үшін, патша үкіметі жарлықты қабылдаған қазақтарды, салық төлеуден 5 жылға босатқан: «Жаңа тәртіп енгізілген әрбір округ, барлық салықтардан бес жылдық мерзімге босатылады» [31, б. 29]. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» алғашқы патшалық реформа ретінде, дәстүрлі биліктің барлық құрылымдарын бұзып, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын қамтып, қазақ қауымындағы онсызда өткір қарама-қайшылықты одан әрмен тереңдетіп жіберді ...» [4, б. 304].

Кіші жүз аумағындағы хандық билікті жою және басқарудың жаңа жүйесін енгізу жайлы сәйкес жарлықты орынборлық генерал-губернатор П.К. Эссен әзірледі. 1824 ж. 31-қаңтарда Кіші жүздегі басқару сұрақтарына қатысты, «Орынбор өлкесін басқаруды қайта құру» [70, б. 29-32] қаулысы Азиялық істер комитетімен бекітілді. Тарихта ол «Орынборлық қырғыздар туралы» жарлық деген атпен танымал.

Жаңа басқару жүйесіне сәйкес Кіші жүз аумағы төрт бөлікке бөлінді: батыс, орталық, шығыс және ішкі, билік басында билеуші

сұлтандар отырды, ал жүзді жалпылай басқару шекаралық комиссияның құзырында болды. Шекаралық комиссияның құрамына: төраға, 4 кеңесші, және қазақтардан 4 бақылаушы кірді. Шекаралық комиссияның міндетіне кірді: даладағы тәртіпті сақтау, жергілікті шенеуніктердің іс-әрекеттерін қадағалау, салық жинау, соттық істер және т.б. «Әрбір бөлікте 3 басқару дәрежесі тиесілі: 1. Ауылдарды басқару. 2. Ауылдардан біріккен тайпаларды басқару және 3. Тайпалардан құрылған Орданың бөлігін толық басқару. Ауылды – ақсақал басқарды, тайпаны – жеке билеуші, орданың бөлігі – аға сұлтанмен және ханмен басқарылады. Барлық осы шенеуніктер және кеңес мүшелері сайлау арқылы қырғыздар арасынан сайланады.» [70, б. 30]. Алайда бұл жерде де сайлаулар тек қағаз жүзінде ғана әділ болған. Билеуші-сұлтандарға офицер бастаған казак жасағы тиесілі болды, офицер өз кезегінде сұлтанды қорғап оның іс-әрекеттерін бақылап жүруге міндетті болды.

«Ұйымдасытру мәселелері аяқталғаннан кейін П. Эссен Орынборға Қаратай Нұралиев, Темір Ералиев, және Ж. Құдаймендиев сұлтандарды шақырып оларға билеуші-сұлтандар атағын тапсырды. Әкімшілік басқарудың қабылданған формасы сырттай Орта жүздегі аға сұлтандардың міндеттерін еске салып отырды, тек олардың міндеттері және құқықтық артықшылықтары анағұрлым зор болды. Билеуші-сұлтандардың лауазым мерзімі, аға сұлтандарға қарағанда ұзағырақ болып шықты» [93, б. 19].

Бұл заңнамалық құжат өзінің аяқталмағандығымен бейнеленеді, көптеген ережелер жалпылама сипатқа ие болды, бірақ ең бастысы ол Кіші жүз аумағында басқарудың жаңа аппараты құрылуына бастама болды. «Мұндай толық өңделмеген құжатты орталық биліктің қабылдауы, XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басындағы Орал маңы қазақтары басынан кешіп жатқан саяси және шаруашылық дағдарыстың кесірінен және халықтық қозғалыстардың стихиялы белсенуімен түсіндірілетіні анық. Мұндай құбылыстар өңірдегі Ресейдің саяси бағытының тұрақсыздығына әкеліп соқты» [33, б. 33].

Жалпы алғанда 1822-24 жж. реформалар, казак жүздерін басқарудың әкімшілік, аумақтық, соттық және басқа да басқару жүйелерінің заңды түрде ендірілуіне және өзгеруіне өз ықпалын тигізді. Осы сәттен бастап патшалық биліктің отарлау саясаты казак жерінде толықтай заңды түрде жүргізілді.

1822 жылғы жарғының басты міндеті казак даласына ресейлік басқару жүйесін енгізу болды. Тәжірбиеде осы мәселені шешу үшін Орта жүз аумағында сыртқа округтарды ашу туралы шешім қабылданған. Басқарудың жаңа жүйесі казак өлкесінде ежелден қалыптасқан өмір салтын түбегейлі өзгерістерге ұшыратты. Өлкенің аумағындағы мәселені жеңілдету үшін, жарғыда: «округтарды құру кезінде халықты

дәстүрлі бөлу қағидасы ескерілу қажет» – делінген. Бірақта, патшалық күштердің қазақ даласында алға қарай терең жылжуы, жаңа округтардың салынуы, қазақ халқы тарапынан болған қарсылықтардың басылуы нәтижесінде бұл ережелер ескерілмей қала берді.

Патша үкіметі өлкеге басқарудың жаңа жүйесін енгізуді қазақ халқына деген қамқорлық ретінде көрсетуге тырысты. Осы мақсатпен және қазақ халқына жарғының мәнін түсіндіру үшін, ауылдарға құрамында аудармашы, молда, казактар және офицерлер бар шағын жасақтар жолданды. «1823 желтоқсан – 1824 ж қаңтар айлары кезінде Сібір шекарасында орналасқан бекіністерге, форпосттарға және ықпалды билермен сұлтандардың қоныстарына, 1822 жылғы жарлықтың баптарының ішінен үзінділермен жоғарғы рескриптті жариялау үшін 14 казак жасағы жіберілді. Жасақтың құрамына ерекше тапсырмалы шенеунік, молда, аудармашы, казактар және офицерлер кірді. Преснов бекінісіне де жасақ жіберілді...» [94, б. 46].

Жаңа әкішілік құрылыстың орнығыуына тек қана ағарту жұмыстары ғана емес, сонымен қатар жүз аумағындағы қарулы күштердің нығайтылуы да өз септігін тигізді. М. Красовскийдің жазуы бойынша: «1824 ж. Қазақ даласына енгізіліп жатқан тәртіпті қорғау үшін, шекарадағы казак полктарынан қарауыл жасақтары жіберіліп отырды. Олар округтік приказдарға бекітіліп, сол округтік приказдардың уақытша күзеті қызметін атқарған. Казак даласында белгіленген уақыт бойы қызметін атқарғаннан кейін, казак жасақтары қайтадан шекараға оралған. Біздің шекарамыз неғұрлым Оңтүстікке созылған сайын, әскери жасақтарды жіберіп отыру қазынаға да казактарға да аса ауыртпалық әкелген; бұдан басқа, Кенесары қозғалысы тәрізді тәртіпсіздіктердің қайталану мүмкіндігі, қазақ даласында шекараға қайтып оралмайтын әскери күштің болуы қажеттігін көрсетті» [18, б. 155].

Жаңа әкімшілік жүйемен мүмкіндігінше барлық Орта және кейбір Ұлы жүздердің көшпенділерін қамту, шекаралық биліктің басты міндеті болды. Бұл мақсатқа жету үшін қолда бар барлық амалдар қолданылды: тікелей күш көрсетуден, сатып алумен алдауға дейін. «Басқарушы органдардың басты міндеті, казактарды округтық ұйымдастыру жүйесіне көндіру болатын. Округтарды ашқаннан кейін, ары қарайғы алдын ала құрылған нақты жоспарлар болмады. Халыққа жаңа жүйені қабылдаудың қажеттілігін түсіндіру мақсатында, шекаралық әкімшіліктен ауылдарға бірінен соң бірі шенеуніктер жіберіліп отырды. Көшпенді топтардың келісім беруі нәтижесінде, жаңа округтар пайда бола бастады. Қазақстан патшалық Ресейге қағаз жүзінде тәуелді болғанымен, өзінің дербестігін жоғалтпағын айта кету керек. Қазақ даласының түкпірінде өзінің тәуелсіз саясатын жүргізіп отырған билер және сұлтанадар үстем болды. Азды-көпті бағынышты болған

көшпенді топтар болды, олар өздерінің қоныстарымен шекараға жанасатын. Мұндай жағдай Жарғыға сәйкес жаңа әкімшілік құрылымды іске асыруда белгілі қиындықтар туғындады» [89, б. 156].

Батыс-Сібір генерал-губернаторының ұсынуы бойынша алдымен Қарқаралы және Көкшетау мекендерінде екі округ ашу шешімі қабылданды. Алғашқы округтік приказдарды ашу үшін Қазақстанға екі экспедиция жіберілді: бірі Омбы облысы басқарушысы полковник Броневскийдің басшылығымен Қарқаралыға, ал екіншісі полковник Григоровскийдің басшылығымен Көкшетауға аттанды. Бұл жасақтардың қазақ даласына келуі, қазақ халқы тарапынан үлкен наразылық шақырып, ол бірқатар ұлт-азаттық қозғалыстарға ұласты. Алайда қазақтардың наразылығына қарамастан, қазақ даласында бірінен соң бірі округтар ашылып жатты.

Орта жүз аумағында сыртқы округтарды ашу туралы тиісті жарлықтардың пайда болуына үлкен дайындық жұмыстары атқарылды, ол туралы мәліметтер мұрағатта сақталған. Мысалы, Сібір комитетінің «Сібір қырғыздарының даласында жаңа округтарды ашу туралы ұсыныстар» журналы [95], «Омбы облысындағы сыртқы округтерді ашу жөніндегі алдын-ала шаралар туралы» іс [96], «Куракин мен Безбородныйдың ревизиясы барысында жинаған Қырғыз-Кайсақ даласын жаңа ұйымдастыру туралы» [97] материалдары, «Қырғыз даласындағы Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Үш-Бұлақ және Аман-Қарағай сыртқы округтарын ашу туралы» [98] істің 255 бетінде, Қазақстандағы күймелі арбалар саны туралы мәліметтер, соғыс әрекеттері жайлы, соғыс министріне арналған рапорт, Батыс-Сібірдің генерал-губернаторының хаттары, жазбалары, баяндамалары бар. «Қырғыз даласында алғашқы сыртқы округты ашу және Қарқаралы деп аталатын приказды ашу» атты жоғары мақұлданған қаулыға сәйкес, 1824 жылы Қарқаралы округы ашылды [99, п. 907]. Сол жылы Көкшетау сыртқы округы ашылды: «Билеуші сенат Омбы облысы басшысы лауазымын атқарушының рапортын тыңдап, 1822 жылдың 22 шілдесінде «Сібір қырғыздары туралы» жоғары жарғысы негізінде, ағымдағы жылдың 29 сәуірінде Көкшетау деп аталатын екінші сыртқы округ ашылғандығын хабарлайды» [99, п. 907]. Округтың салтанатты ашылуы 1824 жылдың 29 сәуірінде өтті, орыс тағын құрметтеп, Құранға ант бергеннен кейін, аға-сұлтанды сайлау рәсімі өтіп, Ғабидулла Уәлиханов аға-сұлтан болып сайланды. Батыс-Сібірдің генерал-губернаторының жаңа округтардың ашылуына байланысты қазақтарға жолдаған үндеу қағазында, жаңа жарғы енгізілген мақсаттар түсіндірілген. Онда, жаңа әкімшілік-құқықтық кодексті енгізудің мақсаты «халықтың әл-ауқатын арттыру, халық ішінде келісім, тыныштық және жалпы тәртіпті орнату, бәріне және барлығына қауіпсіз мүлікті иелену, бұрыннан қалыптасып

орныққан жабайы салт-дәстүрлерді біржола құрту, еріксіздікті тоқтату» деп айтылған... бір сөзбен айтқанда, қырғыз-қайсақтар мен өзге тайпалардың халқының гүлденуімен, бақытқа бөленуіне қолайлы жағдай жасау» [42, б.114].

Жаңа округтердің ашылуы жағдайының күрделілігіне қарамастан, бұл үрдіс баяу өтсе де, бірақ дұрыс бағытта жалғасып жатты. 1825 жылы Құсмұрын ауданы ашылды. 1831 жылғы 19 қазанда Сібір комитетінің «Омбы облысының Аягөз сыртқы округында, округтық приказды ашу туралы» ең жоғарғы мақұлданған қаулысы шығады [100]. Ұлт-азаттық қозғалыстың өсу қаупі патшалық үкімет тарапынан сақтық пен өте нәзік саясат жүргізу қажеттілігін тудырды. Аға сұлтанның тағайындалуына байланысты салтанатты рәсім – әскери шерумен, қазына есебінен сыйапаттар және сыйлықтар таратумен жүрді, мерекелік шаралар бірнеше күн бойы жалғасып жергілікті халықтың салт-дәстүріне сәйкес өткізілді.

Қазақ қоғамдастығының арасында округтерді ашу мәселесі бойынша бірлік болмады. Қазақ халқының ең озық өкілдері бастаған бір бөлігі, Қазақстанда жүзеге асырылған патша саясатына қарсы күреске шықты. Басқа бөлігі жаңа құрылымды қабылдауға ерікті ниет білдірді. Ауқатты сұлтандардан әртүрлі мекендерде округтік приказдары ашу туралы өтініштер түсіп жатты. Бұл дегеніміз, бұл сұлтандар қазақ қоғамында өздерінің ықпалын сақтап қалғысы келгендігі. «1824 жылы Омбыға Жұма сұлтанмен Шоң би иелігіндегі Арғындар руынан депутация келді. Олар жарғыға сәйкес өздерінің руына жеке округ ұйымдастыруына рұқсат беру үшін шекаралық басқарушыға ақсүйектердің өтінішін жеткізді. Осындай өтініштер Бура-Найман тобының басқарушысы Досан Ханбабиннен, Үйсін руларының бөлігін басқарған Сұлтан Сұқа Абылайхановтан да түсті» [89, б. 157].

Ақмола облысында жаңа округтық приказдың ашылуына Сәмеке ханның ұрпағы Қ. Құдаймендин өтініш білдірді. Үкімет аймақтың қолайлы стратегиялық орналасуын, сондай-ақ, Қ. Құдаймендиннің жергілікті ақсүйектерге ықпалын ескере отырып, жаңа округ құру туралы шешім қабылдады. «1830 жылғы 3 мамырдағы генерал Велеминовтың бұйрығымен Ақмола сыртқы округінің ашылуы Әулие Петр (Петропавлдық) бекінісінің коменданты подполковник Ф.И. Шубинға тапсырылды» [101, б. 8]. Сібір комитетінің баяндамасымен танысқаннан кейін патша І Николай 1832 жылдың 9 қаңтарында Ақмола округының Қазақстан аумағында ашылуына рұқсат берді: «Биылғы жылдың қаңтар айының 9-жұлдызында мәртебелі қарастырылуға лайық... Ақмола деп аталатын қырғыз даласындағы төртінші сыртқы округтің ашылуына рұқсат беремін, ол басқа округтардың алды болып, патшаға

адал барлық болыстарды ресейлік емес қырғыздардың қарақшылық рейдтерінен қорғайды» [31, б. 146].

1833 жылғы 9 наурыздағы патша жарлығы бойынша «Сібір қырғыздары даласында Баянауыл және Үш-Бұлақ округтарын ашу туралы» қаулысына сәйкес қазақ даласында тағы да екі округ ашылды [102]. 1834 жылы 29 мамырда «Омбы облысында Аман-Қарағай сыртқы округын ашу туралы» патшаның жарлығы шығады [103]. Онда былай делінген: «Сібір комитеті, осы округтың ашылуына шұғыл сұраныс болғандықтан және ішкі шекараға жақын болғандықтан, округтың ашылуына кедергі болатындай ешқандай себеп көріп отырған жоқ, сондықтан... Батыс-Сібірдің генерал-губернаторына осы жылғы ағымдағы жазда Аман-Қарағай округын ашуға және 1834 жылға округтың шығындарына штаттық сомманың жартысын, яғни 15 мың рубльді қазынадан тағайындауға рұқсат беру, комитеттің пікірі бойынша бұл сомма толықтай жеткілікті болады. 1834 жылдың қыркүйек айында Омбы облысының әкімі, Аман-Қарағай округының ашылуы 1834 жылы 30 тамызда салтанатты түрде өткізілгенін және аға сұлтан болып Шыңғыс Уәлихановтың сайланғаны туралы хабарлады» [31, б. 174].

Жаңа басқару жүйесін енгізу және қазақтардың толықтай өзінің ықпалына бағындыру үшін, патша үкіметі барлық күшін жұмсады. Осылайша, жаңадан құрылған сыртқы округтерді толығымен бақылау үшін 1837 жылы Ақтау бекінісі құрылды. Мәртебелі бекітілген нұсқауларға сәйкес, Ақтау комендантына келесі міндеттер жүктелді: «1) Ақмола, Қарқаралы және Аягөз шекаралық округтарындағы ішкі тыныштықты қадағалау. 2) Облыстың бүкіл Оңтүстік белдеуінде көшіп-қонып жүрген адал бағынышты қырғыз халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 3) Шекаралардың қол сұғылмаушылығын тұрақты бақылау: біздің қырғыздарымыздың шетел шекараларына қасақана өтіп кетуін және көрші халықтардан біздің шекарамызға басып кіруін болдырмау. 4) Сауда керуендерінің қозғалысына қамқорлық» [104]. 1844 жылдың 6 сәуірінде, патша Қазақстандағы келесі сыртқы округтің ашылуы туралы қарар шығарды. «Көкпекті округтық приказын құру туралы» заңнамада жазылған: «12 болысқа бөлінген Көкпекті қырғыздарынан, Көкпекті деп аталатын жеке округ құрып, оның құрамына Аягөз округының 4 болысын қосу, атап айтқанда: Мұрын-Назар, Мұрын-Құттышбет, Мұрын-Қадыр және Мұрын-Келжігін» [105].

Осылайша, үлкен қиындықтармен болса да он бес жылдың ішінде келесі округтар ашылды: Қарқаралы, Көкшетау (1824), Қышмұрын (1825), Аягөз (1831), Ақмола (1832), Үш-Бұлақ, Баянауыл (1833) және Аман-Қарағай (1834). XIX ғасырдың ортасында жаңа әкімшілік бөлуді аяқтаған Көкпекті және Алатау округтары пайда болды. 1838 жылы Үш-Бұлақ округы Ақмола және Көкшетау округтарына болыстарын

өткізіп, таратылды. Қышмұрын округының орнына 1859 жылы Атбасар округы ұйымдастырылды [106], ал Аягөз округының аты кейбір аумақтық өзгерістермен Сергиополь округы деп өзгертілді [107].

Қазақстанның аумағында округтардың ашылуын қарапайым қазақ халқы қарсылықпен қарсы алды. Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін, еркіндігін және жерін жоғалтқысы келмегендіктен, олар жаңа басқару жүйесін енгізуден бас тартты, осының нәтижесінде бірқатар ұлт-азаттық қозғалыстар туындады. Патша үкіметі қайтадан «бөлу және билеу» қағидасын қолдана отырып, пара беру және уәделермен, қазақтың ақсүйектерінің бір бөлігін өз жағына қаратып алды. Мысалы, мұрағат қорларында бұл деректерді растайтын қосымша мәліметтер бар: «Көкшетау сыртқы округы сұлтандарын Ресей үкіметіне көрсеткен адал қызметтері үшін марапатталуы жайлы» [108], «Орта қырғыз ордасының кейбір сұлтандары мен билерін үкіметке адалдығы үшін марапаттау туралы» [109].

Бұл үдерістер қазақ қоғамындағы онсыз да өткір өзекті әлеуметтік қайшылықтарды одан әрі тереңдетіп жіберді. Бұған қоса, патшаның шенеуніктері жергілікті ерекшеліктерді білмей және ескермей-ақ, тездетіп қарқынмен реформаларды барынша жүзеге асыруға тырысты. Жалпы алғанда, басқарудың жаңа жүйесін енгізу, округтардың ашылуы, Қазақстанның азаматтық және әскери отарлануының одан әрі нығаюына ықпал етті.

Алдыңғы заңнамалық құжаттар жүздің аумағында орын алып жатқан ерекшеліктер мен өзгерістерді ескермеген. Осыған байланысты Батыс-Сібірдің генерал-губернаторы үкіметке Омбы облысын тарату және Сібір қырғыздарының жаңа әкімшілігін құру туралы бастамашыл ұсынысын алға тартты [110, п. 21-45]. Нәтижесінде, 1838 жылы «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы» ереже қабылданды. Онда былай деп айтылған: «Дегенмен, бұл басқаруды даладағы өз қызметінің ауқымы кеңейтілді, сонымен бірге ішкі басқару объектілері көрсеткендей, жоғарыда аталған басты мақсатқа қатысты қанағаттанарлықсыз болуы керек еді: тәжірибе көрсеткендей, қазір басқа салаға көңіл аудару қажет, яғни үкіметтің қазіргі мүддесіне неғұрлым пайдалыға, атап айтқанда, сібір қырғыздарының жеке әкімшілігін құруға ерекше көңіл бөлу қажет...» [31, б. 176]. Құжат кіріспеден және 6 бөлімнен тұрады, атап айтқанда: 1б. «Жалпы ережелер»; 2б. «Басқару құрамы»; 3б. «Шендерді анықтау және босату тәртібі»; 4б. «Бағынушылық тәртібі және билік дәрежесі»; 5б. «Іс жүргізудің тәртібі»; 6б. «Ерекше ережелер». Құжат барлығы 37 баптан тұрады. Осы ереженің нәтижесінде Омбы облысы таратылды: «Омбы облысын тарату. Омбы қаласын Тобыл губерниясына қосу, Петропавлды – Есіл уездіне қосу, ал

Семей және Өскемен қалаларын – Томск губерниясының Бийскіне қосу» [31, б. 177].

Ереженің негізгі мақсаты – Қазақстан аумағындағы жаңа басқару жүйесін енгізуді жеделдету болатын. Бұл жайлы құжатта анық жазылған: «Шекара командирі тәуелсіз қырғыздарды қазақ даласында енгізіліп жатқан жалпы тәртіптерге көндіруге тиіс, бұл жағдайда, ол ақыл-парасаттылығымен әрекет етіп, оларға осы жарғының артықшылықтары туралы тиісті мағлұматтар беріп, шабыттандыруы қажет. Өзіңіздің табысыңыз үшін, қырғыздарға 1 жыл көлеміндегі мерзім беріледі, мерзім аяқталған соң оларды округтардан қашықтату үшін басқа да табанды шаралардың қабылдануы қажет» [31, б. 182]. Дегенмен, құжатта аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде сақтық шараларын қолдану қажеттілігіне баса назар аударылады: «Арнайы округтардағы ұйымдастыру шаралары, тек қажеттілік жағдайында ғана және генерал-губернатордың қалауы бойынша іске асырылады» [31, б. 182].

Сібір қырғыздарын жалпы басқару үшін, Батыс-Сібірдің генерал-губернаторының тікелей бақылауында болған сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы деп аталатын арнайы бөлім құрылды. «Шекаралық басқарма, губерниялық соттан, қазыналық төлемнен және губерниялық басқармадан құралған бірегей ажырамас құрылым» [31, б. 180]. Шекаралық басқарма құрамына: Батыс-Сібірдің генерал-губернаторына тікелей бағынатын, генерал-майор лауазымындағы сібір қырғыздарының шекара басшысы; полковник немесе подполковник шеніндегі шекаралық басқарманың төрағасы; төрт кеңесші, оның ішінде бір қырғыз асессоры, қазыналық және қылмыстық істер бойынша қорғаушы, тіркелген штат бойынша кеңсе кірді. Шекара бастығы мен шекаралық басқарманың төрағасы тікелей патшаның бұйрығымен тағайындалып және қызметтен босатылып отырды.

Ресейдің позицияларын одан әрі нығайтып және өңірді отарлау тұрғысынан патшалықтың бұрынғы қадамдарын бекітетін тағы бір заңнамалық құжат қажет болатын. Бұл 1844 жылғы 14 маусымда жарияланған «Орынбор қырғыздары басқару туралы» ереже болатын [111]. Онда «Кіші орда қырғыздарының басқару жүйесіне ауқымды өзгерістер енгізбей, бұрынғы тәртіпті қалдырып, жақсырақ жүйеге айналдыру; осы қырғыздарды қадағалаушы Орынбор шекаралық комиссиясына, шекаралық басқарма бойынша барлық істердің табысты жүруін бақылап отыру үшін, үлкен көлемді қаражат бөлу» – қажеттілігі туралы айтылған [111, б. 374]. Бұл құжат Кіші жүздің қазақтарын басқаруды анықтайтын 8 бөлімнен және 100 баптан тұрды. Алғашқы екі бөлім басқару мәселелеріне арналған. Орынбор қазақтарын басқару,

Орынбор шекаралық комиссиясында шоғырланып, Орынбор губернаторының тікелей басшылығымен жүзеге асырылды. 3 және 4 баптар шенеуніктерді сайлау және жұмыстан шығару, олардың бағыныштылығы мен өзара әрекеттесу тәртіптеріне байланысты сұрақтарды қарастырады. Келесі екі бөлім Шекара Комиссиясының негізгі міндеттері мен жауапкершіліктеріне, істерді жүзеге асыру тәртіптерін қарастыруға арналған. Шекаралық комиссия Ресейдің жалпы мемлекеттік мекемелерімен теңестірілді және өзінің құрамына «губерниялық үкімет пен мемлекеттік палаталар, мемлекеттік мүлік, азаматтық және қылмыстық соттардың» өкілеттіктері мен міндеттерін біріктірді [31, б. 219]. Сот құрылымының мәселелері 7-бөлімде, ал 8-бөлімде жергілікті халықтан жиналатын салықтардың негізгі түрлері және олар бойынша есеп беру жайлы талқыланған. 1824 жылғы құжатпен салыстырғанда осы заң актісі толығымен аяқталған сипатта болды. Бұл құжатта: «Орынбор қырғыздары қоныстанған Ресей империясының жерлері, Сыртқы істер министрлігінің қарамағында» – деп анық жазылған. Демек, осы құжатқа сәйкес, Кіші Жүз қазақтарының барлық жерлері мен басқарамасы, осы министрліктің тікелей бақылауында болды. Осылайша, бұл құжатта ресми түрде, Кіші жүздің қазақ жерлері империяның меншігі болып табылатыны жарияланған. Бұл осы ережені заңды түрде бекіту үшін жасалған алғашқы қадам болды. Жергілікті тұрғындарға өз ықпалын арттыру мақсатында ресейлік билік, жүзде қамқоршылық институтын енгізді: «шекараға дейінгі тұрғындармен орын алатын даулы мәселелер кезінде қырғыздарда қорғаныш болу үшін, оларға орыс шенеуніктерінің арасынан, көбінесе зейнеттегі әскерилерден алты қамқоршы тағайындалады» [31, б. 218]. Бұл институтты енгізу жергілікті басқару мәселелеріне ресейлік араласуды күшейте түсті. Жергілікті жағдайларға жақын болатын, жаңа басқарманы енгізудің қажеттілігін патша шенеуніктерінің өздері де негіздеді. Осылайша Сыртқы істер министрлігінің басшысының, Орынбор мен Самар губернаторларына жолдаған хатында былай делінген: «Біздің басты қалауымыз, қырғыздарды алшақтатпай, керісінше мүмкін болғанша оларды үкіметке жақындату, және сол үшін, барлығында, олардың көшпелі өмір салтына және олардың рухани дәстүрлеріне бейімдеу қажет. Бастысы... бұл әкімшілікті жеңілдету және көшпелі халықтардың өміріне тән емес қажетсіз формальдылықтарды алып тастау». Бүкіл жағдайдың мағынасында көрініс тапқан үкіметтің негізгі идеясы, қырғыздардың ішкі тәртібіне мүкіндігінше аз кірісу, яғни олардың көшпенді өмір салттарына сәйкес келмейтін мемлекеттік басқару тәртіптерін енгізбей, керісінше оларға өздерінің әдет-ғұрыптары бойынша, қырғыз биліктерімен басқарылуға мүмкіндік беру» [70, б. 33].

1854 жылы «Семей аймағын басқару туралы» арнайы ереже [112] жарық көріп, нәтижесінде Семей облысы құрылды. Оның құрамына кірді: «Сібір шекарасының ішкі жағында, Ертістің оң жағалауында көшіп-қонып жүрген қырғыздар; Сібір қырғыздарының Көкпекті және Аягөз сыртқы округтары; Қапал станциясы; Семей және Өскемен қалалары, Бұқтырма және Іле бекіністері» [112]. Облыс орталығы болып Семей қаласы таңдалды. Сонымен қатар Семей және Қапал округтары да құрылды. Жарлықта осы облысты құрудың міндеттері атап көрсетілді: «Сібір ведомствосындағы қырғыз даласының кеңдігіне байланысты, осы аймақтағы ішкі өндірісті дамыту және өздерінің қазіргі жергілікті басшы органдарынан алыс тұратын, даланың сол жақ қапталындағы, сібір қырғыздары өтініштері мен шағымдарына рұқсаттарын жедел алу және оларға қаражаттарды уақытылы жеткізу мақсатымен, облысты басқару тәртібін өзгерту тиімділігі анықталды» [48, п. 512]. Қаулы 4 ірі бөлімнен және 129 тараудан тұрады, олар облыстың жалпы бақарылуын сипаттайды, облыс әкімшілігінің істерін жүзеге асыру тәртіптерін, әскери губернатордың міндеттерін, қалалардағы полиция бөлімшелерінің рөлін, округтік приказдар қызметтерін, облыс аумағындағы өнеркәсіпті кеңейту мәселелерін қамтиды [48, п. 513-520]. Семей облысын басқаруды облыстық басқарма және облыстың сыртындағы округтардағы барлық қарулы күштерді басқаратын әскери губернатор жүзеге асырды. Екеуіде Батыс Сібірдің орталық басқармасына және генерал-губернаторына тікелей бағынышты болған.

Біртіндеп патша үкіметі Қазақстан аумағында өзінің позицияларын заңнамалық түрде нығайта түсті. Атап айтқанда, 1859 жылы Кіші жүздегі Шекаралық басқарма таратылып, оны басқару Сыртқы істер министрлігінің қолынан Ресейдің Ішкі істер министрлігінің қолына өтті [113]. Осы заңнамалық құжатпен патша үкіметі Орынбор ведомствосының қазақтары, енді заңды түрде Ресей империясының құзырындағы азаматтар екенін ашық жариялады деуге болады. Мұндай әрекеттердің қажеттілігі жайлы министрлер комитетіне жолдаған өзінің «Хатында» А.М. Горчаков жазған: «Енді осыдан бастап, Оралдың арғы жағындағы қырғыздар жартылай бағынышты халықтан, толықтай Ресейдің құзырындағы халыққа айналғаннан кейін, Орта Азиядағы Ресейдің шекарасы Оралдан емес, Сыр мен Үстірттен өтуеді, осыған байланысты, Шекаралық деген атау әкімшілік-сот мекемесіне мүлдем сәйкес келмейді; үкіметке, ішкі әкімшілік құрылымға және сыртқы қауіпсіздікке тәуелділігі дәрежесіне қарай, Оралдың арғы жағындағы қырғыздар даласы, бұдан былай Сібір ведомствосындағы қырғыз даласы сияқты империяның бір бөлігін құрайды» [33, б. 40].

Қазақ жерін әкімшілік-аумақтық қайта құру, Орта-Азиялық аймақтағы патшалықтың жалпы саясатына байланысты жүзеге асырылды.

Нәтижесінде XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда аумақтық өзгерістерге қатысты бірқатар заңнамалық құжаттар пайда болды. Мысалы: «Шығыс және Батыс Сібірді басқарудағы кейбір өзгерістер туралы» [114, п. 49]; «Орынбор өңірінің Жоғарғы басқару әдістерін күшейту туралы» [115]; «Сібір қырғыздары облысындағы Қышмұрын және Көкшетау округтарындағы билікті қайта құру туралы» [107]; «Оралдың арғы жағындағы қырғыздар даласының атын, Орынбор қырғыздары облысы деп және осы өңірді басқарудың жаңа тәртібі туралы» [116]; «Орынбор ведомствосындағы қырғыз даласының әскери құрылымы және Сырдария шекарасы туралы» [117]; «Сібір ведомствосындағы қырғыз даласының Оңтүстік-шығыс бөліктерінде көшіп-қонып жүрген Үлкен орда қырғыздары құрайтын Алатау округын басқару жайлы» [118]; «Семей облысындағы Алатау округын құрайтын Ұлы орданы сыртқы істер министрілігі қарамағынан, Батыс Сібірдің бас жергілікті әскери қолбасшысының ведомствосына тапсыру» [119]; «Түркістан облысын құру туралы» [120, п.4]; «Сырдария шекаралық басқармасын тарату және оның орнына Түркістан облысының басқармасын құру» [121]; «Түркістан облысын басқару туралы» [122]. Осы заңдылық актілердің барлығы, патша үкіметі аймақтағы өзінің басқару жүйесін заңнамалық түрде нығайтуға тырысқандығын дәлелдейді.

Қазақстанды, Орта Азия елдерін Ресейге қосуды аяқтау, Оңтүстік шекарада ресейлік позицияларды нығайту осы аумақтарда басқару мен оларды Ресейге түпкілікті біріктірудің жаңа міндеттерін қойды. Қазақстанның орталықтандырылған басқаруды жеңілдету мақсатында, өлкенің бүкіл аумағында бірегей басқарма құру көзделген. Бұл тапсырманы жүзеге асыру оңай болмады, сондықтан оны іс жүзінде қолдану үшін енгізілген өзгерістердің барлық ықтимал нұсқаларын қарастыру және зерделеу үшін арнайы комитет құру қажет болды. Комитеттің құрамына: К. Врангель, Имшеник-Кондратович, П. Солнцев, А. Орлов, Г. Ловицкий, К. Селевострович, Н. Довеновский кірді [4, б. 417]. Комитет мүшелері Қазақстандағы бірегей басқарманы құру мүмкіндігін зерделеп, осы шараның орындалуы елеулі шығындар талап ететінін және әкімшілік және әскери қатынастарда айтарлықтай қолайсыздықтар туғызады деген тұжырымға келді. Әскери министрінің және Ішкі істер министрінің бастамасы бойынша 1865 жылдың маусым айында, екі жыл ішінде жаңа ереженің жобасын дайындаған, арнайы «Қырғыз даласының комиссиясы» ұйымдастырылды. Уақытша ережелерді әзірлеуге Ш. Уәлиханов, М. Сейдалин, М. Шорманов сияқты қазақ халқының өкілдері ат салысты.

«Түркістан генерал-губернаторлығын құру» туралы 1867 жылғы патша жарлығына сәйкес, «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-

губернаторлықтарының құрамына кіретін, Қытаймен және Орталық Азия хандықтарымен шекаралас жерлердің азаматтық және әскери құрылымын өзгерту» қажеттілігін мойындай отырып, Сырдария мен Жетісу облыстарынан тұратын Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Осы жарлыққа сәйкес «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы» ереженің жобасы дайындалды [31, б. 282-316]. Ол жалпы ережені әзірлеуге дейінгі уақытша құжат ретінде қарастырылды. Құжат 398 тармақ пен 8 бөлімен тұрды: 1. Әкімшіліктің ұйымдастырылуы; 2. Сот құрылымы; 3. Сырдария облысындағы әлеуметтік-шаруашылық басқарма; 4. Алым-салықтар және земстволық міндеткерлік; 5. Өңірдегі қаржыландыру саласының құрылымы; 6. Пошта бөлімінің құрылымы; 7. Медицина саласының құрылымы; 8. Жетісу және Сырдария облыстарындағы қызметтің арнаулы құқықтары мен артықшылықтары. Жаңа аумақты басқару губернаторға, ал облыстарды әскери губернаторларға тапсырылды. Бұған қоса, генерал-губернатор Түркістан әскери округінің қарулы күштерінің қолбасшысы болды. Генерал-губернатор тікелей патшаның жарлығы бойынша тағайындалады немесе қызметінен босатылады.

Сондай-ақ, «Түркістан генерал-губернаторына көрші мекендермен дипломатиялық қарым-қатынастарды жүргізуге өкілеттілікпен және ең жоғары бекітілген нұсқаулармен қамтамасыз етіледі» [31, б. 282]. Құжаттан генерал-губернаторлардың меншікті жердегі билігі шексіз дерлік болғанын, ол өз губерниясының аумағында абсолютті қожайын болғанын түсінге болады. Оған бүкіл патшалық басқарушы аппарат бағынышты болды: кеңсе, әскери губернаторлар, облыстық басқарма және т.б. Облыстың жалпы басқарылуын әскери губернатор және облыстық басқарма жүзеге асырды. «Әскери губернатор, аймақтың айрықша жағдайына сәйкес, өздеріне сеніп тапсырылған облыстарда, әскери және әскери-халықтық әкімшілікті біріктіреді. Әскери губернаторлар әскери министрінің атаулы жоғарғы жарғылары мен және жоғары бұйрығымен қызметке тағайындалады және босатылады» [31, б. 283-284]. Облыстық басқарма империяның орталық аудандарының губерниялық басқармаларымен теңестірілді. Облыстық басқарманы әскери губернатордың ұсынысы бойынша тағайындалатын, әскери губернатордың көмекшісі басқарды. Облыстық басқарманың өзі үш бөліктен тұрды: өкім шығарушы, шаруашылық және соттық. Құжаттың 36 бабында облыстық басқарманың жауапты мәселелерінің негізгі шеңбері толығымен сипатталған. Уездегі әкімшілік және полициялық билік уездік бастықтың қолында болды. Уездік бастықтардың негізгі міндеттері 46-55 баптарда белгіленген. Көшпенді халықтарға қатысты, уездер, болыс басшыларымен басқарылатын— болыстарға, ал олар өз

кезегінде ауыл ақсақалдарымен басқарылатын ауылдарға бөлінді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі ережелері 80-128 баптарда баяндалған.

Осы заңдастырумен бір мезгілде басқа аймақтардың қазақтарын басқаруға қатысты, басқа заңнамалық құжат дайындалды. «Орынбор мен Сібір ведомстволарындағы қырғыздарды басқаруды қайта құру туралы» [123, п. 327] қаулысына сәйкес, төрт облыс құру туралы шешім қабылданды: Орал, Торғай, Ақмола және Семей. Осы облыстарды басқару туралы уақытша ереже 1868 жылғы 21 қазанда мақұлданды [31, б. 323-340]. Бұл құжат 7 бөлімнен және 268 тармақтан тұрды: 1. «Әкімшілік ұйымдастыру», 2. «Сот ұйымдастырылуы», 3. «Алым-салықтар және земстволық төлемдер», 4. «Пайдалану және иелену туралы», 5. «Қырғыздардың құқықтары туралы», 6. «Қырғыздардың рухани істерін басқару туралы», 7. «Дала мектептері туралы». Бұл реформаның негізгі мақсаттары: бүкіл Қазақстан үшін бірыңғай және тиімді басқару жүйесін құру, әкімшілік шенеуніктердің өсіп жатқан шығындарын және әскери бөлімдерді ұстау шығындарын азайту үшін, салық жинауды ұлғайту, Қазақстан аумағында жалпы Ресейлік заңнаманы тарату, облысты одан әрі отарлаудың құқықтық негіздерін құру, яғни барлық жерді Ресей империясының меншігі деп жариялау.

Орал және Торғай облыстарының басты басқармасы Орынбордың генерал-губернаторына, ал Ақмола мен Семейдікі Батыс-Сібірдің генерал-губернаторына тиесілі болды. Әр облыстың басқармасы генерал-губернатордың тікелей басшылығымен облыстық және уездік болып бөлінді. Облысты басқаруды әскери губернатор және облыстық басқарма жүзеге асырды. Облыстық басқарманың төрағасы вице-губернатор болды. Барлық лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері осы ережемен белгіленді. Уезді облыстың әскери губернаторының ұсынысы бойынша, генерал-губернатор тағайындаған уезд бастығы басқарды. Әрбір уездің көшпелі тұрғындары болыс басшыларымен басқарылатын болыстарға, ал олар өз кезегінде ауыл ақсақалдарымен басқарылатын ауылдарға бөлінді. Бұл лауазымдарға үміткерлер сайлану арқылы тандалған, бірақ соңында сайлауға үміткерлерді Ресей билігі бекітеді. «Ауыл ақсақалдары мен болыс басшылары үш жылға сайланады. Болыс басшыларымен басшылыққа үміткерлер губернатормен, ал ауыл ақсақалдарымен оған үміткерлер – уездік бастықтармен бекітіледі» [31, б. 328]. Болыс басшылары болыстағы бейбітшілік пен тәртіпті сақтауға, заңдардың орындалуын қадағалауға, салықтарды төлеу жүйесінің түзулуіне және т.б. жауапты болды. Ауылда осы міндеттердің барлығының орындалуын ауылдық ақсақал қадағалады және ол толықтай болыс басшысына бағынышты болды.

1867-1868 жж. әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижесінде Қазақстан үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан. Әрбір генерал-губернаторлық екі облыстан тұрды, барлығы алты облыс болды: Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу және Сырдария. Бұл аумақтарда әкімшілік бөлінудің мынадай негізгі жүйесі орнады: генерал-губернаторлық – облыс – уезд – болыс – ауыл. Осы құжатқа сәйкес Түркістан генерал-губернаторлығы әскери министрлікке, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы – Ішкі істер министрлігіне, ал Орынбор генерал-губернаторлығы – Сыртқы істер министрлігіне бағынышты болды. Бұл облыс аумағындағы жоғарғы биліктің бірыңғай болмағанын және бұл өз кезегінде бірқатар қиындықтарды туындатқанын көрсетеді. «Қазақстанға қатысты мәселелер Сенатта, Мемлекеттік кеңесте, Сыртқы және Ішкі істер министрліктерінде, Мемлекеттік мүлік және әскери мәселелеріде, Сібір комитетінде талқыланды. Осы институттардың бірінің шешімі көп жағдайда басқаларына белгісіз болып отырды. Бұл, қазақ даласын әртүрлі орталық басқармалар арасында әкімшілік тәртіпке сай бөлінгенін және осыған байланысты ол басқармалардың ешқайсысы да барлық саяси мәселермен толықтай айналыспағанын ескерсек, таңқаларлық жайт емес. С.З. Зиманов: «Ағымдағы саясатта жергілікті шекара басшылары елеулі еркіндікке ие болды», – деп жазған [89, б. 254].

Осылайша, «Жетісу және Сырдария өңірлерін басқару туралы» және «Орал, Торғай, Ақмола және Семей өңірлерін басқару туралы» уақытша ережелер, XIX ғасырдың басында басталған, осы аумақтардағы өздерінің ұстанымдарын құқықтық орнықтыру саясатын жалғастырды. Бұл ережелер Қазақстан аумағындағы дәстүрлі басқару жүйесін түбегейлі өзгертті, қазақстандық қоғамдағы патриархалдық байланыстардың ыдырау үдерісін күшейтті, аймақты әрі қарай эксплуатациялау үшін заңдық негіздер құрды, жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністі орнықтырды. К.А. Жиреншин айтқандай: «Оған, түкпірдегі отар ретінде, метрополилердегі көптеген буржуазды реформалар тарамады, яғни, тіпті олар жариялаған салыстырмалы түрдегі аз еркіндіктердің өзі де Қазақстан үшін жарамсыз деп танылуы – теңсіздіктің айқын белгісі болды. Қазақстан Ресей империясының ішкі отары ретінде 1867-68 жылдардағы реформалардың ережелеріне сәйкес, тәуелсіз заң шығарушы билікке ие болмады және ие болуға құқысы болмады» [124, б. 106]. Мемлекеттік Думаның депутаты Т.И. Седельников: «Бұл ереже шешуші бұрылыс нүктелерінің бірі болды: ол қазақ даласының кешесі мен ертеңі арасына айқын шекара сызды» – деп айтқан [125, б. 20].

Қазақ өлкесін басқару туралы бұл ережелер, уақытша шара ретінде енгізілді. Бұл жайлы құжаттарда келесі үзінді сақталған: «Жобадағы

кең ауқымды тақырыпты қамтитын ережелердің қолданыстағы заңдардан айтарлықтай ауытқулары бар екендігін ескере отырып, сондай-ақ қазіргі кездегі туындаған жағдайда тек тәжірибе ғана сенімді жетекші бола алатындығын ескеріп, комитет, Мемлекеттік кеңестің бірлескен департаменттерінің қорытындысы бойынша, қазіргі кездегі аталған заң жобасын тұрақты заң ретінде бекітпей, тәжірибе ретінде ережелердің бірін қолдануға мүмкіндік берді ...» [31, б. 320]. Дегенмен, бұл реформалар Қазақстанның аумағындағы өз жұмысын шамамен 20 жыл бойы жалғастырды. Уақыт пен өмір, өңір аумағындағы ережелермен белгіленген әкімшілік және сот жүйелерінің жергілікті шындыққа жанаспайтындығын көрсетті. Олар қазақ қоғамының дәстүрлі өмір салтының ерекшеліктерін ескермей, оның іргетасын бұзып, халықтың табанды наразылығына кез болды, бұл Қазақстан аумағындағы бірқатар ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына әкеп соқты. Соған қарамастан, патша үкіметі «қырғыз даласын Ресейдің басқа бөліктерімен біртіндеп қосуға» бағытталған өзінің басты мақсатынан бас тарпады.

Патшалық биліктің қойылған мақсаттарына сәйкес, Қазақстан облыстарының әкімшілік басқаруында бірқатар маңызды өзгерістер жүргізілді, олар мынадай заңнамалық құжаттардан көрініс тапты: «Орал, Торғай, Ақмола және Семей өңірлеріндегі әскери басқару туралы» [126]; «Ақмола облысында, Сарысу өзені бойында, Сарысу уездін ашу туралы» [127]; «Ішкі қырғыз ордасының билігін Астрахан басқармасы ведомствосына беру туралы» [128]; «Орынбор генерал-губернаторлығын таратып және Орал мен Торғай облыстарын Ішкі істер министрлігіне бағындыру туралы» [129]; «Ақмола және Семей өңірлеріндегі әскери басқарудағы өзгерістер туралы» [130]; «Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының басқармасының генерал-губернатордың қадағалауында болуы туралы» [131]; «Сырдария облысының облыстық басқармасына өзгерістер енгізу туралы» [132].

XIX ғасырдың 80-ші жылдарында осы заңнамалық актілердің қабылдануының нәтижесінде, қазақ өлкесін басқаруда әкімшілік-аумақтық өзгерістер орын алды. 1881 жылғы, «Орынбор генерал-губернаторлығын тарату туралы» қаулыға сәйкес Орынбор генерал-губернаторлығы таратылып, Орал және Торғай облыстары Ішкі істер министрлігінің тікелей қарамағына өтті [12, б.418]. 1882 жылы Әскери министрліктің ұсынысымен, патша жарлығы бойынша Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы таратылды [4, б.451]. Оның орнына, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарын қамтитын Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Дала генерал-губернаторлығы мен Түркістан өлкесінің шекаралары 1886 жылғы 15 наурыздағы «Дала және Түркістан

генерал-губернаторлықтарының арасындағы шекараны өзгерту туралы» қаулысымен анықталған [133]. Осыған байланысты осы облыстарды басқару туралы жаңа ереже әзірлеу қажет болды. Ереженің жобасын әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары шамамен он жылға жуық уақытқа созылды.

Ресейдің түкпіріндегі жергілікті шенеуніктердің, басқару органдарының іс-әрекеттерін, аумақтардағы істердің шынайы жағдайының бетін ашуда басты рөл сенаторлық ревизия мағлұматтарына тиесілі. Сенаторлық ревизиялар институты, Ресейдегі әкімшілікті, әсіресе елдің шекаралық мекендеріндегі әкімшілікті қадағалауда маңызды рөл атқарды. «1800 және 1915 жылдар аралығында Ресейде 120-125 сенаторлық ревизия жүргізілді. Олардың шамамен 80-ге жуығы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысына жүргізілді. Содан кейін олардың саны күрт төмендеді, ал 1880 жылдан кейін мұндай ревизиялар 20 жылдан астам уақыт бойы тағайындалмады. 1905 жылдан 1917 жылға дейін 11 сенаторлық ревизия жүргізілді» [134, б. 152]. Үкімет осындай ревизияларды, губерниялар мен провинциялардағы істердің шынайы жағдайын анықтаудың ең жақсы әдісі ретінде қарастырды. Бұл ревизиялар шет мекендердегі істердің жай-күйі туралы ақпарат алуға, дайындалған реформа үшін мағлұматтар жинауға және жергілікті билік органдарының қызметімен жан-жақты танысуға мүмкіндік берді. Кейін бұл мағлұматтар жаңадан қосылған аумақтарда жүргізілген реформалардың негізін құрады. Мысалы, 1880 жылы сенаторлар М.Е. Ковалевский, И.И. Шамшин, А.А. Половцев, және С.А. Мордвинмен Ресейдің тоғыз губерниясында, сонымен қоса Орынбор губерниясында да кешенді сенаторлық ревизия жүргізілді. Ішкі істер министрі осы ревизияның алдына мынадай міндеттерді қойды: «Сіздердің аттанғалы отырған ревизияларыңыз бұған дейінгі жүргізілген әдеттегі сенаторлық ревизиялар тәрізді болмайды: бұл жердегі негізгі мәселе билікті теріс пайдаланушыларды кінәлі деп танып сотқа тапсыру емес; жоқ, мұнда біздің провинциялық үкімет тәртібінің жалпы ебедейсіздігін қалай жоюға болатынын, соңғы кездері заңнамалық билікпен әрдайым бір бағытта жасалмаған барлық мәселелерді қалайша бірлік пен келісімге әкелуге болатындығын шешу» [134, б. 238-239]. Ревизор, статс-хатшы М.С. Коханов төрағалық еткен жергілікті басқару жобаларын құру бойынша арнайы комииссияға келіп түскен нұсқаулықтың барлық бөлімдері бойынша көптеген мағлұматтарды жинады. 1882-1883 жылдары жаңа генерал-майор М.А. Черняевтың шақыруымен Дала комиссиясының бұрынғы мүшесі, құпия статс-кеңесші Ф. Гирс, Түркістан өңірінде өзінің ревизиясын жүргізді. Бұл ревизия Түркістан аумағын толық және тиянақты зерттеу мақсатында ұйымдастырылды.

Өз баяндамасында ол жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудағы сайлау жүйесінің айқын кемшіліктерін атап өтті: «... Сайлаудағы қарапайым құбылыс: өз үміткерлерін өткізгісі келген партиялардың күресі қарсыласын жою үшін ешқандай әрекеттен тайынбайды, шағымдану, құпия өсек тарату, өтірік сөз жеткізу, пара беріп дауыс берушілерді сатып алу. Сайлау кезіндегі талас, кейде тіпті тәртіпсіздіктерге дейін әкеледі» [134, б. 239]. Дегенмен, Ф. Гирс Қазақ даласында сайлау принциптерін жоюға қарсы болды. Оның айтуы бойынша, біріншіден, ресейлік шенеуніктер әлі де жергілікті тұрғындарды жақсы білмейді және сәтсіз тағайындалған басқарушы болатын болса, онда халық Ресей билігін кінәлайды; екіншіден, егер басқарушы жиналған салықтарды жұмсап қоятын болса, онда бұл қаражаттарды халықтан талап етуге болмайды, себебі олар бұл басқарушыны сайлаған жоқ; және, сайып келгенде, халық сайлау құқығын бағалайды, сондықтан оларды ресейлік заңдарда бекітілген осы құқықтан айыруға ешқандай себеп жоқ. Ф. Гирс келесі шараларды ұсынды: 1) болыс басшысы лауазымына үш үміткерді сайлауға, және олардың біреуін жергілікті губернатордың мақұлдау құқығымен таңдауға мүмкіндігін беру; 2) салық жинау құқығын болыс басышынан ауыл ақсақалдарына тапсыруға рұқсат беру; 3) ресейлік сотта сайлаушылардың парақорлық жағдайларын қарастыру және соңында, елуліктерге (сайланған) полиция қызметін атқаруға және болыстық басшылардың көмекшісі ретінде әрекет етуге заң жүзінде тыйым салу [134, б. 240]. Ф. Гирстің бұл ұсыныстары, Түркістан аймағын басқарудың бұдан кейінгі ережелерінде өз көрінісін тапты. Ревизияның мағлұматтары көрсеткендей, бюрократия үрдістері жаңадан біріктірілген өңірлердің қоғамына біртіндеп еніп жатты.

Аймақтағы әкімшілік және сот жүйесін одан әрі реформалау қажеттілігі, тіпті патша шенеуніктерінің арасында да көтеріле бастады. Нәтижесінде, 1886 жылдың 12 маусымында, «Түркістан аумағы әкімшілігі туралы» [31, б. 352-379] қаулы шығарылды, бұл Оңтүстік Қазақстанның халқы 1917 жылға дейін сүйенген негізгі заң актісі болып табылатын. Бұл ереже 331-тармақтан және 4 бөлімнен тұрды: әкімшілік құрылым, сот жүйесі, жер жүйесі, алым-салықтар. Түркістан өлкесі құрамына үш облыс кірді: Сырдария, Ферғана және Самарқанд. 1897 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына Жетісу облысы да кірді. Императордың тікелей шешімі бойынша қызметіне тағайындалатын және босатылатын генерал-губернатордың билігі, одан әрі кеңейтілді. Облысқа әскери губернаторлар мен облыстық басқармалар басшылық етті. Әскери губернаторлар, Ішкі істер министрiмен және Түркістан аймағының генерал-губернаторымен алдын-ала

келісім негізінде әскери министрдің ұсынысы бойынша тағайындалады және босатылды. Болыстық және ауылдық басшылар және олардың көмекшілері халық таңдауы бойынша үш жылға сайланды, бірақ үміткерді қызметінде бекіту немесе бекітпеу әскери губернатордың қолында болды. Бұл ережелер Қазақстанның Ресейдің құрамындағы отаршылдық статусын заңды түрде бекітті.

XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамының өмірінде елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын ала бастады: тауар-ақша қатынастарының таралуы, өндіруші салалардың дамуы, теміржол құрылысы, қоғамның одан әрі бөлінуі және жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы тәрізде құбылыстар байқалды. Қазақстан біртіндеп жалпыресейлік экономикалық нарыққа барлық жағынан тартыла бастады: ол Ресей нарығында дамып келе жатқан капиталистік өнеркәсіп үшін шикізат көзіне айналды. «Өндеуші өнеркәсіптің кеңеюі, тау-кен өнеркәсібінің салыстырмалы түрде қарқынды дамуы, жаңа темір жолдардың құрылысы, урбанизация процестері, жұмысшы класстарының қалыптасуы – мұның барлығы бірігіп, бүкіл әлеуметтік-экономикалық факторлар жүйесінің өзгеруіне әкеліп соқты, бұл өз кезегінде Қазақстанға отаршыл аймақтың кейпін берді. Қазақстанның Ресейлік өмір салтына тартылуы үрдісі, ескі заңнамалық актілер мен далалық аймақтардың әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінде орын алған өзгерістер арасындағы қарама-қайшылықтар нәтижесінде туындаған, бірқатар субъективті кедергілерге тап болды» [4, б. 433]. Осылайша, қабылданған заңнамалық актілер қазақ өлкесінде орын алып жатқан өзгерістердің артынан ілесе алмады. Осының нәтижесінде бірқатар қосымша заңнамалық актілердің қабылдануы, мұны растайды: «Түркістан әскери округіндегі кейбір өзгерістер туралы» [135]; «Сырдария облысының басқармасындағы өзгерістер туралы» [133].

Қажеттілік пен уақыт, тарихи шындыққа сәйкес келетін және экономикада, қоғамда болып жатқан өзгерістерді көрсететін жаңа заңнамалық құжаттарды енгізуді талап етті. 1891 жылы наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай өңірлерін басқару туралы» ереже қабылданды [31, б. 387-399], тарихта ол «Дала ережесі» деген атпен кеңінен танымал. Бұл құжат 168 тармақтан, кіріспеден және 4 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім: «Әкімшілік құрылым». Бұл бөлім осы облыстарды басқарудың негізгі мәселелерін, генерал-губернаторлардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды, жергілікті әкімшілік ұстанымдарын қарастырады: облыстық, уездік, қала, тұрғындарын қоныстандыруды және бұратаналардың рухани істерін қарастырады. Бұл аймақтарды басқару, императордың өзі тікелей тағайындаған дала губернаторына тапсырылды. 17-бап генерал-губернаторға «саяси сенімсіздік шақыратын бұратаналарды, ішкі істер министрімен келі-

сілген империяның белгіленген аймақтарына, бес жылдан аспайтын мерзімге шығарып тастауға» құқық береді [31, б. 388]. Бұл осы аймақтағы генерал-губернатордың патша монархиясының жеке дара әкімшілік өкілі ретіндегі беделін нығайта түсті. Облыстық әкімшілікті әскери губернатор және облыстық басқарма құраған. Жетісу мен Орал облыстарында, әскери губернаторлар осы лауазымымен қатар, казак әскерлерінің атамандары болып саналды. Уездер, әкімшілік міндеттері едәуір кеңейген, уездік бастықтардың билігінде болды. Әрбір уездегі көшпелі халық болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстар мен ауылдық басшылардың сайлану жүйесі сақталды. Бұратаналардың ішіндегі лауазымды тұлғалардың жемісті қызметтері үшін, оларға құрметпен шапан кигізіліп, ақшалай сыйлықтар берілді. Екінші бөлім «Сот жүйесі» сот талқылауының мәселелеріне арналған. Үшінші бөлім «Жер жүйесі», бұл бөлімнің 119-бабында былай деп жазылған: «Көшпенділердің иелігіндегі жерлер мен осы жерлердің барлық тиесіліктері, соның ішінде ормандар, мемлекеттің меншігі деп танылады» [31, б. 395]. Сонымен қатар, барлық артық жер, яғни, көшпенділер меншіктенбеген жерлер, мемлекеттік мүлік министрлігінің құзырына тиесілі. Төртінші бөлім «Төлемдер мен міндеттер», бұл бөлімде көшпелі және қоныстанған халықтың қандай салықтар төлейтіні және земство міндеттері белгіленген. Жалпы алғанда бұл ереже дала облыстарын басқару жүйесін ретке келтірді, 1867-68 жылдардағы бұрынғы реформалардың уақытша сипатын жойды, әкімшіліктің міндеттерін едәуір кеңейтті, сот жүйесінде елеулі толықтырулар мен түсініктемелер енгізді, салық саясатына өзгерістер енгізді. «Экономикалық және әлеуметтік-саяси үрдістердің барлық қарама-қайшы, күрделі жүйесін реттеуде оң рөл атқарып, бұл реформа өңірді түпкілікті отаршылдық аймаққа айналдырып, Қазақстанның игерілуін жеделдете отырып, ресейлік кәсіпкерлерге аймақтың кең табиғи және басқада байлықтарын игеруіне жол ашып, мемлекеттің фискалдық саясатын ушықтырып жіберді» [4, б. 437]. Осы ережені қабылдауға байланысты, Ә. Бөкейхановтың айтқаны: «Қысқаша айтқанда, халықтың шынайы қажеттіліктерін ескермей, бюрократиялық жолмен жасалған Дала ережесін казак жеріне енгізу, билік тарапынан заңға деген құрметсіздік, олар заң мүдделеріне қарағанда өз пайдаларын анағұрлым жоғары қояды. Тұлғаның құқықтарына толық немқұрайлықпен қарайды. Әкімшілік зомбылық... қазақтардың рухани және экономикалық мүдделерін елемеу, жаппай масқаралықты жасанды түрде қолдау – осының барлығы халықты кедейлікке, ал оның мәдени дамуын тоқырауға әкелді» [136, б. 76].

Алайда, бұл реформа аймақтың жылдам өзгеріп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады, ол әлі де заманнан артта

калып отырды. Патшалық билік органдарында орын алып отырған бюрократтық сөзбұйда, былық және т.б. барлығы заңның ендірілуінің ұзаққа созылуына ықпал етті. Патша әкімшілігінің өкілдері жазғандай: «Ереже жасау кезінде қателіктер жіберілгені, оның кейбір баптарының көшпенді өлкенің өмір салтына сәйкес болмауын тәжірбие жүзінде көруге болады» [137, п. 4]. Сондықтан кейін қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізген жаңа заң актілері жарық көрді: «Түркістан аймағының әкімшілік ұйымына қатысты, Түркістанды басқарудың кейбір ережелерін өзгерту туралы» [138]; «Түркістан аумағын басқару туралы ереженің 18-бабына түзету енгізу туралы» [139]; «Транскаспий аймағын Грузия епархиясынан Түркістан құрамына қосу туралы» [140]; «Түркістанның генерал-губернаторына, Жетісу және Транскаспий облыстарын жалпы басқару туралы сұрақтарды кеңеске тапсыру құқығын беру туралы» [141].

Осылайша, патшалықтың заңнамалық құжаттарының мысалында, Қазақстанның Ресейге отарлық мәртебесін құқықтық біріктіру процесі біртіндеп жүзеге асырылып, шамамен ғасырға созылғандығын көруге болады. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымын жүзеге асыру мәселесі өте күрделі болып, ұзақ уақытқа созылды, өйткені Қазақстанның Ресейдің құрамына кіруүрдісі даулы сипатта болды.

Орын алып отырған қайта құрылулардың, жылдам өзгеріп отырған тарихи жағдайларға сәйкес болмауы, қазақ халқы тарапынан өткізіліп жатқан реформаларға деген табанды қарсыластығы, қазақ жерлерінің кеңдігі, жергілікті ерекшеліктерді білмеу және олармен санасуға деген құлшыныстың болмауы, жауланған жерлерге өзінің басқармасын неғұрлым тезірек енгізіп және орнықтыруға деген құлшыныс, – осының барлығы патшалықтың әкімшілік реформасының тарихи шындыққа сәйкес келмеуіне, аймақтың даму ерекшеліктерін ескерілмеуіне септігін тигізді. Бұл, өз кезегінде, бір-бірін толықтыратын, күшін жойдатын немесе тіпті қарама-қайшылықтар тудыратын көптеген басқа да заң актілерінің қабылдануына әкелді. Жалпы алғанда, Ресей империясының заңнамасы Қазақстан аумағындағы патша билігінің ұстанымдарын күшейтуге және кеңейтуге бағытталды, Ресей басқару жүйесін енгізудің заңды негіздемесін және отарлық аймаққа түпкілікті айналуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Бақылау сұрақтары:

1. XVIII ғасырдың соңында Қазақстанның әкімшілік-аумақтық басқаруын өзгерту әрекеті неге табысты болмады?
2. Бөкей хандығының құрылу себептері қандай?
3. М. Сперанскийдің Орта жүз аумағында әкімшілік-аумақтық құрылымның өзгеруінде рөлі қандай?

4. «Сібір қырғыздары туралы» жарлығының мәні неде?
5. Кіші жүз аумағында басқару бойынша қандай өзгерістер енгізілді?
6. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы» ережені қабылдаудың себептері қандай?
7. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысында XIX ғасырдың ортасында қандай өзгерістер болды? 1867-1868 жж. заңнамалық құжаттардың мысалдарын келтіріңіз.
8. «Түркістан өлкесін басқару туралы» ереженің мәні неде?
9. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысындағы негізгі өзгерістерді сипаттаңыз? Заңнамалық құжаттардың мысалдарын келтіріңіз.
10. Неге Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысын енгізу мәселесі Ресей империясы үшін маңызды болды?

Тақырып бойынша заңнамалық дереккөздер:

24 наурыз 1859 ж.

Министрлер комитетінің жоғары бекітілген ережесінен көшірме. – Зауралье қырғыздары далаларын басқаруды Ішкі істер министрлігі ведомоствосына табыстау туралы.

Орынборлық және Самаралық генерал-губернатордың Ішкі істер министрінің ұсынысы бойынша, Комитет генерал-адъютант Катениннің негізді ой-пікірін мойындап, Сыртқы істер министрлігінің басқаруында тұрған Зауралье қырғыздарының далаларын басқаруды Ішкі істер министрлігі ведомоствосына беріп, даланы Орынбор қырғыздары ведомоствосы деп атау, ал оның шекаралық басқаруын облыстық басқармаға тапсыру тиіс.

Сонымен бірге, комитет алдындағы князь Горчаковтың шынайы құпия кеңесшісімен толық келісе отырып, бұл тапсыру тез арада орындалуы керек, комитет жорамалдайды: сыртқы істер министрлігі Зауралье далаларын басқарудың барлық ісін кідіртпей ішкі істер министрінің қарамағына берсін, орынборлық және самаралық генерал-губернатор мұны министрлікке енгізсін, осы аударыммен бірге жүретін барлық мән-жайларға, сондай-ақ даланы басқарудың жаңа заң жобасына қатысты өздерінің ескертулерін қарастырсын.

РИ ЗТЖ-2. Т. 34. №34270. Б. 218-219.

8 қаңтар 1862 ж.

Сенат тарапынан хабарланған атаулы жарлық. – Мемлекеттік мүлік министрлігінен Ішкі істер министрлігіне Ішкі қырғыз ордасын басқаруды табыстау туралы.

Император тақсыр бұйыруды рақым етті: Ішкі Қырғыз ордасын басқаруды Мемлекеттік мүлік министрлігінен Ішкі істер министрлігіне басқару барысында ел бірлігін сақтау үшін беруді, соңғы министрлік ведомосінде тұрған Кіші Қырғыз ордасы, белгіленген орданы елемей, баяғыдай орынборлық және самаралық генерал-губернатор тәуелділігінде тұрған және Облыстық басқарманың қарамағандағы орынборлық қырғыздардың және жергілікті ордалық басқармамен барлық іскерлік қатынастарға жинақталған генерал-губернатордың кеңсесіне толық құрамда орда істері бойынша уақытша үстелді басқару үшін.

РИ ЗТЖ-2. Т.37. №37839. Б. 14-15.

11 шілде 1881 ж.

Атаулы жарлық. – Орынбор генерал-губернаторлығын тарату және Орал және Торғай облыстарын Ішкі істер министрлігіне бағындыру туралы.

Орынбор губернаторы қызметінен бас тарту керек екенін мойындай отырып, біз бұйрық береміз:

1) Уфа және Орынбор губернияларындағы Басқарма мен Орал және Торғай облыстарында Орал және Торғай облыстарына қатысты жалпы азаматтық басқару ережелері және губерниялар мен облыстар үшін шығарылған жергілікті заңдастыру мен заң үкімі негізінде, барлығына қоса 1868 жыл, 21 қазандағы Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ережеге сәйкес белгілеу
2) Кеңестің штаб-пәтері губернатордың қатысуымен ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне Уфа және Орынбор облыстарында әкімшілік кеңсесіне, Орал және Торғай облыстарында, облыстық кеңестерде болған істерді тоқтату туралы істерді тоқтату керек. Орынбор облысында – Ішкі істер министрлігінде

Орынбор өлкесі бойынша жалпы істерді Ішкі істер министрлігіне, Орал және Торғай облыстары бойынша істерді олардың облыстық басқармасына, Уфа және Орынбор губернияларының өндірісінде жатқан істерді губернатордың кеңселеріне, генерал-губернатор жанындағы кеңсенің ісін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне беру. 3) Генерал-губернатордың иеліктегі жалпы және жергілікті заң ережесін Уфа

және Орынбор губернияларының губернаторлары арасында және бір жағынан Орал мен Торғай облыстарының әскери губернаторлары, екінші жағынан министрлікке жататындарға, тиістілігіне қарай министрлерге үлестіруге ұсынуға құқық беру. 4) Жерді шекараға бөлу бойынша орынборлық және оралдық казак әскери қолына қатысты генерал-губернатордың құқықтары мен міндеттерін бекіту бойынша. Станицалық және офицерлік үлестерді, казак жерлеріндегі тұратын ауыл тұрғындары мен басқаларды заңда белгіленгендей, арнайы жарғының осы шығарылымы жарияланғанға дейін уақытша әскери министрліктің казак әскери қолының басты басқармасына көшіру. 5) генерал-губернатор кеңсесін құрайтын шенеуніктерді, ал генерал-губернатордың ерекше тапсырмасы бойынша құрамында тұрғандарды қызметінен қысқартып, жалпы негізде штаттан тыс қалдыру. Мұны қанағаттандыру үшін Үкіметтің Сенаты тиісті тәртіпті жасау үшін кетпейді.

РИ ЗТЖ-3. Т.1. №316. Б.224.

15 наурыз 1886 ж.

Жоғары бұйрық. – Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарының арасындағы шекараны өзгерту туралы.

Түркістандық генерал-губернатор Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарының арасындағы шекараны өзгерту туралы ұсыныспен әскери министрлікке енді. Сонымен бірге ол, генерал-губернатор, мәлімдеді, 1884 жылы қалыптасқан далалық генерал-губернаторлықтың Кетпен-Төбе болысының Түркістанға саналуын, Жетісу облысы жағынан бұл екі генерал-губернаторлықтың арасындағы шекара Кетпен-Төбе болысының шекарасында орналасқан Қарабалта өзенінің құйылысынан басталып Сусамыр өзенінің төменгі жағына дейін, оң жағынан Алтықан өзеніне дейін және осы өзеннен жоғарыға қарай Тұзашу асуына дейін басталады; осы жерден су айыратын жон бойынша Шартас асуына дейін, әрі қарай осы асу арқылы төменгі өзенінің ағысында Түлік өзені деп аталатын Шартас өзенінің Нарын өзеніне құйылуына дейін; осы жерден Нарынның жоғарысынан бастап Тамғал-арша деп аталатын Қарақыр жонының сілемінің шетіне дейін; әрі қарай осы тау сілемі бойынша Қарақыр асуына дейін (Қарақыл картасында белгіленген) және Көкпірім суайырығы бойынша Моншак және Күмісбел асуына дейін (Тамғал-арша тау сілемі Турук өзенінен шығыста жатыр және Джуван-терьяк өзенінен алқапты ажыратушы ретінде қызмет етеді).

Соғыс Министрінің баяндамасында император, 1886 жылдың 15 наурызында, Соғыс министрінің жоғарыда айтылған баяндамасында, Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарының арасындағы шекараны өзгерту туралы атап өткен.

РИ ЗТЖ-3. Т. 6. №3575. Б. 115-116.

26 желтоқсан 1897 ж.

Сенатқа ұсынылған атаулы жарлық. – Сібір және Орталық Азия облыстарын әскери округтерге олардың жоғары азаматтық басқару құрылымындағы сәйкес өзгерістермен бөлу туралы.

Қолданыстағы орнына Сібір мен Орталық Азияның әскери бөлімшелеріне жаңа бөлінуі пайда болғанын мойындай отырып, олардың жоғары азаматтық әкімшілігінің құрылымына сәйкес өзгерістер енгіземіз:

1. Иркутск генерал-губернаторлығынан әскери басқарманы азаматтық басқармадан бөліп, губерниядан мыналарды бөліп алу керек: Тобыл, Том, Енисей және Иркутскні және Ақмола, Семей, және Якутской облыстарын Омбыда «сібір әскери бөлімшесі» деп атап, бір орталық әскери бөлімді құру керек.

2. Жетісу облысын Омбы әскери бөлімшесі және Далалық генерал-губернаторлығы құрымынан, сонымен қатар ішкі істер министрлігі басқаруынан алып, Түркістан әскери бөлімшесі мен генерал-губернаторлығына енгізіп, әскери министрліктің басқаруына беру керек.

3. Закаспийск облысын жалпы басқару тәртібімен тікелей алып, әскери министрліктің жүргізуіне енгізу, генерал-губернаторлықтың құрамына кіретін басқа облыстармен бірдей негіздегі Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына енгізу.

4. Иркутск генерал-губернаторлығына оған бағынышты сыртқы бөлім бойынша генерал-губернаторлықтың шегінде жатқан әскер бойынша «иркутскілік әскери генерал-губернаторлығын» атағын беру.

5. Әскери Министр Сібір мен Орталық Азия өңірлерінің осы жаңа басқару құрылғысын, сондай-ақ қазіргі жағдай мен ережелерде туындаған барлық өзгерістерді енгізу мерзімдерін тиісті түрде қарауға тиіс.

РИ ЗТЖ-3. Т. 17. №14818. Б. 711.

30 шілде 1907 ж.

Министрлер кеңесінің жоғары бекітілген ережесі. – Түркістан өлкесін басқару бойынша жаңа ережені құрастыру және сол өлкені ішкі істер министрлігінің жүргізуіне беруді кейінге қалдыру туралы.

Министрлер кеңесі ұйғарды:

1. Әскери министрге Түркістан аймағын басқару туралы жаңа ережені әзірлеу үшін арнайы тыс отырыс өткізу туралы және осы жобаны Министрлер кеңесінің қарауына шығару үшін осы пікірді мақұлдаған күннен бастап екі жылдан кешіктірмей тапсыру.

2. 1890 жылғы 6 ақпанда (6576) бекітілген Транскаспий аймағының әкімшілігі туралы Уақытша ереженің жұмысын жалғастыру және Түркістан әкімшілігі әкімшілігінің әскери бөлімнен ІІМ-ге ауыстыруды кейінге қалдыруға, осы аймақтың әкімшілігі туралы жаңа ережені енгізуді күтіп тұр.

РИ ЗТЖ-3. Т. 27. №29383. Б. 476-477.

5-БӨЛІМ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ БОЙЫНША РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМА АКТІЛЕРІ

Ресей Қазақстан территориясында тәртіп пен тыныштықты орнату үшін өзінің сот жүйесін орнатып халық сотының функциясын қысқартып беделін түсірді. Патшалық үкіметтің Қазақстанға қатысты қабылдаған заңнама актілерінің едәуір бөлігі құқықтық мәселелерді және ресейлік сот жүргізу жүйесін енгізуге бағытталған мәселелерді реттейтін заңдарға жатады. Себебі олар арқылы, Қазақстан жерінде әкімшілік, экономикалық және басқа да реформаларды табысты жүргізудің, өлкені отарлаудың заңнамалық негізін қамтамасыз етті.

Қазақстанның бодандығына байланысты алғашқы заңнама құжаттарынан бастап патша үкіметі сот жүйесіне назар аудара бастады. 1734 жылы 18 мамыр стат кеңесшісі Иван Кириловқа берілген нұсқаның 11 пунктінде Кіші жүздегі сот дауларының шешілу жағдайларын анықтау қажеттілігі туралы айтылған: «Халықтың сот жүйесіндегі тәртібі, дәстүрлері, сот шешімін шығарудың негіздері, яғни ақталғандар мен кінәланғандардың дауларын шешу ерекшелігіне назар аудару керек, себебі қандай да болмасын халықтың Ресейдің сот құқықтарына қарсылығын басу керек» [9, б. 325]. Әрі қарай жарлықта өзіндік сот құрып олардың құрамында орыс және қазақ аумақтарды енгізу қажеттілігі туралы айтылған: «Сол соттарда біздің орыс адамдарынан екі-үшеуін, ал олардың жағынан соншалықты адамдарды хан балалары, сұлтандардан және ру басшылардан тағайындау керек...» [9, б. 324].

Бодандық қабылдаудың бастапқы кезеңдерінде қазақтар Ресеймен жасасқан келісім-шарттарды бұзып жатты. Ресейдің қол астында болған башқұрттар мен қалмақтарға шабуылдап, Оралдың, Ертістің, Тобылдың арғы жағындағы босап жатқан жерлеріне өз еркі бойынша көшіп-қоныстанған еді. Дегенмен XVIII ғасырдың соңында қосып алынған территорияларда қазақ жеріне қатысты Ресей саясатының отаршылдық бағыттылығы анық көріне бастады. Сондай саясатқа деген наразылық қазақ тұрғындары арасынан қарсылық етудің табиғи өсімі байқалады, нәтижесінде бірнеше ұлт-азаттық көтерілістер басталды. Осыған орай патша үкіметі патшалықтың жүргізген саясатына наразылық білдірген қазақтарды құқықтық тұрғыдан жазалаудың сәйкестірілген шараларын қабылдады және басқару саласында, сот өндірісінде орыс жүйелерін енгізе бастады. 1784 ж. «Қырғыз-қайсақтардың наразылығын басу туралы шаралар» атты атаулы жарлық жарыққа

шықты [142]. Бұл жарлықта көрсетілгендей, орыстар мен қазақтар арасында пайда болған істердің дауларын шешу үшін Орынборда Шекаралық сот ұйымдастыру қажеттілігі көрсетілген. Сондай сот 1786 жылы обер-коменданттың басшылығымен ашылды, оның құрамына екі офицер, екі көпес, екі тұрғын, бір сұлтан, және алты қырғыз ру басшылар тағайындалып, әрбір 3 жыл сайын ауысып отыруға тиісті болды. Барлық істерді шешкен кезде сотқа орыс заңдарға негізделу міндетке салынды. Сонымен, XVIII ғ. соңында Ресей сот өндірісі жүйесіне империяның заңдары мен өздерінің өкілдерін еңгізуді бастаған. Жалпы ресейлік заңдарына негізделген сот өндірісінің жаңа жүйесі орыс билеушілеріне Қазақстан жерінде әкімшілік, полицейлік және сот функцияларын кеңінен атқаруға мүмкіншілік берді.

Кейін Шекаралық соттар Орта жүз территориясында ашылды. Бұны «Петропавл бекінісінде Шекаралық сотты ашу туралы» сенаттық жарлық көрсетеді [143]. Патшалық заңнама жаңа сот органдарының штатын және қаржыланырудың жылдық соммасын анықтады. Орынборда Шекаралық соттың қызметін қамтамасыз ету үшін штат бойынша жылына 5400 рубль сомма бөлінетін болды, ал Расправалар мен басқарушылардың қызметі 3080 рубль, соған қоса расправалардың старшиндарына нанның 91 ширегі бөлінетін болды [144, б. 612].

Кіші жүзде жаңа сот органын еңгізу қажеттілігі туралы «Кіші ордада Расправаларды ұйымдастыру, хан билігі және басқа жағдайлар туралы» атты II Екатеринаның О. Игельстромға жазған жауап хатында айтылды [31, б. 72-73]. Кіші жүздегі сот істерін тәртіпке келтіру үшін 1787 ж. 7 желтоқсандағы «Қырғыз-қайсақ ордасында үш Расправаларды ұйымдастыру туралы» атты жарлық бойынша [32] арнайы сот-әкімшілік мекемелер – Расправалар ашылып, Орынбор шекаралық сотқа тікелей бағынды. II Екатеринаның «Қырғыздардың даласын үш бөлікке бөлу туралы; қалалар, мешіттер, мектептер және қонақ үй сарайларын салу туралы; шекаралық сотта азаматтық және қылмыстық істерді шешу және Расправаларды ұйымдастыру туралы» атты атаулы жарлығында былай деп жазылған: «... Расправалар Орынборда құрылған Шекаралық соттың апелляциясына қарасты болсын» [145, б. 604]. Басқарудың және сот өндірісінің ескі жүйесін өзгерту және жаңа әкімшілік жүйесін еңгізу бойынша барлық шаралар «Игельстром реформалары» деген атаумен тарихта қалды.

Кіші жүздің қазақ ақсүйектерінің сұрауы бойынша 1787 жылы осы жүздің үш руларында тағы екі расправа ашылды. Оны келесі заңнамалық құжаттар дәлелдейді: «Қырғыз-қайсақтардың даулы мәселелерін жедел және әділетті түрде шешу; және оларды молдалардың қажетті санымен қаттамасыз ету» [146]; «Қырғыз-қайсақтардың Кіші

ордасының үші басты руларында тағы екі Расправаны құру және бір-бір молдадан қамтамасыз ету, Жағалбаймен қоғамында тағы бір сотты ұйымдастыру» [147]. 1791 жылы Кердары руында расправаны құру туралы шешім қабылданды [148], 1794 жылы Нуртай расправасы құрылды [149]. Әрбір расправада халықтың таңдауы бойынша старшиндардың арасынан бір төраға, екі мүшеден және татарлар арасынан екі хатшы тағайындалатын. Бұл старшиндар чиновниктерге айналатын, себебі өзінің қызметі үшін ақшалай және азық-түліктей жалақы алатын. 1787 жылы генерал-губернатор Игельстром Кіші жүзде расправалар үшін ережелер бекітті. Бұл ережелер бойынша расправа ру ішілік қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот жүргізді; тұрғындарды «игі ниетте, бағыныштылықта, тәртіпте» ұстау керек; генерал-губернатордың барлық шешімдерін жариялап іске асыруы керек; байұлы ру өкілдері шекараға шабуыл жасап адамдар мен малды қуып кетуді шектеу және бақылау, жергілікті тұрғындардың танаушыларды және танағандарын жасырмағанын бақылау керек еді.

Расправа Орынбор Шекаралық сотпен хат алмасуға міндетті болды, осында хабарламалар жеткізіп өкімдер алып тұрды. Дегенмен іс жүзінде көптеген расправалар ашылған жоқ және ұзақ уақыт бойы қағаз жүзінде ғана қала берді. Шекаралық соттың онжылдықтар бойы тәжірибесі бұл істің сәтсіздігін көрсетті, себебі оған шамалы істер келіп түсетін және қазақтар оған сот мәселелері бойынша қатысқан жоқ. 1804 жылдың 19 шілдеде Үкіметтік сенаттың баяндамасы бойынша расправаларды жою туралы аса жоғары үкімі шықты. Ол бойынша былай жазылған: «Қырғыз-қайсақтардың Ішкі ордасында Орынбор губерниясының штаты бойынша шекаралық мекемелерге қатысты бес расправалардың қажеті жоқ және ешқашан қызмет етпегендіктен жою және расправалық соттар мен басшылары және ру басындағы старшиндардың алып жатқан жалақысын төлеуді жалғасыру, егер де олар өздерінің қылықтарымен жазаға түсіп бұл жалақыдан айырылып қалмаса» [150, б. 39]. Сонымен орыс билігіне тәуелді болған және жалпы империялық заңдарға негізделген сотты қазақ даласында еңгізу талпынысы XVIII ғасырдың соңында сәтсіз аяқталды.

Осындай жағдайларға байланысты 1799 жылдың 19 мамырда жоғары бекітілген штат бойынша Шекаралық сот пен Шекаралық экспедицияның орнына Орынбор Шекаралық комиссия құрылды [150, б. 38]. Комиссияның төрағасы бұрыңғыдай комендант болды, комиссия құрамына 2 орыс ассессоры, қазақтардан 1 сұлтан және екі старшын кірді, олар үш жыл сайын қайта сайланатын болды. Шекаралық комиссияда келесі істер қарастырылатын: «тергеулік, жедел мерзімді, қазынаға қатысты, қылмыстық, олар бойынша шешімдер мен ұсыныс-

тар жергілікті басшыға қарауға және апробацияға тапсырылып, одан рұқсат етілген жағдайда іске асырылып және шешімге қанағатсыздық туындаған жағдайда ешқайда апелляцияға жіберілмейтін» [150, б. 39]. Сол жылы Қазақстан территориясына империяның жалпы заңдарын енгізудің келесі талпынысы жасалады. «Кісі өлтірген қылмыскерлердің істерін жалпы заңнама бойынша шешу» атты жарлыққа сай қырғыз -кайсактарды адам өлтіргені үшін заңнама негізінде айдауға жіберу туралы шешім қабылданды [151].

Патшалық үкімет мақсатты түрде «бөліп ал да билей бер» саясатын іске асыруды жалғастырып, қазақ ақсүйектері арасында даулар мен бәсекелестікті өршітіп отырды. Сұлтандар мен ақсақалдар патша үкіметінің қызметінде әр түрлі лауазымдарға тағайындалып, көлемді құқықтар мен артықшылыққа ие болды. Жаңа үкіметті қолдамаған қазақ ақсүйектері біртіндеп өз өкілеттілігінен айырыла бастады. 1806 жылы I Александр «Хан кеңесіне арналған ережелерді» бекітті [31, б. 45-46]. Хан кеңесі құрамына әскери губернатор тағайындаған төраға және Орынбор шебінің әскербасшысы бекіткен 6 кеңесші кірді. Бұл ұйым полицейлік, сот және әкімшілік функцияларымен қатар қарсы шыққандарға репрессивті әдіс-тәсілдер қолдану құқығына ие болды. «Жүзді басқару нысандарының таусылмайтын ауысулары, әскери бекіністердің құрылысы, толқуларды жасанды түрде ұйымдастыру, қазақтың ішкі істеріне патша үкіметінің белсенді араласуы және қазақ элитасының ішінде талас-тартыстарды қоздыру – осының барлығы қазақ мемлекеттілігін толығымен жаулап алу және жою үшін негіздеме салды» [43, б. 145].

Қазақ халқының басқарудың жаңа жүйесіне, сот өндірісінің ресейлік ережелеріне табанды қарсылық көрсеткеніне қарамастан патшалық басып алған өлкеге қатысты өзінің отаршылдық саясатын жалғастыра берген. Империялық жүйесіне ұқсас сот өндірісін енгізудің келесі талпыныстары XIX ғ. бас кезінде басталды. 1822 жылы жоғарыдан бектіліген «Сібір қырғыздары туралы» жарғысы бойынша Орта жүз қазақтары Омбы облысының құрамына кірді. Сот ісі де реформаның назарына түсті, бұл мәселедегі негізгі міндет ретінде Қазақстанға жалпыресейлік заңдарды тарату қойылды. Сот өндірісі «Соттық нұсқау» атты 5 тарауда қарастырылды, бұл тарауда 3 бөлімше болды: 1 бөлім «Қылмыстық істер», 2 бөлім «Азаматтық істер», 3 бөлім «Жоғары басқармаларға төменгілердің басқармаларына шағымдар». 205-ден 227-ге дейінгі баптарда қазақ өлкесіндегі сот өндірісінің негізгі ережелері баяндалды. Қырғыздардың барлық сот істері үш топқа бөлінді: а) қылмыстық, б) азаматтық, в) басқармаға деген шағымдар. Негізгі сот функциялары орыс билік органдарының –

округтік приказдардың отырысшыларының қолында шоғырланды. Ресейдің жалпы заңдары бойынша сот жүргізген округтік приказдарға қазақтардың тек қана қылмыстық істері қарасты болды: мемлекеттік сатқындық, өлтірушілік, тонаушылық, барымта, содан кейін бұл істер облыстық сотқа ревизияға жіберілетін. Барлық қалған істер қуынымдық деп саналып билер сотында халық дәстүрі бойынша шешілетін. Егер билер сотының шешіміне қарсы шыққандар болса, өз істерін сондайлар жазбаша түрде облыстық басшылыққа жіберетін [31, б. 103-104].

Аталған өзгерістер Кіші жүзге қатысты болды. Жүзді басқару Шекаралық комиссия тарапынан іске асырылды. 1828 жылы 4 қаңтарда жарияланған патша жарлығы бойынша Орынбор Шекаралық комиссияның штаты және ережесі бекітілді [152]. Оның құрамына төраға, 2 кеңесші, 2 ассессор, қазақ халқының 3 өкілі кірген болды. Тергеушілік және басқа істердің өндірісі үшін 2 чиновник тағайындалатын. Жалпы алғанда барлық маңызды істер Шекаралық комиссия сотына беріліп, маңызы шамалы істерді жергілікті соттар әдеттегі құқық негізінде қараған.

Дегенмен XIX ғ. 20 жж. реформалар қазақ халқын тыныштандырған жоқ, керісінше, ұлт-азаттық қозғалыстың дамуына жаңа түрткіге айналды. Жергілікті тұрғындармен казактардың тұрақты қақтығыстары нәтижесінде жергілікті билік иелерінің үкіметке қазақтарды тыныштандыру бойынша жаңа ұсыныстар жасап дайындық жұмыстардың басталуына әкелді. Бұл жөнінде мұрағат құжаттары дәлелдейді. Мысалы, әлі күнге дейін келесі істер сақталды: «Ауыр қылмыстар жасаған қырғыз-қайсақтарға арналған жазалау шаралары туралы» [153], «Сібір қырғыздарының азаматтық және қылмыстық істерін қарастыру тәртібі туралы» [154], «Орынбор ведомствосының қарамағындағы қырғыздарды орыстардың өлтірушілігі және басып алуы үшін әскери сот тарапынан қараудың тәртібі туралы» [155]. Дайындық жұмыс барысында «Сібір әскери шебі қолбасшыларының қырғыздардың азаматтық және қылмыстық істері бойынша жазалауды қарастыру туралы» атты жарлық пайда болды, мұнда келесідей жазылды: «Ресейдің ішінде орын алған көшпелі және жауынгер халық болып табылатын қырғыздардың наразылықтары осы уақыттан бастап Сібір әскери шептерінің генералитеті басшыларына заңнама бойынша тапсырылып қаралсын» [155, п. 8].

«Орынбор және орал казактары мен жергілікті тұрғындар арасында ауыр даулы шағымдар бойынша істерді өндіру тәртібі бойынша» [156] 1837 жылы жария болған заңында казактардың жергілікті тұрғындарға жасаған ауыр жәбірлер бойынша істерді уездік соттың қарамағынан әскери комиссиялар сотының қарамағына алмастыру

туралы айтылған. Сол жылы «Орынбор комиссиясында Орынбор губерниясының шептік ресейлік тұрғындары мен қырғыздармен өзара даулар мен шағымдарды шешімдері туралы» аса жоғары жарлық жария болды [157], ол жоғарыда аталған жағдайларды дәлелдейді.

Қазақтардың әскери сотқа бағындыру қажеттілігі туралы келесі жарлықтарда айтылған: «Орынбор әскери губернаторына әскери-сот істерін шешу құқығын беру туралы» (1837) [158]; «Қырғыздарды қылмыстар үшін әскери сот тарапынан соттау туралы» (1837) [159]; «Орынбор губерниясын мекендеген қырғыздардың кейбір қылмыстарының әскери сотқа қарастылығы туралы» (1837) [31, б. 215]; «Сібірді тұрақты немесе уақытша түрде мекендеген барлық тұлғаларды әскери сот тарапынан соттау туралы» (1857) [114, п. 328]. Бұл құжаттар ұлт-азаттық қозғалыстардың өршіген кезінде қазақтарды басу үшін патшалық үкімет жергілікті тұрғындардың соттық жауапкершілігін арттырып жаппай әскери соттардың енгізу фактісін дәлелдейді. И. Крафт жазғандай: «Қырғыз даласында қызмет еткен сот өндірісі заңдары көптеген кемшіліктерге толы болды және соттың әкімшілік мекемелерден бөлініп шығудың ұзаққа созылған кезеңі соттылық пен жазалау туралы заңнамаға енгізілген көптеген түзетулермен өзгертулермен сипатталады. Сонымен қатар қырғыздардың әскери және далалық сотқа Кіші және Үлкен ордада ұзақ уақыт тоқталмаған қарақшылық үшін соттылығы туралы жарияланатын» [150, б. 43].

Қазақ тұрғындарының қарсылығына қарамастан патша үкіметі біртіндеп Қазақстан территориясында сот өндірісінің ресейлік жүйесін енгізе бастады, осы территорияда мекендеушілердің барлығын жалпыресейлік заңдарға бағындыру саясатын іске асырды. Осыған байланысты атаулы территорияда келесі «Сібір қырғыздарына 1837 ж. 22 маусымдағы жарғыны тарату, сонымен сібір көшпелі қырғыздарын орыс қалалары мен мекендерінде орын алған қылмыстар мен құқық бұзушылық үшін жалпы заңдар бойынша соттауды бекіту туралы» заңнама құжат жарияланды [160]. 1822 ж. 22 маусымдағы жарығы іске асыру барысында Сібір қырғыздарының далаларында кең байтақ Омбы облысын басқаруда бірқатар қиыншылықтар туындаған. Сондықтан да 1838 ж. «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы» жарлық қабылданды [31, б. 176-182], ол бойынша сібір қырғыздарын басқару үшін Омбыда Сібір қырғыздарын шекаралық басқару деп аталатын облыстық әкімшілік-сот басқармасы ұйымдастырылды.

«Шекаралық басқарма ортақ мекеме болып табылды, оның құрамына губерниялық басқару міндеткерлігі және билігі, қазыналық палата, губерниялық сот кірді және губерниялық басқарманың әр бір бөлімшесіне арналған ережелер бойынша қызмет етті» [31, б. 180]. Шекаралық басшының тұсында әскери басқару бөлімі бойынша аға

адьюдант, аудитор, штаб-емдеушісі, аудармашы және кеңсе орналасты. Шекаралық басқарманың құрамында төрт кеңесші, соның ішінде бір қырғыз асессоры, қазыналық және қылмыстық істерді құрастырушы болды. Жергілікті ақсүйектердің өкілдері шекаралық басшының бақылауымен тағайындалатын. Сот бөлімі шағымның соммасы 2000 рубльден асатын азаматтық істерді, шенеуніктердің лауазымдық бұзушылықтарын және қылмыстық істерді қарастырды. Шағымның соммасы 2000 рубльден төмен азаматтық істер бойынша соңғы шешім округтік приказдың құзырында, 5000 руб. дейінгі істер бойынша – Шекаралық басқарма құзырында болды [31, б. 176-182]. Сонымен қатар Шекаралық басқарма жедел арада қырғыз заңдары мен әдет-ғұрыптарын жинау, қарастырып бекітуге ұсыну міндетке салынды. Себебі, сот өндірісінің ресейлік жүйесіне толығымен көшу үшін ресейлік үкіметтің күші жеткіліксіз болды. Осы кезеңде далада билер сотының беделі жоғары болғанын келесі құжат білдіреді: «Қырғыздардың арасында пайда болған істер халықтың дәстүрі бойынша шешіледі, ал азаматтық ведомствоның тұлғалары арасындағы істер – жалпы мемлекеттік жарғылар негізінде қарастырылады» [31, б. 181].

Қазақ даласында тыныштық орнатылмағандықтан жаппай тәртіпсіздік мен қақтығыстардың басталуына байланысты, 1838 ж. 31 мамырда: «Қылмыстар үшін арестанттық ротаға жіберілген қырғыздарды ордаға жібермеу туралы» аса жоғары жарғы шықты [161]. Бұл құжатта көрсетілгендей, арестанттық ротада жаза тартып жатқан қырғыздар үйлеріне қайтарылмады, олардың арасында сенімділері әскерлерге айналдырылды, басқалары Иркутск облысына қоныс аударды. Бұл жарғы 1848 ж. 31 мамырда өзгеріске ұшырады, бұл өзгерістерге сай қазақтарды әскерге айналдыру туралы пункт жойылды [162], дегенмен Иркутск губерниясына қоныс аудару туралы бөлімі 1891 жылға дейін іске асырылды [163].

Кенесары Қасымов көтерілісі кезінде 1844 ж. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы» жарғы жарияланды [31, б. 216-226]. Бұл құжат бойынша бұрынғы Шекаралық комиссия Орынбор қазақтарын жалпы басқаратын мекеме ретінде сақталды. Тек оның құрамы өзгеріске ұшырады, 2 кеңесші, 2 асессор, қазақтың 3 өкілдерінің орнына штат бойынша енді 4 кеңесші, қазақ арасынан 4 мүше тағайындалатын. Далада басқару бұрынғыдай басқарушы-сұлтандардың қолында болды, сонымен қатар кіші-гірім әкімшілік бірліктер – дистанциялар мен ауылдар пайда болды. Сот істерін шешумен Шекаралық комиссияның 2 және 3 бөлімшесі айналысты. Бұл мәселелер 56-78 баптарында көрсетіледі. Қазақтардың соттылығы шағымның соммасына байланысты және қылмыстық әрекеттердің қасиеті бойынша әсери, жалпы және халық соттарымен шектелген. Әскери сотқа қазақтар сатқындық,

өлтірушілік, барымта, орыстарды басып алу және үкіметке нарызылық білдірген үшін жататын. Жалпы сот Шекаралық комиссия шешімі бойынша 20 рубль соммадағы ұрлық, алаяқтық, зорлық-зомбылықтың түрлері, шептің территориясына құпиялы түрде өтіп кету және 50 рубль соммадан асатын азаматтық аралық шағымдар бойынша істерді қарастырды. Қалған істердің барлығын қазақ дәстүрлі сотына берілген болды. Сонымен қатар жарғының 78 бабы билердің келесі жазалау түрлерін қарастырды: бақылауға алу, қамалға салу, шығындардың өтеу, көпшілік алдында уақытша жұмыс істеу, шыбықпен дүре соғу. Ал неғұрлым маңызды бұзушылық үшін келесі жаза тағайындау мүмкін болды: солдатқа айналдыру, Сібірге қоныс аудару. Жазалаудың осы түрлері және халық сотына ресейлік заңнама ықпалымен енгізілді.

Дегенмен Қазақ даласында жағдай бұрынғыдай қала берді, себебі, Орынборға істерді шешу үшін жүздеген шақырымдай жол жүру күрделі болды. Осындай жағдайға қатысты И. Крафт былай жазған: «Орынборда қырғыздардың 50 рубльден артық соммаға шағындалған кезде қалайша істерді шешуге тиіс болды, егер сол үшін олар жүздеген және мыңдаған шақырымға тең жолды жүруге мәжбүр болса? Сот билігінің органдарын дала ішінде құру керек еді, сонда ғана халық соты біртіндеп неғұрлым жетілген сотқа орын беруші еді, тіпті барлық мәселелерді қырғыз соты шеше алуға мүмкіншілігіне тәжірибесі болды. Бұл жағдай шешілмегендіктен қырғыздар арасында орын алатын көлемді істерді шешу халық соты және билеуші сұлтандардың қолына тиетін» [150, б. 46-47]. Сонымен қатар жаңа өзгеріс ретінде Шекаралық комиссия тұсында Қамқоршылық институтының ашылуын атауға болады. Қамқоршылық бақылауды енгізудің басты себебі қазақ халқының казактармен жиелене түскен қақтығыстары болды. Сондықтан да қамқоршылардың басты міндеті «қырғыздарды шеп бойындағы тұрғындармен кез келген істер бойынша қорғау және қоршау болды», яғни бұл ұйым казактар мен казактар арасында пайда болған сот істерін дұрыс және жедел шешу мәселелерімен айналысты. Зерттеуші А.Ж. Қасымбаев көрсеткендей: «1844 ж. жарғы дала заңдарының негіздерін жоққа шығарып, жойып, аймақта қалыптасып жатқан әкімшілік-сот шынайылығын заңды түрде бекітуге міндеттелді» [93, б. 24].

Патша шенеуніктерін ерекше алаңдататын құбылыстар қатарында сотта жалған жауап беру және жалған құпия мәліметтерді алға тарту болды. Осыған орай 1844 ж. 11 желтоқсанда «Қырғыздарды жалған күәлік үшін соттау тәртібі туралы» атты аса жоғары заң жарияланды [164]. Бұл заң бойынша барлық азаматтық және қылмыстық істер бойынша ант берген кезде құпия мәлімет үшін қырғыздарды патша өкіметінің жалпы заңдары бойынша жауапкершілікке тарту тәртібі

бекітілді. «Қырғыздар өздерінің жерлестеріне қарсы келесі істер бойынша жалған ақпарат бермеу туралы ант беруге міндеттелді, яғни, сатқындық, тонаушылық, адам өлтіру, барымта және патша билік иелеріне қатысты қарсылық білдірген жағдайларда» [164]. Жалған күәлік мәселесі бойынша патшалық заңнама белгілі бір уақыт мерзімінде бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1844 ж. 11 желтоқсандағы заң жарияланғаннан кейін 1845 ж. жаза түрлері туралы жарғы қабылданды, мұнда жалпы соттылықта шешілетін қылмыстар арасында жалған күәлік аталмаған. 1854 ж. 19 мамырда шыққан заң бойынша қырғыздардың ортақ сотқа жататын қылмыстық бұзушылықтармен қатар жалған күәлік көрсетілген болды. 1864 ж. желтоқсан айында «Әділетсіз шағым және жалған күәлік үшін атқарылатын жазаларды империяның жалпы заңдары бойынша қарастыру туралы» Сібір комитетінің жарғысы жарық көрді [165]. Дегенмен, XIX ғ. 60 жж. реформалары бойынша әділетсіз шағым және жалған күәлік жалпы сот үрдісіне тиісті қырғыздардың қылмыстары ретінде аталған жоқ. Тек «Түркістан өлкесін басқару туралы» жарғы бойынша қырғыздар әділетсіз шағым және жалған күәлік үшін жалпы сотта сотталатын болды (жарғының 141 бабы). 1893 ж. 1 қарашасынан бастап аталмыш заң Дала облыстарына да тарала бастады.

1845 ж. «Қылмыстық және түзетушілік жазалар туралы» жарғы қабылданды [166], ол қазақтардың мекендеген территорияның әкімшілік бөлінісі бойынша соттылығын бекітті. Жарғыда айтылғандай, сібір қырғыздары жалпы қарастырғанда өздерінің әдіт-ғұрыпы бойынша сотталады. Дегенмен сатқындық, өлтірушілік, барымта, орыстарды басып алу және үкіметке нарызылық білдірген үшін жалпы сотқа жататын. Орынбор өлкесінің қырғыздарының келесі істері – сатқындық, өлтірушілік, барымта, орыстарды басып алу және үкіметке нарызылық білдіру әскери сотта қарастырылды. Империяның заңдары бойынша жалпы сотқа олар 30 рубль соммадағы ұрлық, алаяқтық, зорлық-зомбылықтың түрлері, шептің территориясына құпиялы түрде өтіп кету үшін жататын. Қалған істердің барлығын қазақ дәстүрлі сотына берілген болды. Халық соты келесі жазалау түрлерін қарастырды: бақылауға алу, қамалға салу, шығындардың өтеу, көпшілік алдында уақытша жұмыс істеу, шыбықпен дүре соғу. Ал неғұрлым маңызды бұзушылық үшін келесі жаза тағайындау мүмкін болды: әскерге айналдыру, Сібірге қоныс аудару. Дегенмен, ұқсас қылмыстар үшін әр түрлі территорияны мекен еткен қазақтар әр түрлі жазаланатын. Әрине заң алдында жауапкершіліктің сол сияқты алуан түрлілігі көптеген түсініксіз жағдайды тудырып қазақтардың билік иелерімен, өзара жерлестерімен, казактармен қақтығыстардың пайда болуына әкеп соқтыратын.

Орыс әскерлерінің Ұлы жүзі территориясына басып кіру барысында Ұлы жүз қазақтарының маңызды қылмыстар үшін жазаларын күшейту қажеттілігі туралы айтылды. 1852 жылы 3 желтоқсанда шыққан атаулы аса жоғары жарғыда келесі шешім туралы айтылады: «Ұлы жүз қырғыздары барымта, өлтірушілікте, тонаушылықта ұсталынатын болып олардың кінәлары дәлелденетін болса әскери сотқа жатқызу керек» [167]. Шағымдық істер бойынша билер айыппұл тағайындау жазасымен қатар, дене жазасы және жеті күннен бір айға дейінгі мерзімге қамалға салу сияқты жазаларын қолдануға құқылы болды. Сонымен қатар би ретінде тағайындалатын тұлғалардың саны қысқартылды

Ресей үкіметі барымтамен қатал күресті, яғни барымта – ол Қазақстан территориясында XVIII-XIX ғ. кеңінен таралған құбылыс ретіндегі малды зорлықпен айтап кету: барымтамен қазақтар да, шеп маңындағы тұрғындар да және казачество да айналысты. Тұрғындардың едәуір бөлігі өзінің мал санын жылқы ұрлау арқылы арттыра бастап ол құбылыс кең етек жайды. Жылқы ұрлаудың алдын алу үшін Сібір комитетінің «Батыс Сібірде жылқы ұрлауды жою бойынша шаралар туралы» жарғы қабылданды [168]. Бұл құжат бойынша келесі ережелер бекітілді: қазыналық мекендердің маңында қоныс аударып жатқан қырғыздарды далалық мекендерге қоныс аудару, тонаушылық немесе ұрланған жылқыларды жеткізетін қырғыздарды солдатқа айналдыру. Қазақтарға ұрланған малды сатуға көмектесетін немесе тонаушыларды жасыратын казактар да әскери сотқа беріліп әскери саптан өткізілетін. Келешекте жылқы тонаушылықпен күресу үшін Сібір казак әскерінде арнайы лауазымдар тағайындалды, олардың құрамына жылқы тонау бойынша істерді қадалайтын приставтар кіргізілді. Сонымен қатар билік иеленушілерге келесі міндет қойылды: «жылқы тонау туралы хабарландыру немесе лақап келетін болса оларды тез арада тиісті тергеуге алу... Округтік сотқа және губерниялық сотқа жылқы тонау туралы істерді кезектен тыс және уақытты созбау шешу» [168]. Жылқы тонаушыларды ұстау үшін көмектесендердің барлығына күмістей үш рубль сыйақы төленетін.

Далада құрылған бекіністерде лауазымды және жеке тұлғалар арасындағы қылмыстар бойынша істің өндірісі үшін тергеу билігінің орындары болған жоқ. Бұл ыңғайсыздықты жою үшін 1854 жылы мамыр айында «Орынбор өлкесінің далалы бекіністерін мекендейтін азаматтық ведомствоның тұлғалары туралы тергеу істерінің өндіріс тәртібі туралы» атты Мемлекеттік кеңестің жоғары бекітілген пікір құжат қабылданды [48, п. 534]. Бұл құжатта айтылғандай, азаматтық ведомство тұлғаларының барлық тергеу істері бекіністердің жергілікті әскери басшылығына жүктеліп, кейін Орынбордың сот мекендеріне

тапсырылады. «Келешекте Орынбор өлкесінің далалық мекендерінде азаматтық басқаруды құрғанға дейін сол жерді мекендейтін азаматтық тұлғалардың барлық қылмыстық істері бойынша тергеудің өндірісін жергілікті әскери басшылыққа ұсынып, кейін тергеу аяқталғаннан кейін олар талқылау үшін Орынбор Жеке корпусының штабы арқылы жақындағы азаматтық сот жерлеріне берілетін болсын» [48, п. 534].

1854 жылы Шекаралық басқарудың қарамағында болған сібір қырғыздары екі облысқа бөлінді: Семей және Сібір қырғыздарының облысы. «Семей облысын басқару туралы» жарлығы бойынша [160] сот бөлімінде кейбір өзгерістер орын алды. Би сотында шешілген істер бойынша Округтік приказға шағым беру құқығы қарастырылатын, ол ру басшыларын және құрметті билерді (үштен кем емес) шақыртып істі қайта қарастыратын немесе сол сияқты істерді тергеу тәртібі бойынша өндей алатын. Округтік приказдар бірінші дәрежелі соттармен теңелді және істерді орыс, татар тілінде жүргізді.

Жалпы ресейлік заңдар бойынша қарастырылатын қылмыстар құрамының тізбегі 1854 ж 19 мамырда жария болған жаңа заң құжатымен кеңейді, бұл «Сібір қырғыздарына империяның жалпы заңдарының таралуы жөнінде» атты жарлық [169] қырғыздардың соттылығына біраз өзгерістер әкелді. Сатқындық, өлтірушілік, тонаушылық, барымта, үкіметке қарсы руластарын бағыттау, билік органдарына бағынбау, лауазымдық қылмыстар, жалған мемлекеттік кредиттік қағаздар мен монеталарды жасап аудару, жалған ант беру сияқты қылмыстық істер және қалаларда, мекенді жерлерде жасаған барлық құқық бұзушылықтар үшін қырғыздарды жалпы империялық сотқа беру көрсетілді. Қалған істердің барлығы, жеке тұлғаларға ұрлық жасаудан басқасы, сонымен қатар қырғыздар арасында азаматтық істер халық дәстүрлі бойынша билер сотында қарастырылатын. Билердің шешімімен келіспегендер бір ай мерзім ішінде шағымдарын Округтік приказға тапсыра алатын. Билерді халық сайлайтын болса да, енді олар бұл лауазымда Округтік приказбен ресми бекітілетін. «Билер атағына ие болғандардың барлығы бұл атақты сақтап қалады, келешекте ол тек 6 жылдан кем емес қызмет еткен сұлтандарға, ауыл старшындарына, жоғарғыдан ерекше марапатталғандарға, Үкіметте лауазым атқарғандарға Округтік приказдың бекітуімен тағайындалатын болады» [169]. Сонымен, қазақ билерінің құқықтарын шектеуге арналған кезектегі талпынысты байқауға болады. Сол сияқты билер мен сұлтандардың артықшылықтарын жою бағыты кейінгі жылдарда да жалғасты.

Кіші жүзде жағдай құбылмалы болғандықтан, генерал-губернаторлар жергілікті тұрғындар тарапынан жиі қайталанатын тонаушылық

пен зорлық-зомбылық туралы баяндайтын. Нәтижесінде 1854 жылы 4 қарашада «Кіші орда қырғыздарының біздің пошта, әскери көлік және көпес кереуендеріне шабуылдауда кінәсі анықталған кезде әскери сотқа беру туралы» жарлық шықты [170]. Бұл жарлық бойынша: «Тәртіпсіздіктің алдын алу үшін генерал-губернаторға келесі билік жүктелісін: атаулы орданың қырғыздары пошта, әскери көлік және Сырдария мен Орал арасындағы әскери жол бойында жүретін көпес кереуендеріне шабуылдауда кінәсі анықталған кезде Далалық қылмыстық ереже негізінде әскери сотқа беру және жазалау шараларын мінсіз іске асыру» [170].

1855 жылы аға сұлтандарды сайлау тәртібі өзгереді. Енді бұл лауазымға шыңғыс ұрпақтары ғана емес, сонымен қатар тоғыз жылдан кем емес мерзім бойы отаршылдық аппаратта қызмет еткен құрметті қазақтар тағайындалуы мүмкін болды. Бұл өзгерістер Сібір комитетінің жоғары бекітілген құжаттарында көрініс тапты: «Қырғыз даласы бойынша сайлау тәртібі туралы» [171], «Қырғыз даласының барлық сыртқы округтарында аға сұлтандар лауазымына кандидаттар тағайындау туралы» [31, б. 187]. Құжатта былай жазылған: «Аға сұлтан үш жылға сайланып, әскери губернатордың мақұлдауымен генерал-губернатор тарапынан бекітіледі. Аға сұлтан ретінде сайлауға барлық сұлтандарға және офицерлік шенге ие болған тұлғалар қатыса алады, дегенмен соңғылар міндетті түрде округтік приказ отырысшылары немесе болыс басшылықта үш жылдан кем емес мерзімде қызмет атқаруы тиіс; сайлаушылар арасына сұлтан тектес тұлғалармен қатар офицерлік шенділердің барлығы және сайлау бойынша таптық лауазымда тоғыз жыл қызмет атқарғандар құрметті қырғыздар жіберіледі. Округтік приказға қырғыздардың арасынан отырысшылар билер, құрметті қырғыздар қатарындағы старшындар тарапынан екі жылға әскери губернатордың бекітуімен тағайындалады» [31, б. 188].

Біртіндеп болыс басқарушыларын сайлау тәртібі өзгеріске ұшырайды, енді олардың орнын патша үкіметін жақтаушы кез келген ауқатты қазақтар баса алатын. «Қырғыз даласы мен Семей облысында болыс билеушілерін сайлау тәртібін өзгерту туралы» жарлықта келесі жазу бар: «Қырғыз болыстарының басшысы ретінде сұлтан тектес тұлғалардың барлығы, сонымен қатар офицер шенділер, әскери орденнің айрықша белгілері барлар, медальдармен, құрметті қафтандармен, генерал-губернатор грамотасымен марапатталғандардың барлығы, сонымен қатар ешбір айырықша белгілері жоқ, дегенмен ордалықтар арасында ерекше құрметке ие болғандар сайланады. Соңғы аталғандар дауыстардың едәуір бөлігімен айланатын болса басқарушы лауазымын атқарушылары ретінде тағайындалып, айырықша белгілерге ие

болған кезде лауазымды толық атқаруға көшеді» [172]. Сонымен орыс билеушілер қазақ халқының тұтастығын бұзып арасын ашуға тырысты. Патша өз жағына отаршылдық саясатты қолдайтын, орыстардың қызметіне көшкен жергілікті ауқаттыларды тартып барынша мадақтап жатты.

Ұлы жүз жерінде тиісті басқарма мен соттың енгізілуіне дейін 1862 жылы уақытша ережелер жарияланды. Бұл ереже бойынша Орта жүздің шекаралас жерінде жасалған барымта, өлтірушілік, тонаушылық қылмыстары үшін әскери сотқа жататын, ал дәл сол қылмыстар өздерінің көшіп-қону мекендері шеңберінде орындалатын болса – Батыс-Сібір генерал-губернаторының шешіміне байланысты жазаға тартылатын. Аға сұлтандардың немесе шен-медальдерге ие болған тұлғаларды өлтірген үшін кінәлілер әскери сотқа беріліп, оның шешімдері Батыс-Сібір генерал-губернатор тарапынан бекітілетін. Ұлы жүз қазақтары арасында орын тапқан қалған істердің барлығы халық сотына қарасты болған.

1865 жылы Түркістан облысы құрылып, мұнда әскери басқару енгізілді. Түркістан облысында 1865 жылғы 6 тамыздағы уақытша ереже бойынша [122] әскери сот құрылды, ол әскери уақыт заңдарына сай қызмет етті, сонымен қоса халық соты бұрынғы қалпында жүргізілді. Орыстар мен жергілікті тұрғындардың өлтірушілігі, тонаушылығы және барымта сияқты қылмыстары үшін кінәлілер әскери-сот комиссиясына тапсырылатын, ол далалы қылмыс жарғысы негізінде қызмет еткен. Қырғыздар арасында пайда болатын барлық істер билер сотына қарасты болды да, бұл сот жергілікті басқарушы шенеунік тарапынан жиналатын болды. Сарттар (отырықшы жергілікті халық) арасындағы істер олардың жеке соттармен қаралатын, бірақ қылмыстық істер бойынша үкімдерді әскери губернатор бекітетін.

Жалпы алғанда XIX ғ. бірінші жартысындағы патшалықтың заңнамалық өзгерістері қазақ даласында наразылықты тудыратын, бұл туралы жоғарыда аталған заңнама құжаттары дәлелдейді. 1862 жылы Ш. Уәлиханов бұл туралы жазды: «40 жылдық орыстардың үстемдігі ... қырғыздардың ежелгі билер сотына ешқандай ықпал жасаған жоқ ... яғни оның қырғыз халқының тұрғылықты дамуын қанағаттандырарлық екенін білдіреді. Билер сотына деген қанағаттанушылықты ресми деректермен дәлелденеді, орыс шағымданушылар немесе жауап берушілер жиі жағдайда орыс тергеуіне қарағанда билер сотын таңдайды» [2, б. 90-91].

XIX ғ. ортасында сот өндірісі әр жүздің жерінде әртүрлі болды, орта жүйе болған жоқ, адат немесе жалпы империялық заңдар бойынша ұқсас қылмыстық іс-әрекеттері үшін қазақтар әртүрлі жазаларға

тартылатын. Бұл ойды Ф. Лобысевич былай дәлелдейді: «Қырғыздардың сот жүйесі өте күрделі. Олар әскери сот, империяның жалпы заңдары аясында, адат бойынша істерді қарастырған» [75, б. 25].

Батыс Қазақстанда басқару жүйесінде шекаралық комиссия басқаратын сот функциялары ауыл басқарушысынан бастап генерал-губернаторға дейінгі барлық билік иелерінде шоғырланды. Орта жүзде 1822 ж. М. Сперанский шығарған округтік приказдар қызмет етті. Ал Оңтүстік, Орта-Азиялық мемлекеттермен шектес аймақтарда әскери сот және далалық заңдар пайдаланылатын. «Осы уақыттан бастап даланың ресми орыс басқаруындағы жерлерде ресми емес және үкіметтің бекіткен билігін тежейтін іс-әрекеттер байқалады. Біріншісі қазақтардың түсініктеріне сай келмейтін орыс қаулыларың нақты іске асырады, екіншісі халықтың өзінің дәстүрлеріне сай басқарады» деп деректерде келтірілген [173, б. 181]. Іс жүзінде XIX ғ. бірінші жартысында биліктің екі құрылымдары арасында күрес жүрді: дәстүрлі және жаңа, бұл жағдай қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріне белгілі ықпалын тигізді.

XIX ғ. ортасында Қазақстанның қосылу үрдісі толығымен аяқталды. Патшалық үкімет қосып алған жерлерде басқарудың ортақ жүйесін құруды басты міндетке қойды. XIX ғ. 60 жж. реформалар жалпы империялық сот жүйесі мен заңнамасының әрі қарай таралуына жағдай жасады. «XIX ғ. 60 ж. реформаларды қазақ даласында дайындаған кезде отаршылдық әкімшілік мемлекетке зиян келтіретін немесе отаршылдық биліктің мүдделеріне шығын келтіретін қылмыстардың барлығы империялық сотта қарастырылуы керек деген пікірде болды» [174, б. 39]. Империялық құқықтың барлық нормалары екі топтан құралған: Ресей империясының барлық территориясына ортақ құқық нормалары және аймақтың ерекшеліктерін ескере отыратын Қазақстан үшін арнайы құрастырылған құқық нормалары. Аталған нормалар орыс, қазақ және казак тұрғындарына әр түрлі болған сот өндірісінің жаңа күрделі жүйесін еңгізді. Е. Бекмахановтың нақты айтуы бойынша: «Қазақ даласын басқару жүйесі анық белгіленген әскери-оккупациялық сипатқа айналды» [175, б. 177].

1867 жылы 11 шілдедегі жарлық бойынша, Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды және «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы» жоба қабылданды [31, б. 282-316]. Бұл жоба жарлығының 2 бөлімі 5 тараудан құрылып осы жаңа облыстағы сот өндірісі мәселелерін анықтады. Осы территориялар Әскери министрлікке тікелей бағынышты болды. Генерал-губернаторлықта жоғары билік генерал-губернатордың қолында шоғырланып, ол кең әкімшілік, сот, саяси, әскери және басқа да құзыретке ие болды. Ол патшаға тікелей жауапты болып одан ерекше тапсырмалар алатын, яғни генерал-

губернатор орталық және жергілікті билік органдарының делдалы қызметін атқарды. Облыста барлық билік әскери губернатордың қолында болды, оны император тікелей тағайындады және ол вице-губернатор басқаруындағы облыстық басқармаға жауапты болды. Облыстық басқару губерниялық кеңсе, губерниялық басқарудың сот және қазыналық палатасы функциясын атқаратын. Сот бөлімінің функциясына қылмыстық және азаматтық істерді тыңдалуға дайындығы және сот пен тергеу істері бойынша хат алмасуды іске асыру кірді. Түркістан генерал-губернаторлықтың сот бөлімі әр түрлі органдар арасында бөлінді: әскери, облыс басқармасы, уез соттары, уез басшылары және билер халық соты [31, б. 293-294]. Соттың құрылысы, сарттардың, қазақтардың соттылығы және сот өндірісінің басқа мәселелері атаулы ереженің 129-244 баптарында анықталған.

Әскери-сот комиссиялары істерді әскери заңдар және империяның жалпы заңдары бойынша шешетін. Әскери заңдар бойынша сатқындық жасау, үкіметке қарсы өз руластарын қоздыру, пошта, әскери көлікке шабуыл жасау, христиандар және христиандыққа айналмақшы болғандарды өлтірушілік және лауазымды адамдарды өлтіру бойынша айыпталатын қазақтардың істері қаралды [31, б. 294]. Империяның жалпы заңдары бойынша қарақшылықты, тонауды (барымтаны қоспағанда), көпес керуендеріне шабуыл жасауды, бөтен иеліктерге қашуды, өртеуді, өкіметке ашық қарсылық жасауды, жалған ақша жасауды және таратуды, қазына мүлкін ұрлауды жүзеге асырған қырғыздар айыпталды [31, б. 295-298]. Сонымен, әскери-сот комиссиялары барынша маңызды қылмыстық істерді және отаршыл өкіметтің тыныштығына қауіп төндіретін қылмыстарды қарады.

Облыстық басқарманың қарауында лауазым бойынша қылмыстар туралы істер және 2000-нан астам рубль сомасына талап-арыздар бойынша, сонымен қатар қазына басқармаларының мүдделерімен байланысты барлық талапарыздар бойынша азаматтық істер болды. Бітістіруші құрылтай құқықтарымен шығарылған үкімдерге барлық шағымдар және уездік соттардың шешімдері, соттардың баяу және дұрыс емес әрекеттеріне шағымдар қаралды.

Уездік соттар бітістіруші соттар мен сот тергеушілерінің құқықтарын пайдаланды және міндеттерін атқарды. Бітістіруші соттар ретінде олар жағдай құқықтарынан айыру немесе шектеумен байланысты емес барлық сот істерін және облыстық басқармалар мен уездік бастықтардың сотта қарауға жататын 2000-нан астам рубльға талапарыздар бойынша істерді қоспағанда азаматтық істерді тексерді және шешті. Егер үкім ретінде сендіру, ескерту, 1 айдан артық емес қамау және 100 рубльден артық емес сомаға ақшалай жаза шығарылған болса, соттардың үкімдері соңғы болып саналды. Азаматтық істер

бойынша 100 рубльден артық емес сомаға талапарыздар бойынша шешімдер соңғы болып саналды. Сот тергеушілері сияқты, уездік соттар әскери-сот комиссиялары сотта қарауға жататын барлық істер бойынша тергеулер жүргізді. Уездік бастықтарға ақшалай міндеттемелер, кепілзаттар және кепілдіктер бойынша қолданылатын шаралар жөніндегі барлық істер сотта қарауға жатты [31, б. 294].

Империяның жалпы заңдары бойынша заңнаманы жүзеге асыратын соттармен қатар, халық соты да қызметін жалғастырды. «Қосылған өлкенің ерекше жағдайларын есепке ала отыра, мұнда тәртіп және тыныштықты орнату үшін басқа облыстармен салыстырғанда өзгеше негізделген басқарма және сот орналастыру қажет болды. Орыс өкіметінің беделін қолдау және халықтың өзіне барлық істерде әдет-ғұрыптардың басын ашып алуды ұсыну, жақында бодандыққа алынған халық арасында тәртіпсіздікті және толқуды туындатуға әкелетін кез келген құқық бұзушылықты қатаң қудалау қажет», – деп жазды И. Крафт [150, б. 53]. Билер сотына қазақтар арасында туындайтын қалған елеусіз қылмыстық істер, шағын сомаға азаматтық істер бойынша істер қарауға жатты. Билер құндылығы 100 рубльден артық емес (5 жылқы, 50 қой) істерді түпкілікті шешті. 100 рубльден астам істерді шешу үшін кезең-кезеңмен билердің болыстық құрылтайлары тағайындалып отырды, мұнда болыстың барлық билері қатысуы міндетті болды. Халық соты әрбір болыстан халықпен сайланатын және әскери губернатормен бекітілетін 4-8 биден тұрды. Билер істерді жеке-дара немесе болыстық және төтенше құрылтайлар құрамында қарады. Осы құрылтайлар халық сотының ведомствосына қарасты барлық істер үшін соңғы инстанция болды. Отырықшы қырғыздар үшін 100 рубльден артық емес сомаға талапарыздар бойынша сотты қазылар, және барлық басқа талапарыздар мен қылмыстық істер бойынша қазылар құрылтайы жүзеге асырды. Билер соты ашық және көпшілік алдында өткізілді. Қазақтар, қолхат түрінде білдірілген өзара келісім кезінде, олардың ісін шешу өтінішімен орыс сотына жүгіне алды [31, б. 298-300].

Патша үкіметі бірыңғай басқару және сот өндірісі жүйесін құруды өз мақсаты ретінде алдына қойса да, сонымен қатар іс жүзінде Қазақстан аумағында әр түрлі сот органдары әрекет еткенін көріп отырмыз. «Сырдария және Жетісу облыстарында, жақында бодандыққа алынған өлкенің ерекше жағдайымен түсіндірілетін, баяндалған сот бөлімін ұйымдастырудың елеулі кемшілігі, жоба құрастырушылары халыққа жедел және нағыз сот беруге қанша ықыласты болса да, істің сотта қаралуы туралы күрделі ұғымдар енгізіп, сот өндірісінің әр түрлі тәртібін белгіледі. Император II Александрдың сот жарғыларын басшылыққа алатын уездік соттармен қатар, уездік бастықтар, әскери-

сот комиссиялары бұрынғы аудиторларымен, аралас және біршама түсініксіз құзыретімен облыстық басқармалар және, соңында, тіпті адам өлтіру және барымта сияқты маңызды қылмыстар үшін жазаға тартуды және кешіру бойынша шексіз құқыққа ие көне халық соты сот органдары ретінде әрекет етті» [150, б. 58-59].

Бұдан басқа, өлке аумағында басқарманың әкімшілік аппараты да сот функцияларына ие болды. Сот өндірісінің осы ерекшеліктері туралы И. Крафт былай деп жазады: «Өлкенің жергілікті ерекшеліктерін облыстардағы барлық сот органдары әкімшілікке тікелей басыбайлы болуымен түсіндіруі ықтимал, алайда жоба құрастырушылары әкімшіліктен тәуелсіз жеке сот ұйымдастыруды жақтаушылар болып табылады» [150, б. 59].

1868 жылғы 21 қазанда «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарында басқару туралы» қағида қабылданды. Осы облыстарды сот бөлімі Оңтүстік аудандарға қарағанда біршама өзгерістермен ұйымдастырды [31, б. 329-334]. Осы құжатта сот ұйымдастыру мәселелеріне 4 тараудан тұратын «Сот ұйымдастыру» 2-тарауы арналған. Қырғыздар келесі: опасыздық, өкіметке қарсыласу, поштаға және қазына көліктеріне шабуыл жасау, телеграфтарды зақымдау, лауазымды тұлғаларды және христианство алуға ниет білдірген тұлғаларды өлтіру бойынша қылмыстар үшін жалпы заңдар негізінде әскери сотқа жатты. Осы қылмыстар туралы істер әскери-сот комиссияларында қаралды. Жалпы империялық заңдар бойынша қазақтар адам өлтірушілік, қарақшылық, тонау, барымта, көпес керуендеріне шабуыл жасау, бөтен иеліктерге қашу, өртеу, жалған ақша шығару, қазына мүлкін ұрлау, қазына басқармасының жарғыларын бұзу және жергілікті қырғыз өкіметтерінің лауазымы бойынша қылмыстар үшін жазаға тартылды. Сот үкіметі уездік соттар және облыстық басқармалар арасында бөлінді, мұнда алғашқылары бітістірушілік соттар мен сот тергеушілерінің міндеттерін атқарды. Егер олар сендіру, ескерту, 3 күннен аспайтын қамау және 100 рубльден артық емес ақшалай өндіру шаралары болса, уездік соттардың үкімдері соңғы болып саналды [31, б. 331].

Облыстық басқармалар Қылмыстық және Азаматтық сот палатасының және бітістіруші соттар құрылтайларының құқықтарын пайдаланды және міндеттерін атқарды. Облыстарда облыстық прокурорлардың лауазымдары құрылды. Халық сотын ұйымдастыру Жетісу және Сырдария облыстарына ұқсас болды, тек адам өлтірушілік және барымта халық сотының іс жүргізуінен алынып тасталды. Сот өндірісіндегі осы қайшылықтар тәртіпсіздік және наразылықтар туғызды. Сырдария облысы шегінде адам өлтірушілік үшін қазақтар халық сотына тиесілі болды және тек құн төледі, ал дәл осындай қылмыстар

үшін Торғай облысында қазақтар жалпы империялық заңдармен сотталды және каторгалық жұмыстарға немесе жер аударуға ұшырады. «Осындай айырмашылықтың түсініксіз болуының тағы бір себебі, облыстар арасында нақты шекара жоқ және екі жақтың қырғыздары бір руға жатты, азаматтық дамуы бойынша бірдей сатыда тұрды» [150, б. 64].

Жалпы, Қазақстанның құқықтық жүйесі аталған реформалар нәтижесінде елеулі өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Патша өкіметінің саясаты дәстүрлі билер сотын кейіннен бұзуға және жоюға, қазақ аксүйектерінің беделін түсіруге және бұдан әрі Қазақстан аумағында жалпы ресейлік сот өндірісі жүйесін таратуға бағытталған болатын. Қылмыстыққа жататын қылмыстар тізбесі кеңейді. Қамау, дене жазалары, мәжбүрлі жұмыстар сияқты жаза түрлері кеңінен қолданыла бастады. «Қазақстанда XIX ғасырдың 60-жылдарында патшалық жүргізген құқықтық реформалар Қазақстанның құқықтық жүйесін барлық Ресей империясының құқықтық жүйесімен біріктіруге бағытталды» [25, б. 136].

XIX ғасырдың 60-жылдарындағы Уақытша ережелер негізінде орыс сот өндірісі жүйесі қазақ өлкесіне белсенді енгізіле бастады. Уақыт және өмірдің өзі жергілікті шындықтың әкімшілік ретінде, сондай-ақ өлке аумағында ережелермен енгізілген сот жүйелері ретінде сәйкессіздігін көрсетті. Олар қазақ қоғамының дәстүрлі тұрмыс салтының ерекшеліктерін ескерген жоқ, оның негізін бұзды, демек, халық тарапынан жігерлі қарсыласумен кездесті. Соған қарамастан, патша өкіметі «қырғыз даласын Ресейдің өзге бөліктерімен біртіндеп біріктіруге қол жеткізу» бойынша басты мақсатын қалдырмайды».

XIX ғасырдың 60-жылдарында реформалармен енгізілген отаршылдық басқару тәжірибесінің тиімділігі төмен болғанына көптеген архивтік материалдар негіз болады. Солардың ішінде келесі істер: «Империя заңдарын бұзған қырғыздарға қатысты істерді қарау тәртібі туралы» [176], «Империяның қалыптасқан құрылысқа қарсы жалпы қылмыстық заңдары бойынша қырғыз-қайсақтарды орыс сотына тапсыру туралы» [177], «Қырғыз халық сотында қарауға жататын істер туралы» [178], «Ішкі қырғыз ордасында басқарма және сот бөлімін ұйымдастыру туралы қағиданың жобалары» [179], «Орал облысындағы қырғыз сотының реформасы туралы. Түркістан өлкесіндегі халық сотының түбегейлі реформасы туралы» [180].

Патша шенеуніктерінің көптеген хат-хабарлары мен материалдарды талқылау нәтижесінде келесі заңнамалық материалдар пайда болды: «Орынбор өлкесі мен Батыс-Сібір дала облыстарының уездік бастықтарына лауазымдық қырғыздарға әкімшілік шаралар қолдануға

құқықтар беру туралы» [181]; «Ақмола облыстық басқармасы сот бөлімшесінің жеке құрамын уақытша күшейту туралы» [182]; «Орынбор және Астрахан губернияларында бейбіт сот заңдар жинағын құру туралы» [183]; «Торғай облыстық басқарма иелігінен сот қатынасында Ішкі қырғыз ордасын шығару туралы» [184]; «Генерал-губернатор тұлғасында Ақмола, Семей және Семиреченск облыстарын басқару бойынша жоғары қадағалауды шоғырландыру туралы» [185] және т.б. Осы заңдардың мәні бір қорытындыға түйістірілді: Қазақстан аумағында ресей заңнамасын және сот жүйесін күшейту. Осыған байланысты жергілікті жерлерде губернаторлардың билік етуі күшейеді, оларға жергілікті жерлерде жекеше шешімдер қабылдауға құқық беріледі. Атап айтқанда, Батыс-Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Кознаковқа берілген нұсқаулықта былай деп жазылған: «Қырғыздардың жаман ниетті және айтқанға көнбейтін іс-әрекеттерін түп-тамырымен құртуға қатысты, сіздерге сеніп тапсырылған өлкеде қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және маңызы зор қылмыстардың алдын алу мақсатында мен сіздерге ... айрықша құқықтар беру қажет деп табамын. Осы негізде сіздерге келесі уәкілеттіктер беремін: 1) жаман ниетті іс-әрекеттері заңды түрде дәлелдене алмайтын қырғыздарға, сотқа жүгінбей, шаралар қолдану және оларды әкімшілік тәртіппен Сібірдің алшақ жерлеріне жер аудару; 2) осындай бағынбаушылығы және опасыздығы айғақталған және біздің әскерге қарсы ұрыста қарумен қолға түскен қырғызды даланың қылмыс заңдары бойынша әскери сотқа тапсыру және осы негізде түпкілікті сот өкімін бекіту және соны дереу орындау» [186, п. 2]. Осы фактілерге келесі жарғылар куә болып табылады: «Генерал-губернаторға билікке бағынбаушылығы бетіне басылған қырғыздарды әскери сотқа беру және сотсыз алшақ жерлерге қоныс аудару құқықтарын беру туралы» [187, п. 601]; «Мемлекеттік тәртіпті және қоғамдық тыныштықты сақтау және шаралар туралы Ереженің 16-бабы 3 және 4-тармағымен көрсетілген, Жетісу облысының әскери губернаторына Верный, Жаркент және Пішпек уездеріне қатысты құқықтар беру туралы» [188].

Патша үкіметінің жаңа құқықтық құжаттарды тұрақты негізде қабылдауына қатысты М. Құл-Мұхамед былай деп жазды: «Қазақ даласында реформаларды жүзеге асыру мақсатында қабылданған нормативтік-құқықтық актілер тарихи қисынсыз адамгершілікке қарсы міндеттерді шешуге бағытталды. 60-шы жылдардың соңында басталған саяси, әлеуметтік-экономикалық, діни реформалар патшалық монархия құлағанға дейін жалғасқанын айта кету керек, бұл барлық жаңа нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау кезінде көрініс берді» [72, б. 8].

Заңнамадағы барлық осы толықтырулар мен өзгертулер нәтижесінде, жергілікті әкімшілік биліктер өлкеде сот жүйесін реформалау қажеттілігі туралы мәселені барынша табанды көтере бастады. Нәтижесінде 1886 жылғы 12 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы» ереже шығарылды [31, б. 352-379]. Сот ісін жүргізуді ұйымдастыруға аталған ереженің «Сот құрылысы» атты екінші тарауы арналған. Ол империя мен халық сотының жалпы заңдары негізінде әрекет ететін соттық заң жинақтарын белгілейтін үш бөлімнен тұрады [31, б. 362-372]. Осы ережеге сәйкес өлкенің барлық сот бөлігі Әділет министрлігінің иелігіне ауысты. Облыстарда облыстық соттар, ал уездерде келісімдік соттар және олардың көмекшілері құрылды. Облыстық соттар 2.000 рубльден астам сомаға даулар мен талапарыздарды қарады және шешті. Қалған істер уездердегі келісімдік соттарға жатты. Келісімдік соттар жеке міндеттемелер мен шарттар бойынша, сонымен қатар 2 мың рубльден астам сомаға мүлік туралы талапарыздарды қарады. Сонымен қатар келісімдік сот талапкердің ниеті бойынша халық сотына ведомстволық қарасты істерді қарайды. Облыстық соттар жанында сот тергеушілері мен облыстық прокурор болды. Алайда, сот функцияларын әкімшіліктен бөлу әрекетіне қарамастан жоғарғы билік бұрынғысынша оның тікелей қарауы бойынша анықталатын және босатылатын генерал-губернатордың қолында шоғырланды» [31, б. 353]. Бұдан басқа, генерал-губернаторға «зиянды, саяси сенімсіз жергілікті адамдарды жергілікті жердің ішкі істер министрлігімен келісім бойынша белгіленген, бес жылдан аспайтын мерзімге» жер аудару құқығы берілді» [31, б. 353]. Айрықша жағдайларда генерал-губернатордың кінәлі тұлғаны әскери сотқа беру құқығы болды [31, б. 354]. Дала облыстарының генерал-губернаторлары патшаның өкілдері сияқты болды. «Дала облыстарын және Түркістан өлкесін басқаруға арналған нормативтік-құқықтық актілер губернаторларға шексіз өкілеттіктер берді (қаржылық, жазалаушылық). Генерал-губернаторға әскерлер қозғалысына және басқа болжанбаған шығыстарға арнап жыл сайын сметадан 200.000 рубль аванспен босатылып отырды. Осы қаражат сондай-ақ далада тәртіп сақтау үшін де пайдаланылды. Сондықтан генерал-губернатор жергілікті адамдар алдында «жартылай патша» болды» [72, б.33].

Жаңа ережеге сәйкес жалпы заңдар бойынша қазақ халқының жауапкершілігі күшейтілді. Құжаттың 141 бабында былай деп жазылған: «Жергілікті адамдарға жататын тұлғалар төменде келтірілген келесі қылмыстар үшін жалпы негізде жауапкершілікке тартылады: 1) христиан дініне қарсы; 2) мемлекеттік; 3) басқару тәртібіне қарсы; 4) мемлекеттік және қоғамдық қызмет бойынша; 5) мемлекеттік және земстволық міндеттіліктер туралы қаулыларға қарсы; 6) қазынаның мүлкі мен

